

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

Меруерт Егізбаева

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ  
ДӘСТҮРЛІ  
МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2012

ӘОЖ 39(=512.122) (574.4)

Е 22

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі;  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы  
ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және  
жаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжілісі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 28 қаңтар 2012 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы **А.У. Тоқтабай**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ж.Б. Құндақбаева**  
тарих ғылымдарының кандидаты **А.К. Кистаубаева**

**Егізбаева М.**

Е 22 Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 152 б.  
**ISBN 978-601-247-407-581-4**

Оқу құралында қазақ халқының материалдық мәдениетіне жататын дәстүрлі баспанасы, киім-кешегі және тағамына байланысты мәселелер қарастырылады. Баспана түрлерінің қалыптасу кезеңдері, салыну тәсілдері мен техникасы, құрылыс материалдары және киім түрлері, оның жастық, жыныстық айырмашылықтары, жасалу технологиясы сияқты мәселелер жан-жақты зерделенеді. Сонымен қатар қазақ халқының тағамдану жүйесі шаруашылық жүйемен байланыстырыла отырып, ұлттық тағамдардың түрлері, оның ішінде ет, сүт тағамдарының маңыздылығы және дәнді-дақыл өнімдері мөлшерінің біртіндеп артуы сараланады. Кітапта тамақтану жүйесіндегі ас қабылдау мәдениеті, этикет, тағамның адам өміріндегі орны туралы айтылады.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, этнология пәнінен дәріс беретін оқытушыларға, зерттеушілерге арналған.

**ӘОЖ 39(=512.122) (574.4)**

ISBN 978-601-247-407-581-4

© Егізбаева М., 2012  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

## КІРІСПЕ

Халықтың өмір салты мен тұрмысында басты элементтердің бірі саналатын дәстүрлі материалдық мәдениет мәселесі этнология ғылымында аса маңызды зерттеу объектісі болып табылады. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің орнығуы халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың деңгейіне, географиялық ортасына, сонымен қатар халықтың тарихи тағдырымен тығыз байланысты болды. Дәстүрлі материалдық мәдениет түрлерінің сырт бейнесіне, сипатына аталмыш кезеңдегі және сол аймақтағы саяси жағдайлардың, отбасы мен қоғамдық өмірдегі өзгерістердің де ықпалы болғандығы даусыз.

Еуразия даласының қомақты бөлігін алып жатқан қазақ халқының мәдениетінің біртұтастығы, бірегейлігі көптеген зерттеушілердің назарына ілікті. Жалпы халық мәдениетінің біркелкілігі оның ілкідегі мемлекеттілігінен бастау алып, ғасырлар бойы қоғамдық-әлеуметтік, саяси, технократтық өзгерістермен байланыста жүргізілетіндігі белгілі. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің (баспана, киім, тағам) қалыптасуын түсіндіруде М.Г. Левин, К.В. Чистов, Н.Н. Чебоксаревтар ұсынған «шаруашылық мәдени тип» (осыдан былай – ШМТ) қағидасы көп мәселенің басын ашуға арқау болады. ШМТ дегеніміз – белгілі бір табиғи-географиялық жағдайдағы халықтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне сәйкес қалыптасқан шаруашылық пен мәдениеттегі ерекшеліктердің табиғи-тарихи жүйесі (Левин, Чебоксарев, 1955, 3-18 б.). ШМТ-ның қайсысы болсын табиғи ортамен болатын қоян-қолтық байланыс барысында біртекті этникалық нышандарды бойына жинайды. Осыдан келіп этникалық бітім айқындалып, сан-салалы мәдени айғақтар саралана бастайды. Осы орайда, оның екі жақтылығы, яғни табиғат пен адам тарихтарының бір-бірімен өте тығыз сабақтастығы және өзара

себеп-салдарлық байланысы маңызды орын алады. Этникалық дәстүрдегі шаруашылық болмысы материалдық және рухани мәдениеттің оңтайлы сұлбасын жасайды. Осындай факторлар мен даму бағдарына байланысты оның тарихи-этнографиялық аймағы дараланады (Андрианов, Чебоксарев, 1972, 3-17 б.). Бұған, әрине, қоғамдық саяси даму тенденциялары да үлкен әсер ететіндігі белгілі.

Сондай-ақ материалдық мәдениет мәселесі сол халықтың нығаю дәрежесінің айқын көрінісі де бола алады деп айтуға болады. Себебі қазіргі Қазақстанның байтақ территориясы сонау ерте замандардан бері елдің мәдени-экономикалық жағдайына өзінің әсерін тигізген қоғамдық ірі қозғалыстардың арнасы болды. Бұған парсы патшалары Ахеменидтер мен Александр Македонскийдің әскерінің басып кіруі, ғұндардың қоныс тебуі, арабтардың жаулап алуы, моңғолдардың шапқыншылығы, Темірлан соғыстары, жоңғар шапқыншылығы, феодалдардың үздіксіз болып тұрған өзара соғыстары сияқты тарихи оқиғалардың барлығы қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениетінің қалыпты дамуына үнемі кедергі келтіріп, Қазақстанның жергілікті тайпалары мен халықтарының мәдениет ескерткіштерін құртып жоғалтумен қосарланып отырды.

Осы тарихи ауыр жағдайларға қарамастан, Қазақстанның территориясында қазақ халқының және осы территориядағы оның алдында жасаған тайпалардың, әртүрлі тарихи кезеңдеріне жататын мәдениеттің көптеген ескерткіштері сақталған. Өзінен бұрынғылардың мәдени мұраларын пайдалана отырып, қазақ халқы көп ғасырлар ішінде баспана үлгілерін жасаумен қатар, дәстүрлі киім, тағам сияқты материалдық мәдениет түрлерін одан әрі дамытып, жетілдірді.

Аталмыш мәселелерге байланысты оқу құралының алдына қойған мақсаты – дәстүрлі тұрақтар мен тұрғын үйлердің, шаруашылық құрылыстар түрлерінің әртүрлі тарихи кезеңдердегі негізгі белгілері, бұрынғы және қазіргі кезеңдегі ұлттық киімдер мен әшекейлердің ерекшелігі, дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі тамақтану жүйесінің және ыдыс-аяқтардың дамуын қарастыру.

Осы мақсатты негізге ала отырып, оқу құралының алдына төмендегідей міндеттер қойылады:

– әртүрлі тарихи және қазіргі кезеңдегі қазақ этносының материалдық мәдениетіндегі негізгі теориялық жағдайлары және мәселелерімен таныстыру;

– қазақ халқының материалдық мәдениетінің зерттелу деңгейін оқытып үйрету;

– елді мекендегі, тұрғын үйдегі, үй жиһаздарындағы, ұлттық киімдегі, әшекей бұйымдардағы, тағамдағы, тамақтанудағы тайпалық, этникалық, жастық және басқа негізгі ерекшеліктерді қарастыру;

– дәстүрлі материалдық мәдениеттің элементтерімен байланысты негізгі әдет-ғұрыптармен және салттармен таныстыру.

Бұл пән «Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы», «Этнография», «Археология», «Қазақтардың рухани мәдениеті», «Мәдениеттану» және т.б. пәндермен сабақтас болып келеді.

Оқу құралы студенттерді қазіргі ұғымдық-категориялық аппаратпен таныстыруға, қазақтардың мәдениеті мен тұрмысындағы мәселелер бойынша жан-жақты және логикалық-жүйелі бағыт-бағдар алуға мүмкіндік береді.

## I ТАРАУ

### **Қазақстан территориясындағы қоныстар мен тұрғын үйлердің көне дәуірдегі, орта ғасырдағы, жаңа және қазіргі замандағы дамуы**

#### **1.1 Мәселенің деректері мен тарихнамасы**

Қазақ даласы туралы жазба деректер патшалық Ресейдің отарлау саясатына байланысты көбейе түсті. Орыс отаршылары қазақ жеріне ерте кезден-ақ көз тіккен болатын. Сондықтан да бұл жерлерде өздерінің экономикалық, саяси байланыстарын нығайту және сауда қатынасын жақсарту мақсатында өздерінің өкілдерін, саяхатшыларды, елшілерді, сауда керуендерін қазақ жеріне аттандырып, отарлау мақсатына пайдаланды. XIX ғ. II жартысында патша өкіметі жергілікті халықтарды зерттеуді бұрынғыдан да күшейте түсіп, отарлық бұғауға түскен халықты одан әрі құрсауға түсіріп, қыса түсу үшін екі дүркін реформа жариялап, алдымен хандықты (1822 ж.), кейіннен аға сұлтандықты (1868 ж.) жойды.

Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін қазақ даласы кең-байтақ Ресей империясының бір бөлігіне айналды. Ресей империясы дала халқын өз мүддесіне сай басқарудың аймақтық ұстанымдарын шешуге кірісе бастады. Елді әкімшілік-территориялық жағынан басқару үшін сол елдің тарихын, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқын білу қажет болды. Отарлық езгіні күшейтіп, өзінің билігін одан әрі нығайту мақсатында орыс өкіметі жергілікті жерлердің географиялық картасын жасап, көршілес мемлекеттермен аралық шекараларын белгілеу, сонымен бірге өлкенің ұлттық және ұлыстық құрамын анықтап,

халықтардың қонысын, санын, кәсібін, тұрмыс-салтын зерттеуге көп мән бере бастады.

Міне, осы мақсатпен қазақ даласына аттанған саяхатшылар мен зерттеушілердің, ел арасынан әртүрлі жолдармен мәліметтер жинаған патша шенеуніктерінің жазба деректері толық зерттеулерге, таза ғылыми еңбектерге жатпаса да қарастырылып отырған мәселеге қажетті мағлұматтар береді.

Ресей Ғылым академиясының мүшесі П.С. Паллас арнайы экспедиция құрып Батыс Сібір және Орал, Орынбор өңірлерін зерттеп, нәтижесінде «Путешествие по разным провинциям Российской империи» деген еңбегін жазды. Сондай-ақ И.Г. Георги де қазақтарға байланысты еңбегін жазды. Алайда бұл еңбектерде авторлар баспананың тек сол кездегі бейнесін суреттеп, бір ауданнан ғана байқағандарын бүкіл Қазақстанға тән деп көрсетеді. Қазақ баспанасының ішінде толығымен суреттелген түрі – ол киіз үй. Әсіресе Крассовский, Зеланд, Краснов, Костенко еңбектерінде киіз үй толығымен суреттелген. Киіз үйге арналған мақаланың бірі – П.Е. Маковецкийдің 1893 жылы Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жазбаларында жарық көрген, Солтүстік Қазақстан материалдары бойынша жазылған «Юрта» деген мақаласы. Мақалада автор киіз үйдің құрылысы мен ішкі жиһаздарын толығымен сипаттап шыққан, алайда оның тарихы мен аймақтық ерекшеліктеріне тоқталмаған. Сондай-ақ қазақ киіз үйі туралы мәліметтер белгілі түрколог ғалым, түркі халықтарының этнографиясының білгірі В.В. Радловтың «Из Сибири» атты кітабында баяндалған.

XIX ғ. екінші жартысында қазақтар жөніндегі орыс және Батыс Еуропа деректерін бір жүйеге келтіріп, қазақ халқын этнографиялық зерттеудің үлгісін бірінші рет жасаған орыс ғалымы А.И. Левшин болды 1882 жылы оның атышулы монографиялық еңбегі жарыққа шығады. Бұл еңбек баспадан шыққалы бері осы уақытқа дейін қазақ өмірін зерттеп жүрген зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес.

1903 жылы Қазақстан мен Қытай шекарасындағы Зайсаннан өтіп Қара Ертісті өрлей, одан әрі Өрмегейтіні асып, Батыс Моңғолияны аралап, қайтарында Қосағаш арқылы қайтқан Г.Е. Грумм-Гржимайло «Западная Монголия и Урянхайский

край» атты үш томдық еңбек жазды. Осы кітаптың 2-кітабының III томында абақ-керей, наймандардың баспанасы, әсіресе киіз үйі жөнінде баяндайды.

Отырықшы баспана түріне байланысты мәліметтер киіз үймен салыстырғанда аз кездеседі. Ең алғашқы мәліметтер XIX ғ. ортасына жататын әдебиеттерден қысқаша болса да кездесе бастайды (Ханыков, Гейнс, Крассовский және т.б.). Отырықшы баспана туралы толығырақ мәліметтер XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басына жататын еңбектерден кездеседі. Бірақ бұл баспананың түрі Қазақстанның аймақтары бойынша толық ашылып қарастырылмаған.

Батыс Қазақстанның баспаналар түріне тоқталсақ, Торғай облысы қазақтарының баспанасы жөнінде осы өңірдің болысы Б. Дауылбаев өзінің мақаласында қысқаша айта келіп, тұрақты баспаналардың жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын айтады.

Ақмола облысының қазақтарының тұрақты баспаналары туралы И. Словцов, Ю. Шмидт, Л. Берг, П. Игнатовтардың қысқаша мәліметтерімен қатар В. Шнэнің көлемді мақаласын айтуға болады. В. Шнэнің мақаласында XIX ғ. 80-жылдарында аталмыш өңірде болған қыстау түрлері, құрылыс техникалары, жоспарлау, шаруашылық құрылыстары, тіпті олардың құны туралы мәліметтер келтірілген.

Шығыс Қазақстан бойынша қысқы баспана түрлері жайында қызық мәліметтерді Н. Коншин мақалаларынан алуға болады. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Семей өңірінде өмір сүріп, қазақтардың өмір-тіршілігімен етене танысқан Н.Я. Коншин сол өңірдегі қазақтардың ауылдарын аралап, құнды деректерді жазып қалдырып кетті. Оның «Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области» деген еңбегі, «По Усть-Каменогорскому уезду», «Краткий исторический очерк Семипалатинского края», «К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области в оседлое состояние» және т.б. мақалалары Қазақстанның шығыс өңірін жайлаған қазақтардың тұрғын жайлары, шаруашылығына қатысты мағлұматтарға толы.

Орыстың белгілі саяхатшысы Г.Н. Потанин өзінің саяхаттарының нәтижесінде жазылған «Очерки Северо-Западной Монголии» атты еңбегі мен мақалаларында сол кездегі қазақ



баспанасына қатысты деректер қалдырған. Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын терең зерттеген Орыс Географиялық Қоғамының Батыс Сібір бөлімі және осы бөлімнің Семей бөлімшесінің жазбаларында жарияланған мақалалар ішінде де Қазақстанның шығыс өңірі қазақтарына байланысты мақалалар біршама. Солардың бірі Г. Катанаевтың «Прииртышские казаки и киргизы Семипалатинского уезда в их домашней и хозяйственной обстановке» деген мақаласы. Бұл мақалада өңір қазақтарының заттай мәдениетіне, яғни баспанасына, киіміне, тағамына қатысты мағлұматтар келтірілген. Еңбек осы аймақты мекендеп отырған қазақтардың заттай мәдениетін көршілес қазақ және орыс қоныстанушыларымен салыстырмалы түрде жазылған. Мақала арқылы орыс қоныстанушыларының өңір қазақтарының мәдениетіне, өмір-тіршілігіне тигізген әсерін көре аламыз. Г. Катанаев бұл мақаласында жергілікті қазақтар мен казактар арасындағы мәселені қозғай отырып, автор олардың тұрмысы мен мәдениетіндегі бір-біріне тигізген ықпалдарын нақты деректер арқылы көрсетеді. Сонымен қатар А.К. Гейнс, Г.Н. Потанин, Н. Пахомовалардың мақалаларында да осы мәселе қарастырылған.

Қазақстанның оңтүстігіндегі тұрақты баспаналар туралы мәліметтер әдебиеттерде аз кездеседі. А.П. Краснов, Н. Зеландтың мақалаларында тек «үйшік», «жертөле» сияқты баспана түрлері туралы қысқаша айтылған. Қарастырылып отырған мәселе бойынша Сырдария қазақтары туралы мәліметтер тіптен аз.

Баспана туралы құнды деректер ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басында Переселендік басқарманың ұйымдастыруымен қазақ шаруашылығын зерттеген экспедиция материалдарында кездеседі. Бұл материалдарда осы кезеңдегі Қазақстанның барлық аймақтарындағы тұрақты баспаналардың саны, құрылыс материалдары жөнінде статистикалық мәліметтер келтірілген.

Революцияға дейінгі әдебиеттердің ішінде қазақтың баспана мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеуге тырысқан автор Н.Н. Харузин болды. Ол өзінің еңбегінде түркі және моңғол тілдес халықтар баспанасының жалпы тарихын зерделеуге тырысты.

Революцияға дейінгі еңбектердің құндылығы олар еңбектерін тікелей ел арасынан өздері жинаған мағлұматтар негізінде жазған.

Революциядан кейінгі кезеңде қазақтың баспанасы туралы

материалдар 1920 жылдарда жарық көре бастады. Б.А. Куфтин қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы жөніндегі әдебиеттер мен музей коллекцияларының мәліметтеріне сүйене отырып, өзінің монографиясында кейбір терминдерге тоқталып, қазақ және моңғол киіз үйлеріне салыстырмалы анализ жасауға тырысады.

1926-1927 ж. Шығыс және Батыс Қазақстанда С.И. Руденконың басшылығымен болған экспедициялық зерттеу комиссиясының материалдарында жарияланған деректер өте құнды. С.И. Руденконың «Очерк быта северо-восточных казахов» еңбегінде Шығыс Қазақстан қазақтарының материалдық мәдениетіне, әсіресе баспанасы, киім-кешегі, тағамына айрықша мән берген. Осы экспедиция мүшесі А.Н. Глуховтың мақаласы қазақтың әлім және адай руларының тұрақты баспана түрлеріне арналған.

Жетісу қазақтарының баспанасы туралы қызықты мәліметтерді 1926 жылы Н.А. Баскаков жинақтап, осы материалдардың негізінде көшпелі және тұрақты баспана түрлері, баспана иесінің қоғамдағы әлеуметтік орны туралы мақала жазып шықты. Сонымен қатар Ә.Х. Марғұлан да қазақ киіз үйіне ерекше тоқталып, ол туралы халықаралық конгресте «Казахская юрта и ее убранство» атты баяндама жасады.

Соғыстан кейінгі жылдарда жандана түскен археологиялық зерттеу жұмыстары қазақ халқының баспанасы туралы түсінікті мүлдем өзгертті десек те болады. Археологиялық деректерге сүйене отырып, ғалымдар Қазақстан жерінде тұрақты баспананың өте ертеден бар екеніне көз жеткізді. Ең ерте кезеңге жататын деректер қола ғасыры мен ерте темір дәуіріне жатады.

Қазақстанның көне материалдық мәдени ескерткіштерін, оның ішінде архитектура ескерткіштерін зерттеу ісіне кеңес ғалымдары А.Ю. Якубовский, М.Е. Массон, С.П. Толстов, Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам, С.И. Руденко және басқалар бағалы үлес қосты. Әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде бұл салада ғылыми-зерттеу жұмысы кең өріс алды. Ә.Х. Марғұланның «Ертедегі Қазақстанның қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», Т.К. Бәсеновтің «Сам аймағындағы архитектуралық ескерткіштер», М.М. Меңдіғұловтың «Маңғыстау түбегі мен Батыс Үстірт архитектура ескерткіштері», Г.Г. Герасимовтың «Орталық Қазақстандағы Қаракеңгір өзенінің архитектуралық

ескерткіштері» деген кітаптары және көбінесе Қазақ КСР Ғылым академиясының Хабарларында» жарияланған бірқатар мақалалар, соның ішінде тарихи теориялық маңызы бар Г.А. Пугаченкованың бірнеше мақаласы басылып шықты.

Орта ғасырдағы Қазақстан территориясында болған баспана түрлері туралы археологиялық мәліметтер қазақ жерінде болған саяхатшылар мен тарихшылардың қалдырған деректерімен толыға түседі.

1950 жылдардан бастап Қазақстанның аймақтарына этнографиялық экспедициялар ұйымдастырыла бастады. Осы экспедициялардың есебінде осы кезеңге жататын баспаналар туралы мәліметтерді алуға болады. Қазақстанның шығыс өңірі қазақтарына байланысты Х.А. Арғынбаевтың мақаласында қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінде орыстармен қатынас нәтижесінде пайда болған өзгерістер туралы баяндалған.

1967 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімі қызметкерлерінің «Культура и быт казахского колхозного аула» деген ұжымдық монографиясы жарық көрді. Қазақ халқының материалдық мәдениеті жөнінде В.В. Востров пен Х.А. Кауанованың «Материальная культура казахского народа на современном этапе» деген монографиясында қазақ жұмысшыларының материалдық мәдениетіндегі өзгешеліктерді алғаш осы кешенді зерттеуден байқаймыз. Алайда сол кездегі социалистік тұрмыс қалпын мадақтау сияқты идеологиялық стереотипке байланысты бұл еңбектерге сын көзбен де қарауымыз керек.

В.В. Востров пен И.В. Захарованың бірлесіп қазақтардың отырықшы баспанасына қатысты жарыққа шығарған монографиясы – ерекше еңбек. Бұл еңбекте тұңғыш қазақ ұлттық баспанасының тарихи-хронологиялық кезеңге созылған көптеген түрлеріне жан-жақты сипаттама беріледі. Аталмыш еңбектен көшпелілердің барлық баспаналарына және басқа да аймақтық жергілікті түрлеріне қатысты нақты сипаттама ала аламыз.

Бірнеше жылғы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде Қазақстан территориясын ерте кезеңдерден бастап XV-XVI ғ. дейінгі аралықта мекендеген тайпалар мен халықтардың материалдық мәдениеті туралы А.К. Ақышев пен К.М. Байпақовтың

«Вопросы археологии Казахстана» атты монографиясы жарық көрді.

Сонымен қатар М.С. Мұқановтың қазақ киіз үйіне байланысты жазылған еңбегінде ғалым киіз үй құрылысындағы және қолданбалы қолөнердегі өрнектердің аймақтық ерекшеліктері жайлы мәліметтерді енгізе отырып, бірқатар мәдениеттер байланысын және қазақтың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Белгілі ғалым С.Е. Әжіғалидың еңбектері, соның ішінде батыс қазақтарының мемориалдық-ғұрыптық сәулет өнерінің шығу тегіне байланысты жазылған «Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана» атты монографиясының басты ерекшелігі көптеген жылғы экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде ежелгі, орта ғасыр, жаңа және қазіргі кезеңдегі тарихи-сәулет ескерткіштері ғана емес, Арал-Каспий өңірі тарихының қайнар бастауын жан-жақты зерттеген.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Төңкеріске дейінгі баспана мәселесіне байланысты зерттеулерге тоқталыңыз.
2. Төңкерістен кейінгі кезеңдегі дәстүрлі баспанаға қатысты зерттеулерді зерделеніз.
3. Соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ халқының баспана мәселесін зерттеудің жандануы.
4. В.В. Востров пен И.В. Захарованың «Казакское народное жилище» атты еңбегіне саралау жасаңыз.
5. Қазіргі кезеңге жататын зерттеулерге талдау жасаңыз.

### **1.2 Қазақстан территориясындағы көне дәуірлердегі қоныстар мен тұрғын үйлер (тас ғасырының қоныстары мен баспаналары және қола дәуірінің тұрғын үй мен қоныстары (б.д.д. XIII – VIII ғ.))**

Археологиялық деректерге сүйенсек, ерте кезеңде адамдар табиғи паналарды баспана ретінде пайдаланғанын көруге болады. Оған мысал ретінде Қазығұрт, Қаратау, Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау өңірлеріндегі үнгірлерді айтуға болады.

Қазақстан жерінің барлық аймақтарынан палеолит тұрақтарын кездестіруге болады. Мысалы, Орталық Қазақстан аумағының палеолит ескерткіштеріне бай болғанын (Жаман-Айбат,

Қосмола, Қызылжар, Вишневка, Өгізтау, Батпак, Қарабас, Көктүн-көл көлінің аумағында (Жаңа-Арка ауданы), Сары-су, Жезді өзендері бойында, Талпак тауларында (Баянауыл ауданы), ал Оңтүстік Қазақстанда шель-ашель дәуірінің тұрақтарының көптеп болғандығын (Тоқалы, Қызылрысбек тұрақтары) қазба жұмыстары көрсетеді. Шығыс Қазақстандағы тұрақтардан Ново-Бухтарма үңгірлерін, Шүлбі, Қанай тұрақтарын атап өтуге болады.

Бізге жар астында немесе үңгірге кіре беріс тұста тұрақты ошағы бар қарапайым баспаналар, тұрақ-шеберханалар, шеберхана-тасқашау орны, маусымдық аңшылық қоныстары, аңшылық уақытша лагерьлер жеткен. Неандерталь адамы климаттың ылғалдылығы мен күннің суыту жағдайында күрке түріндегі баспананы тұрғызды, ол шағын дөңгелек жертөле қазып, бұлардың қабырғасын жерге қазылған жануарлар сүйегімен бекітті, жануарлар сүйектерінен ірі баспаналар көтерді. Ұзақ уақытқа арналған баспаналардың тұрғызылуы адамдардың тұрмыс салты мен қоғамдық ұйымдасуында елеулі өзгерістер болғандығын көрсетеді. Сол заманда-ақ жартылай отырықшылық тұрмыс салты қалыптасқандығы жайлы айтуға негіз бар. Терімшілікпен айналысқан адамдар ұжымның бір бөлігі (әйелдер, балалар, қарт кісілер) тұрақты баспанада тұрды, ал келесі бір бөлігі аңшылар тобына немесе отрядтарына біріккен ер адамдар олжа іздеп көшіп жүрді және анды қаумалап ұстауға ыңғайлы орындарда уақытша лагерь тікті.

Аталмыш кезеңнің тұрақтары екі тәсілмен жасалған. Бірінші түрі табиғи жерлерде жасалса, екіншісі ашық алаңдарда орнатылған. Осы екі тәсіл де адамның ежелгі баспанасының жасалу жолдарын көрсетеді. Олар үңгірлердің есігі оңтүстік, оңтүстік-шығысқа қарағанын қалайтын болған. Себебі есіктің осылайша орналасуы жылдың суық мезгілдерінде жылууды жақсы ұстайтын болған. Бұған мысал ретінде Қазығұрт, Ұлытау, Қаратау, Баянауыл, Қарқаралы үңгірлерін келтіруге болады. Үңгірлердің ішкі қабырғалары тегістеп өңделіп, ал төбесі күмбезделген. Кейбіреулерінің күмбездерінде аңдардың, адамдардың бейнелері, геометриялық фигуралар (Баян-Ауыл кешені үңгірлерде, Қарағанды облысындағы Тесік тас, Шығыс Қазақстан облысы Бұқтырма), т.б. салынған.

Алғашқы қолдан жасалынған баспаналардың (күрке) іздері бізге жоғары палеолит дәуірінен жетті. Оған құрылыс материалдары ретінде ағаш бұтақтары және қадалар пайдаланылған. Шеңбер түрінде қойылған қадалардың жоғарғы жағы бір-біріне байланған, конус тәрізді шатыр түрінде болды. Мұндай баспаның қаңқасы жануардың терісімен, ағаш бұтақтарымен немесе шөппен жабылып, үсті қалың топырақ қабатымен үйілді. Суық желден қорғану үшін күркенің етегі ірі тастармен көмкерілді. Жан-жағы тастармен қоршалған ошақ баспананың ортасында болды. Түтін шығу үшін күркенің жоғарғы жағынан тесік қалдырылды.

Археолог ғалымдардың пікірінше, бұл кезеңде құрылыс мәдениетінің екі маңызды жетістігіне, яғни үңгір өңдеу ісі мен қолдан жасалған баспанаға қол жеткізілді.

Кейінгі палеолитте, әсіресе оның климат суыған бірінші жартысында, адамдардың қоныстары кішігірім қырдың төбесіне жақсылап салынған баспаналар болды; бұлардың орнынан археологтар баспаналардың тіреуіштері қазылып орнатылған көптеген шұңқырларды және көп от жағылған жерлерді тауып жүр. Неолит дәуіріндегі құрылыс саласындағы негізгі материал тас болды.

Неолит дәуіріндегі Қазақстан тайпаларының заттай мәдениеті Батыс Сібір, Зауралье, Приуралье мәдениетімен тығыз байланысты болды. Неолит мәдениетінің Қазақстан территориясында көптеген тұрақтары табылды. Атап айтсақ, Солтүстікте – Пеньки, Усть-Нарым, Малокрасноярское, Орталық және Батыста – Қараторғай тобы, Шатпакөл, Құлсары I-V, Сарықамыс, Шығыста – Сатшықыз ауылының жанында, Оңт.-батыста – Сексеуіл I, Ағеспе, т.б.

Неолит және қола дәуіріндегі жасалған құрылыс қалдықтарына қарай отырып, осы кезеңде кеңістік пен көлем туралы ұғымның қалыптасқандығына саралау жасай аламыз.

**Қола дәуірінің тұрғын үй мен қоныстары (б.д.д. XIII – VIII ғ.).** Қола дәуіріне жататын Андронов мәдениетінің өкілдері – андрондықтар өздерінен кейін үлкен мұра қалдырды. Олар рудниктер, қоныстар, жерлеу құрылыстары болып табылады. Андрондық тайпалардың негізгі қонысы Орталық Қазақстан территориясы болды және олар бұл жерде 30-ға жуық қоныс және 150 жерлеу орнын қалдырған.

Андрон мәдениетіне жататын көлемді қоныстарға Атасу, Жамбай-Қарасу Бұғылы I, Шортанды-Бұлақ қоныстарын жатқызуға болады.

Жан-жақты зерттелген Орталық Қазақстандағы ең ірі қоныстардың бірі болып табылатын **Атасу қонысында** (көлемі – 1500 м.кв.) 35 тұрғын және шаруашылық құрылыстары табылып, оның 22-сі тұрғын үй құрылыстары екені анықталған. Атасу қонысындағы тұрғын үйлердің жобасы не шаршы, не тікбұрышты ұзын болып келеді. Үйдің қабырғалары жалпақ гранит плиталармен қапталған. Үштен бір бөлігі жерге кіріп тұр. Қабырғасы гранит таспен қапталған мұндай үйлер Орынбор облысында, Қиымбай және Үшқатты деген өзен бойында табылған.

Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне жататын ең ірі қоныстардың тағы бірі – **Бұғылы** қонысы. Қоныс территориясында бірнеше үйдің контуры байқалған. Үйдің қабырғасына қаптап қойған гранит тастардың ұшы жер бетіне 5-10 см шығып тұрған. Ғалымдар осы қоныстың екі жер кепесін қазған.

Мұндағы үй тікбұрышты формалы, оңтүстіктен солтүстікке созылып жатыр. Көлемі – 7x5 м. Үйдің қабырғалары ірі тас блоктардан қаланып, үлкен гранит плиткалармен қапталған. Жалпақ гранит тастар қабырғалармен сыртқа қарай шалқайта қойылған. Оңтүстік қабырғасын сырт жағынан тас блоктар, плиталар басып жатыр. Шығыс қабырғасы тастардан өте ұқыпты, бірінің үстіне бірі жиылып қаланған.

Бұл қоныста ошақтар есікке жақын орналасқан. Ошақтың есікке жақын орналасуы соңғы кездердегі қазақтарда кездескен. Соның арқасында көктемде және жазда үйдің температурасыылғи бір қалыпты болып тұрады.

Ал андрондықтардың мәдениетін жалғастырушы **Беғазы-Дәндібай мәдениетінің** тұрғын үйлері бірнеше бөлмелі болды деп айта аламыз. Бұл уақытта қабырғалары тастан қаланған баспаналар тарала бастайды. Тағыбайбұлақ қонысында алты тікбұрышты баспана болды. Үйлердің қабырғалары қаз-қатар жерге қазылып кіргізілген тақта тастардан тұрғызылып, олардың аралары топырақ аралас майда тастармен толтырылған. Орталық Қазақстанның таулы аудандарындағы баспана құрылысында

ағаштар кеңінен пайдаланылды. Жертөлелер қабырғасы ағаш кеспелтекпен жабылды, ал төбесі ағаш бағаналар жүйесіне тірелді.

Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің қоныстарының бірі – **Қанай қонысында** шаруашылық құрылыстары да, жартылай жер қабырғалар арқылы салынған, жерден қазып тереңдетілген. Шұңқырдың кейбіреулерінде, біршама тереңдетілгендерінде шіри бастаған ағаштың қалдықтары сақталынып қалған. Бағаналар қабырға бойлай орналасып, оның негізін қалап тұрған.

Шығыс Қазақстандағы **Малокрасноярск қонысынан** жапсарластыра салынған қора-қопсылары, жер астындағы құрылыстары бар екі тұрақжай ашылды. Тұрақжайдың қабырғалары тіп-тік, еденіне қарақоңыр күлмен араластырған топырақ төселінген. Тұрақтың алаңының көп жерінде бағаналардан қалған шұңқырлар болды. Тұрақжайдың ортасында гранит плиталардан қаланған ошақ орналасқан. Тұрақжайдың солтүстік-шығыс қабырғасына екі шаруашылық құрылысы жапсарластыра салынған. Бұлар формасы жағынан дәліз іспетті, бейне бір жабық аула сияқты. Екі құрылыс та күрке тәрізді жабылған.

Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріне жататын **Алексеевское қонысы**, негізінен, бірнеше жеркепелерден тұрады. Қазба барысында анықталған жеркепелер үлкен тұрғын үйлердің болғандығын және мұндай үй орындары үлкен отбасыларға арналғандығын дәлелдейді. Барлық зерттелген жеркепелердің сыртқы формасы тікбұрышты, бұрыштары доғал, қабырғалары еңістеу болып келген. Алексеевское қонысының жеркепелерінің шатыры екі жақты (қырлы) немесе дөңгелек (қазақ үй) түрінде болған. Жеркепелер шаруашылық және мал қамайтын орындарға бөлінген.

**Шағалалы қонысы** Көкшетау облысындағы Шағалалы өзенінің жағалауынан табылып, оған 1964-1967 ж. Ә.М. Оразбаевтың жетекшілігімен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген.

Мұндағы тұрғын үй қабырғалары бөренелерден жасалған. Табылған жеркепенің төбесі (шатыры) екі қырлы болып келген және ол бөренелермен тірелген, едені тегіс, сарысұр түсті топырақпен сыланған. Жеркепелердің қабырғалары ағаш бөренелерден жасалған және олардың арасын күл мен топырақ араласқан қоспамен толтырған.



Шағалалы қонысындағы тұрғын үй орындарын формасы мен қолданылуына қарай үш топқа бөлуге болады. Олар: тікбұрышты формалы, шатыры еңістеу үйлер; қазақ үй тәріздес түрде ағаш бөренелерден жасалған, төбесі шатырлы (қазақ үйдің төбесі сияқты) үйлер; сегізбұрышты формалы, дәліздермен байланысатын жеркепе тәріздес үйлер тобы. Мұндағы тұрғын үйлерді жылыту үшін ағаштар, малдың тезектері мен қиларын пайдаланған.

Ерте қола дәуірінде Еуразия даласында геометриялық үлгідегі үйлер көптеп салына бастаған, ол қаланың пайда болуына әсерін тигізді. Оған мысал ретінде Қазақстанның Қостанай облысындағы **Арқайым қалашығын** (б.д.д. XVII-XVI ғ.) айтуға болады. Қала жоспары екі тізбекті концентраттық қабырғадан құралған. Мұндағы үйлердің формасы тікбұрышты болып келген. Арқайым үйлерінің қабырғалары үш қабатты болып, екі тізбек ағаш қағылған, ал оның арасы топырақпен толтырылған.

Қола дәуіріндегі тұрақтың төбесінің жабылуы туралы түрлі ғылыми тұжырымдар бар. Мәселен, М.П. Грязнов «тұрақтың төбесі ағаш кесінділерден пирамида түрінде жабылған» деп есептесе, Х.Б. Трубникова «сыңар айтақалы шатыр» жайлы өз ойын ұсынады. Ал О.А. Кривцова-Гракова «тұрақтың төбесі дөңгелек күмбез тәрізді жабылған» дейді. М.И. Артамонов, И.В. Синицын, А.П. Смирнов, Н.Я. Мерперт «қоныстың төбесінің екі жағы да құламалап жасалған шатыр болған» деп бір тоқтамға келсе, К.В. Сальников «қоныс екі немесе төрт сырғымалы шатырмен жабылды» деп есептейді. Н.Ф. Калинин және А.Х. Халиков шатырдың түрлі типтерінің болу мүмкіндігін айтып өтеді, яғни шатыр төрт сырғымалы, екі сырғымалы, бір сырғымалы болуы да мүмкін.

Ғалымдардың осындай зерттеулеріне сүйене отырып, қола дәуіріндегі баспана түрінің жалпы сипатына тоқталсақ, кейінірек, орта және кейінгі қола дәуірінде андронов қоныстары қабырғамен, ормен бекітілген жоқ. Қоныс топографиясы да өзгерді, енді ол жеке тұрған бірнеше үйлердің (10-20-ға дейін) шоғыры болды. Әдетте, олар бір немесе екі қатар болып өзен бойларына жайғасты. Үйдің түрі де өзгерді. Егер ерте кезде үйлер жерге сәл ғана кіріп тұрса, енді олар ауданы 200-300 шаршы метрге жететін

жертөлеге, жартылай жертөлелерге айналды. Тұрғын үйге шұңқырды тас, мүйіз немесе қола кетпендермен, қайламен қазды, олардың іздері тұрғын үй қабырғасында сақталған. Топырақ шетке үйілді, өйткені осылайша баспананы сыздан, әдетте үйдегі жылууды «үрлеп» әкететін дала желдерінен қорғады. Құрылыстың қабырғаларын, бағаналық белдеуін, жабынына ағаштар кеңінен қолданылды. Шатыры екі жаққа еңісетіле жабылды. Ағаш өспейтін далалы және таулы аймақтардағы құрылыстарда тақта тастар пайдаланылды. Онымен қабырға қапталды.

Орталық Қазақстанда, б.з.б. XII-IX ғасырларда, кейінгі қола дәуірінде көбінесе ірі тас блоктарынан көп бөлмелі үйлер тұрғызылды. Мұндай ауданы 500 шаршы метр және одан да үлкен үйлер Бұғылы, Ақбауыр қоныстарынан қазылған. Бұлар қола дәуіріндегі Еуразия далаларындағы ең үлкен тұрғын үйлер.

Бөлмені жылыту және тамақ пісіру үшін диаметрі 0,5-0,8 м, аса терең емес әрі таспен қаланған ошақтар соғылды. Отынға ағаш, бұта, тезек пайдаланылды.

Тұрғын үй бөлмелерінің бірі басқаларына қарағанда өте төмен орналасқан, сірә, мұнда қысты күні мал ұстаған болса керек. Кейде қатар тұрған тұрғын үйлер дәлізбен жалғасып, адамдар тұратын бір кешенді құрады.

Көптеген жүзжылдықтардың бойында қалыптасқан андронов үйлерінің түрі дала мен таулы аудандардағы экологиялық жағдайларға мейлінше бейімделген еді.

Андронов тұрғын үйлерінің дамуын зерттеу нәтижесінде көшпелілердің қарапайымдылығы мен даналығын көрсететін жылжымалы киіз үйінің пайда болуы шешілді. Оны бедуин шатырынан, сібірлік чумнан, шалаштан дамып шыққан деп есептеп келді. Андроновтық Шағалалы, Петровка, Атасу, Бұғылы қоныстарының б.з.б. XII-IX ғасырларындағы мәдени қабатын қазған кезде қаркасты қабырғасы тік кергішке негізделген әрі шарбақталған, түтін шығатын жеріндегі тіреуге бекітілген төбесі конус немесе пирамида тәріздес дөңгелек немесе көп қырлы құрылыстар қазылған. Сондықтан киіз үй ерте кезде шыққан және оның прототипі, прообразы андроновтықтардың дөңгелек жеңіл тұрғын үйі болған деуге негіз бар.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Палеолит дәуіріндегі алғашқы баспаналардың түрлері қандай болды?
2. Тас ғасырындағы тұрақтар мен баспаналар түрлеріне тоқталыңыз.
3. Шығыс Қазақстан қола дәуірі ескерткіштеріне тоқталыңыз.
4. Солтүстік Қазақстан қола дәуірі ескерткіштеріне тоқталыңыз.
5. Арқайым қалашығының құрылыс үлгісі.
6. Андроновшылардың баспана үлгісі қандай болды?
7. Қола дәуірі тұрғын үйлері төбесінің жабылуы туралы қандай пікірлер бар?

**1.3 Тайпалық одақтар мен ерте мемлекеттер (сақтар мен савроматтар, қаңлылар) кезеңіндегі қоныстар мен тұрғын үйлер (б.з.д. VII ғ. – V ғ.)**

Скифтердің баспанасы туралы Геродот: «Олардың үйлері арба үстіне орнатылған «киіз күрке», күркенің іргесі жерге шаншылып, төбесіне барып түйістірілетін ұзын сырғауылдардан дөңгелене жасалған, ол әуелі кезде буылған шөптен, қамыспен соңынан киізбен жабылады», – деп жазған. Бұл мәліметтен киіз үйді баспана ретінде сол замандарда да пайдаланғанын көреміз.

Ерте темір ғасырының ескерткіштеріне, әсіресе обаларына зерттеу жүргізілсе де, жерлеу құрылыстары баспана туралы жанама деректер ғана береді.

Ағаш құрылыстардың жоғары техникалық дәстүрі Іле өзенінің аңғарындағы тайпа атақтыларының әйгілі бесшатырлық мазарларынан, Шығыс Қазақстандағы Шілікті ескерткіштерінен көрінеді. Оңтүстік Қазақстан мен Сырдарияда шикі кірпіштен құрылыс салу техникасы пайда болады.

Бесшатыр кешені Іле өзенінің аңғарында мекендеген Жетісу сақтарының киелі орны болғандығын археологиялық деректер айғақтайды.

Бесшатыр қорымының барлық обаларына біркелкілік тән, олар тастар мен ірі қиыршық тастардан үйіліп, төбесі трапеция тәрізді жалпақ болып келген және етегіне тастар тығыз қиюластырып қаланған. Үлкен обалар құрылымының ерекшелігі – үйінділер етегіндегі ордың терең болуында, обалардың астына кіретін жер осы орлардан басталған.

Мұның бәрі сақ тайпаларында архитектуралық құрылыс тәсілдері мен түрлері өте жоғары деңгейде болғанын көрсетеді,

яғни төрт бұрышты және дөңгелек етіп жоспарлау, тас қалау әдісі, ағаш өңдеу дағдылары мен ағаштан құрылыс салу, құрылыс кезінде ағашты, қамысты, тасты шеберлікпен ұштастыра пайдалана білудің ертеде-ақ орныққанын дәлелдейді. Мұндай құрылыс тәжірибесі мен тәсілдері ғұрыптық ескерткіштерді салуда ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер мен қора-қопсылар салу кезінде де жинақталып, қолданылған болса керек.

Бесшатыр обалары өздерінің көрнектілігімен зор әсер қалдырады. Үлкен обаны тұрғызу үшін ғана елу мың текше метрден астам топырақ, тас, қиыршық тас пайдаланылған, ал оның үстіне қорымнан 3 шақырым жерде орналасқан ең жақын таулардан мыңға жуық тақта тастар мен қойтастар тасып әкелінген.

Ғалымдардың оба үйінділерін зерттеуі бұл үлкен қорғандардың әрқайсысы тастар мен топырақты жөн-жосықсыз текшелеу ғана емес, қайта құрылымы алдын ала ойластырылған сәулетті ғимарат екенін көрсетеді. Топырақтың көп қабат етіп үйілуі оба ішіндегі ағаш құрылысқа қажетті микроклиматты қалыптастырып, ескерткіш-обаның өз сынын ұзақ уақыт сақтауына да әсер еткен.

Үйінділердің көлемі жағынан қорым обалары үлкен, орташа және кіші болып бөлінеді, үйінділердің осы үш тобына қабір құрылыстарының әр алуан түрі: үлкендері мен орташаларына бөренелерден тұрғызылған қабір, киіз үй тәрізді бейіт, ал барлық кіші обаларға жерден қазылған шұңқыр (кейде оған салынған тас жәшік) сәйкес келеді.

Бесшатыр құрылыстарын салуға қажетті бөренелер оба орналасқан орыннан шамамен 200-250 шақырым болатын Іле өзенінің арғы бетінен, Іле Алатауының сілемдерінен әкелінген. Ағаш сол жерде кесілген, бұтақтары мен бұдырларынан тазартылып, жасалған кертпелер арқылы оларды өзенге сүйретіп апарып, салмен құрылыс салынатын жерге жеткізген.

Осы орайда **Шілікті обаларының** архитектурасына да қысқаша тоқтала кетуге болады. Шілікті жазығы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының аумағында орналасқан. Осы кең алқапты оңтүстігінде Тарбағатай, шығысында Сауыр-Сайқан, солтүстігінде Маңырақ таулары қоршап жатыр. Жазы салқын, қысы қарсыз және жылы болып келетін далалы аймақ. Табиғат жағдайы

адам өмір сүруіне өте қолайлы болғандықтан бұл аймақта б.з.д. I мыңжылдықтың өзінде-ақ көне мәдениеттің ерекше өркендеуі болды. Бұл кезде Шілікті даласын сақ тайпалары мекендеген.

Шілікті даласында сақ-үйсін дәуіріне жататын екі жүзден астам ескерткіштер, оның ішінде елу шақты патша және ақсүйек обалары бар.

3-Шілікті обалар тобы Жалши ауылының оңтүстік жағында орналасқан, оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеліп жатыр. Барлығы 17 обадан тұрады.

№1 обаның көлемінің аса үлкендігі бұл обаны басқа ескерткіштерден ерекшелендіреді. Оба үш қабаттан тұрады. Ең жоғарғы қабаты топырақ, шым және құм араласқан қиыршық тастан тұрады. Екінші қабаты үйілген тас оба. Осы тас обаның астында жуан самырсын қарағайларынан қималанып салынған қабірхана бар. Қазба жұмыстары кезінде сыртқы топырақ қабаттың астында тас оба болғандығы анықталды. Тас оба таудың жақпар және өзеннің малта тастарынан үйілген.

Тас обаның тастарын біртіндеп аршу барысында астынан ағаш қабірхана шыққан. Қабірхананың биіктігі – 3 м 50 см, керегелері жуан екі қатар самырсын бөренелерден қималанып салынған. Бөренелер бір-біріне қиылысқан тұсында ойылып тығыз жымдастырылмаған. Сондықтан олардың арасындағы қуыстар таспен толтырылған. Қабірхана ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай орналасқан. Ғимараттың шығыс жақ беті пирамидаға ұқсатып салынған.

Қабірхананың шығыс жағынан үлкен және кіші екі жер асты дәліздері (дромос) жасалған. Оның төбесі көлденең салынған бөренелермен жабылған. Үлкен дәліздің орта шенінің тұсы түгелімен ірі тастармен шегенделіп тасталынған.

Үлкен жер асты дәлізіне тура жанынан кіші дромос салынған. Ол үлкен дромоспен қабірхананың аузына жақындаған жерде қосылады. Үлкен дромос пен кіші дромостың қосылар жерін ұсақ тастармен уақытша қалап тастаған. Бұл жер асты дәлізін адамдар әр кез қабірханаға кіру үшін пайдаланған.

Тарихта белгілі қоныстардың ең ірісі Қызылордадан оңтүстік-батысқа қарай 300 км жерде орналасқан **Шірік-рабад** болып табылады. Қала жұрты биіктігі 15 м төбешікте орналасқан. Оның

жоспары төбешік ауданымен сәйкес, ал төбешіктің ұзындығы – 850 м, ені – 600 м. Анағұрлым ерте кездегі қала бөлігінің ауданы – 42 га, ол екі қатар қабырғамен қоршалған. Орталық бөлігінде ауданы 12,4 га цитадель (ішкі қамал) орналасқан. Қаланың сыртқы қабырғасының қалыңдығы 4,5 м және де ені 4 м, тереңдігі 4,5 м ормен қоршалған. Қабырғасы тікбұрышты келген мұнаралармен күшейтілген.

Қаладан оба мен екі ғұрыптық-діни құрылыс орны қазылған. Диаметрі 60 м, биіктігі 3,5 м үйінді астынан ауданы 7,5x7,5 м, тереңдігі 2,5 м жерлеу камерасы аршылды. Шұңқыр қабырғасы сыланып, сырланған.

Жерлеу құрылыстарының бірі дөңгелек пішінді, оның диаметрі – 38,5 м, сақталған қабырғасының биіктігі – 8,4 м. Қалыңдығы үш метрлік қабырғамен ғимарат ауданы 5,9x5,9 м төрт бөлікке бөлінген. Ішкі кірер есік оңтүстік қабырғада болған. Ғимарат жерлеу камералары ретінде қолданылған. Қабырғалары шикі кірпішпен өрілген. Ішкі жағында шатырды тіреп тұрған ағаш қаңқалары болған. Аталмыш кезеңге жататын Шірік-рабад-2, Баланды 1, 2, т.б. қоныстар мен жерлеу құрылыстары белгілі.

Бесшатыр, Шілікті обалары, Шірік-рабад қонысына байланысты материалдар сақ тайпаларының мәдениеті, оның ішінде олардың баспаналары мен қоныстары туралы түсінікті байыта түседі. Олар көпжылдық тәжірибенің, жоғарыда атап өтілгеніндей, жерлеу қабірлерін салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер салу кезінде де жинақталғанын дәлелдейді. Бұдан сақтар «таза» көшпелі болған жоқ, олар жылдың жылы маусымдарында ғана көшіп, суық түсісімен қысқы тұрғын үйлерінде қыстаған деген қорытынды шығаруға болады. Тұрғын үй салғанда олар ағаш, тас, қамыс, бұта сияқты жергілікті материалды пайдаланған.

#### **Үйсіндер мен қаңлылардың қоныстары мен баспаналары.**

Үйсіндердің алғашқы қонысы Шу алқабынан, Қырғыз Ала-тауының сілеміндегі Луговое ауылы маңынан табылған. Төбе қазу жұмысы жүргізілгенге дейін қабырғалары саздан жұмбаздалып жасалған, едендері балшықпен салынған тұрғын үйлер жәдігерлерін жасырып жатқан еді. Үй еденінен тамақ жасалынған ашық ошақ орындары табылды. Ірі көзелер сынығының көптігі, дәнүккіш тастар мен кетпендер қоныс тұрғындары үй іргесіндегі және

жайылымдық мал шаруашылығын ұштастырып, негізінен, егіншілікпен айналысқындығын айғақтайды. Қазіргі уақытта Шу алабынан Қарабалта, Аламедин секілді бірнеше қоныстар ашылып отыр.

Тянь-Шаньның таулы аудандарында үйсіндердің мекендері көптеген шатқалдарда кездесті. Солардың бірі Ақтас, Кеген қыстағына жақын жердегі Құрайлы өзенінің бойында. Бұл арадан қабырғалары таспен қаланған бес тұрғын үй мен қора-жайлар қалдықтары аршылды. Қыстақ қасынан ежелгі егістіктер орны табылды, олар өзеннен тартылған арықтармен суарылғандығы анықталды.

Қоныс ортасында ауданы 126 м шаршы тікбұрышты баспана орналасқан. Оның ортасынан еденде орналасқан тікбұрышты ошақ аршылған. Қазба кезінде қыш ыдыстардың сынықтары, дәнүккіш, темір орақ секілді құралдар көптеп табылған. Қыстақ қасынан өзеннен тартылған арықтармен суғарылған ежелгі егістік орындары да табылды.

Дереккөздерінде батысқа қарай Қытай астанасынан Шығыс Түркістандағы Ақсу қаласына дейін 8350 ли, ал одан солтүстікке қарай Чигученге дейін 600 ли деп көрсетіледі. Бұл мәліметтерді саралаған зерттеушілер Чигучен Ыстықкөл қазаншұңқырында орналасқан деп пайымдау жасады. Чигуге қосарлана айтылатын «чин» сөзі қытай тілінде «қала», яғни бекініс қабырғаларымен қоршалған елдімекен деген мағына береді. Мұнда тұрақты және жинап алуға жеңіл құрылыстар орналасты. Қытай дереккөздерінің бірінде үйсін билеушісі «киізбен жабылған, дөңгелек баспанада» тұрады делінген, яғни бұл жерде киіз үй жөнінде әңгіме болып отырғанын байқау қиын емес.

Сонымен қатар Қырғызстан археологтары қазір су басып қалған Ыстықкөлдiң оңтүстік жағалауларынан Сарыбұлан атты үлкен қоныстың қирандысын зерттеді. Оны зерттеуге археологтармен бірге суға сүңгуші мамандар да қатысты. Су астында жүргізілген археологиялық жұмыстар барысында үйсіндер мәдениетіне тән құмыра, табақша, қазан, текше ыдыстардың бірегей коллекциясы жинастырылды. Жер бетіне тастан жасалған көптеген құралдар көтерілді. Бұлар – дәнүккіштер, түрлі келсаптар, кетпендер, орақ тәрізді пышақтар, т.б. Әсіресе қоладан жасалған бұйымдар көп. Арасында жебе ұштары, найзаның

төлкелі ұштары, күнді бейнелейтін қапсырмалар, т.б. көптеген заттар бар. Сарыбұлұн ежелгі уақытта көшпелі тайпалар өмірінде маңызды рөл атқарғандығын қоладан жасалған бұйымдар санының көп болуы да айғақтай түседі. Мұнда осы бұйымдар дайындалған шеберханалар орналасуы әбден мүмкін, сол себепті де қоныстың маңызды қолөнер орталығы болғандығы анық. Осының бәрі Сарыбұлұн үйсіндер астанасы Чигученнің қалдығы екендігін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Бесшатыр кешенінің құрылысына сипаттама жасаңыз.
2. Шілікті обаларының құрылысына сипаттама жасаңыз.
3. Шірік-рабад қонысындағы үйлердің құрылысын сипаттаңыз.
4. Сақтар туралы ең алғашқы деректер қандай?
5. Үйсіндер мен қаңлылардың қоныстары мен баспаналары.

**1.4 Ерте және дамыған ортағасырлық қалалар, қоныстар және тұрғын үйлер (VI–XII ғ.)**

Революцияға дейінгі Қазақстандағы құрылыс ісі мен қазақ халқының дәстүрлі баспанасының даму тарихында VII-XII ғ. басты орын алады.

VI ғ. таптық қатынастардың даму процесінің нәтижесінде Қазақстан территориясында ертедегі феодалдық мемлекет – Түрік қағанаты пайда болғаны тарихтан белгілі. Түрік қағанаты VIII ғ. дейін өмір сүріп, ру аралық соғыстардың нәтижесінен құлдырап, батыс және шығыс қағанаттарға бөлінді.

Ол кезде Қазақстан халқының негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болса да, Жем, Жайық, Сырдария, Талас, Шу, Іле, Торғай, Сарысу өзендерінің бойында, Қаратау, Алатау баурайларында және т.б. жерлерде егіншілік те дамыды.

Отырықшы егіншіліктен туған қоныстар Қазақстан территориясында VII ғ. белгілі бола бастады. VII ғ. қарай құрылыс техникасында үйді күмбездеп тұрғызу шығып, құрылыс материалдары ретінде күйдірілмеген кірпіш пен ағаш көбірек қолданылады, ал өрнек ою өнерінде сонау сақ-массагет заманында қалыптасқан оның ескі дәстүрі сақталғанын көреміз.

Айтылып кеткен мәселелерге байланысты осы кезеңде тұрақ-қоныстардың төмендегідей түрлері шығып қалыптасты:



қалалық қоныстар – хандардың (қағандардың) және феодал-бектердің ордaları; керуен жолдарындағы қалалық қоныстар – Қазақстанның отырықшы және көшпелі халықтарының шаруашылық және мәдени қатынастарының орталықтары болған сауда орындары; оқшау тұрған сарай-қорғандар мен жеке қоныстарды өзара байланыстыратын тұрақ ретіндегі керуен сарайлар; шаруашылық қыстақтары.

Орда-қалалардан тарихқа белгілі болғандары – Чигу (үйсін ханының ордасы), Ордакент (қағанның жазғы ордасы), Суяб (түрік қағандарының орда астанасы), Баласағұн (қарақандықтардың бірінші астанасы), Қойлық (қарлұқ хандарының астанасы), Янгикент (оғыздардың ордасы) және басқалар; керуен жолдарының үстіндегі және бұлардың түйіскен жеріндегі қалалар – Исфиджаб (Сайрам), Талас (қазіргі Тараз), Атлах, Хамукет, Құлан (Луговой станциясы), Мерке, Фараб (Отырар) және басқалар; ішкі сауда қалалары – Құмкент, Созақ, Алмалық (Хоргос), Сығанақ және т.б.; бекініс қорғандар – Тасақыр, Тасатөбе, Бабаата, Ақсүмбе және т.б.

Шаруалардың (қара будундардың) көтерілісі мен ру аралық соғыстардың нәтижесінде Түрік қағанаты ыдырап, VIII-X ғ. түргештер мен қарлұқтардың үстемдік етуіне алып келді.

Түргеш-қарлұқ үстемдік еткен дәуірде сауда өркендеп, әсіресе Қазақстанның оңтүстік аудандарында халықтың отырықшылыққа ауысуы бұрынғыдан да күшейе түседі. Қалалардың және олардағы құрылыс ісінің қауырт өсуі қоғам өміріндегі осындай құбылыстармен тығыз байланысты болды. Осы кезде арабтардың жаулап алуына байланысты ислам діні мәдениет пен шаруашылықтың жалпы дамуында үлкен рөл атқарды. Бейнелеу өнерінде жан-жануарлардың бейнесін салу бірте-бірте өнерден шығып, ою-өрнекте үстірт бейнелерге артықша орын беріледі.

Келесі **қарахандық дәуірі (X-XII ғ.)**, ең алдымен, жаңа қалалардың пайда болуымен емес, бұрынғы қалалардың қауырт өсуімен, едәуір дәрежеде олардың сауда-кәсіп кварталдары есебінен ұлғаюымен сипатталады. Қарахандық дәуіріндегі қалалар алуан түрлі құрылыстармен ерекшеленді. Медреселер, мешіттер, феодалдар мен шонжар адамдардың мавзолейлері, моншалар, құдық үстіне салынатын құрылыстар (сардобалар) пайда болды. Монументальды қалалық моншалар тек үлкен қалаларда ғана

салынды. Тараз қаласындағы моншаның архитектуралық жобасына қарай отырып, оны Орта Азия мен Қазақстандағы архитектураның сирек кездесетін үлгісі бола алады деп айтуға болады.

Қарастырып отырған кезеңдегі тұрғын үйлер түрлері туралы деректер жеткілікті сақталмаған.

Қалаларда құрылыс жұмыстары аумағының артуымен, оларды көркейтумен, монументальды құрылыс типтерінің алуантүрлілігімен қатар, құрылыстың сапасының жақсаруы жөнінен де белгілі дәрежеде алға жылжушылық білінді. Құрылысқа арша мен қарағаш, күйдірілген кірпіш, гипс, алебастрды пайдалану, фасадтарды өңдеуде терракот және шимайлы көзе тақталарды қолдану сияқты тәсілдер пайда болды. Күмбездердің формасы белгілі мөлшерде киіз үйдің түріне ұқсас болып келді. Оған мысал ретінде X-XI ғасырлардағы Бабаджа-Хатун мавзолейін айтуға болады.

X-XII ғасырларда сәндік-қолданбалы өнер де біршама жоғары деңгейде өркендеген еді. Құрылыстың кіреберіс аузындағы нақты үйлесімділікпен салынған жарма бағаналардың сыртын кілемнің түріндей етіп безендіру, аркалар жасау қолданбалы өнер тәсілімен өңдеудің айқын мысалы бола алады (Айша-бибі мавзолейі және басқалар).

Кірпіштен сызып қалау (Қарахан мавзолейі), терракот тақталардан бет жасау (Айша-бибі мавзолейі), құрылыстың ішкі қабырға бетін жапсырма өрнектермен безендіру (ертедегі Тараз моншасы) Қазақстан жеріндегі ою-өрнек өнерінің бұрынғы дәстүрінің көркейгендігін көрсетеді. Қарахандық дәуірде қабырға архитектурасын өңдеуде қолданылған ою-өрнек сарындары қазақ халқының өнерінде ғасырлар бойы сақталып келді.

Бұл дәуір Орта Азия мен Қазақстандағы мәдениеттің гүлденген кезеңі еді. Шынында да, осы кезең астрономдар Ахмед әл-Ферғани мен әл-Бируни, математиктер Мұхаммед әл-Хорезми, медицинамен айналысқан Әбуғали-Ибн Синалардың (Авиценна) Орта Азияда өмір сүріп, қызмет істеген уақыты еді, ал осы уақытта қазақ жерінде өмір сүрген Жүсіп Баласағұн («Құтадғу-Білік») Махмұд Қашқари («Диуани лұғат-ат түрк»), әл-Фарабидің («Ғылымның тууы», «Музыканың ұлы кітабы» және «Аристотель аудармасы»), Қожа Ахмет Ясауи («Хикмет») сияқты ғалымдардың және басқалардың шығармалары жазылған еді.

Қарастырып отырған кезеңдегі мәдениеттің дамуының жалпы көрінісі осындай болды.

VII-XII ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі қалалардың барлығына толығымен тоқталу мүмкін емес, сондықтан оларды аймақтық топтарға бөле отырып, бірнешеуіне ғана қысқаша шолу жасаймыз.

Бұл қалалардың бірінші тобы Шу-Талас өзендерінің алабында орналасқан.

Осы топқа жататын **Исфиджаб** (Сайрам) Шымкент пен Жамбылдың (ертедегі Таластың) арасындағы керуен жолының үстіне орналасқан еді. Қала арқылы бір-бірімен қиылысатын екі үлкен жол торабы (магистраль) өтті, қаланың төрт шетінде төрт қақпасы болды. Қала кварталдарының түзу жолды, ретті жобажоспары болды.

Өзінің құрылымы жағынан Исфиджаб қаласы қамалы жоқ қалалардың қатарына жатады. Бұл біздің заманымыздың VII ғасырындағы Қытай жиһанкезі Сюань-цзяньнің қол жазбаларында айтылады. Сайрам қаласы X-XII ғасырларда мейлінше өркендейді. Отырықшы және көшпелі аудандардың ортасында тұрған Исфиджаб қаласы ислам идеологиясын насихаттап, орнықтыруда ерекше орын алды. Сайрам қаласында Мірәлі баба, Ибрагим ата (XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауидің әкесі), Қарашаш ана, Абдал Азиз баба, Хызыр пайғамбар және басқалардың мавзолейлері осы уақытқа дейін сақталған.

**Тараз қаласы** (ертедегі Талас) Талас өзені бойына салынған. Біздің заманымыздың 568 жылының өзінде-ақ бұл жөнінде Византия елшісі Земарх және одан 60 жыл кейін Қытай жиһанкезі Сюань-цзянь жазып кеткен. Тараз қаласында сауда жақсы дамып, колөнер өндірісі де жоғары дәрежеде болды.

Қалаға жүргізілген қазба жұмыстарының барысында бес мәдени қабат ашылған. Бірінші қабат – қазіргі кезең қабаты, екіншісі – XIII-XV ғ.; үшіншісі – XI-XII ғ.; төртіншісі – түргеш-қарлұқ дәуіріне (VIII-X ғ.), бесінші қабаты V-VII ғ. жатады. Үшінші қабаттағы табылған заттардың барынша бай болып шыққанына қарай отырып, ғалымдар «қала XI-XII ғ. мейлінше гүлденген» деген тоқтамға келеді.

Үй, монша қабырғаларына сызып-жазуда, фасадтардың

керамикамен қапталған беттерінде қара, сұр реңктерді ұштастыра отырып, қоңыр, қызыл бояумен сырлау осы кезеңге тән тәсіл болып табылады.

Тас төселген жолдар, қаланың сумен жабдықтау жүйесінің болуы, оларда көзе құбырлардың жасалуы (конус тәрізді трубалар) қаланың біршама көркем болғанын көрсетеді.

Қаланың тұрғын кварталдары неғұрлым кіші көлемде, ал қоғамдық кварталдар барынша ірі болған. Ертедегі Тараздың архитектуралық құрылыстарының ішінен X-XI ғ. жататын Қарахан мавзолейі сақталған және XI-XII ғ. жататын моншаның қалдығы табылған.

Тараз қаласының бірнеше рет шапқыншылыққа ұшырағаны тарихтан белгілі. Айтатын болсақ, 1207-1210 ж. Хорезм шахы Мұхаммед, 1219-3220 ж. моңғол шапқыншылығы болса, 1307 жылы шағатайлықтар бұл қаланы қиратып кеткен еді. X-XII ғ. Тараз қаласы өз гүлденуінің шегіне жетті.

Ертедегі **Құлан қаласының** (Луговой станциясына жақын) да қарастырып отырған кезеңдегі құрылыс мәдениетінің дамуына өз үлесін қосқан қалалардың бірі болған деп айтуға болады. Қаланың қамалы болған және Тараздан Баласағұнға баратын керуен жолының үстіне салынған. Ғалымдар сақталып қалған сілемдерге қарай отырып, қаланың өзіне тән орталығы және жоспары болғанын айтады.

**Баласағұн** қаласы қарахандықтардың бірінші астанасы болды. Қаланың ескі орны Қырғызстанның территориясындағы Токпақ қаласының маңында, Шу өзенінің бойында жатыр. Баласағұнның пайда болуы біздің заманымыздың V-VIII ғ. жатады. X-XII ғасырларда қала мейлінше өркендейді де, ол XIII ғасырда құлдырайды. Зерттеу барысында анықталғандай, қаланың қалдық сілеміне қарай отырып, оның құрылыс жүйесінің бір тәртіппен орналасқандығын байқауға болады.

Қаратау етегінде болған қалалардың екінші тобының ішінен **Құмкент қаласы** қалдығы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қарайды. Ол Исфиджаб пен Тараздан қыпшақ сахарасына (қыпшақ еліне) баратын ертедегі керуен жолдарының түйіскен жеріне салынған. Құмкент туралы Гильем де Рубруктің жазбаларынан кездестіруге болады (1253 жыл). Қала XV ғ. дейін

өмір сүрген. Қаланың қираған ескі орнының ұзындығы 450 метрге жетеді, бұдан тікелей жол бойында тұрған қаланың ретті құрылысы болғанын көруге болады.

Қалалардың үшінші топтары Іле өзенінің бассейнінде және Алатау етегіне орналасқан қалаларды айтуға болады. Бұл топтан тек екі қаланы ғана келтіреміз.

**Қойлық қаласы** IX-XIII ғ. қарлұқ хандарының ордасы болған. Талдықорғанға жақын жердегі Көксу өзені бойына салынған. Бұл қаланы зерттегенде XIII-XIV ғ. және XI-XII ғ. қатысты мәдени қабат табылған. Қаладан қазылып алынған деректер қаланың ең гүлденген кезі VIII-X ғ. болғандығын баяндайды.

Қойлық қаласы жайлы Гильем де Рубрук те еске алады (XIII ғ.). Қаланың қамалы болмаған, жан-жағының ұзындығы шамамен алғанда 608 метр, жобасы тікбұрышты, түзу тартылған жолдары болған.

**Талғар қаласы** Алатау етегіндегі Алматыға таяу, қазіргі Талғардың орнында болған. Қаланың бірін-бірі кесіп өтетін екі магистралі бар айқын тікбұрышты жоспары болған. Мұндай жоспар қамал мен шаһристаны жоқ осы топтағы қалаларға тән болып келеді.

Төртінші топтағы қалаларға **Сырдария қалаларын** жатқызуға болады. Бұл топтан екі қалаға – Отырар және Сығанақ қаласына ерекше назар аударуға болады.

Отырар қаласы (ертедегі Фараб) Сырдария қалаларының ішіндегі басты қала болды. Ол керуен жолдарының тоғысқан жерінде және дала көшпенділері мен отырықшы аудандарды байланыстырып тұрған қала еді.

Өз кезеңінде Отырар қаласы бай тарихымен және құрылысының ерекшелігімен де көзге түссе керек. Қала Сырдарияның орта ағысындағы ертедегі Шаш (Ташкент) пен Исфиджаб (Сайрам) сияқты экономикалық маңызды аудандардың түйіскен жерінде орналасқан. Алайда Шыңғысханның шапқыншылығы мен ру арасындағы қақтығыстар қаланы XV-XVI ғ. мүлде құлдыратып жіберді. Отырардың барынша гүлденген кезі XI-XII ғ. тура келеді.

Осы топқа жататын тағы бір қала – **Сығанақ қаласы** ішкі сауда қаласы ретінде керуен жолдарының тоғысқан жерінде

орналасты. Ал XIII ғасырдан бастап Ақ Ордаға айналды. Қала XII-XIV ғасырларда мейлінше дамып, XVI ғ. Ресеймен сауда жасауда маңызды рөл атқарады. Сығанақ қаласы XVIII-XIX ғ. дейін өмір сүрген.

Осы жоғарыда аталып өткен қалалар Қазақстанның әртүрлі экономикалық аудандарында орналасып, олардың туып-өркендеген табиғи жағдайлары да алуан түрлі болған. Алайда бұл қалалардың барлығы да қирап, бүлінген.

Қалаларды ғалымдар осылайша топтастыра отырып қарастырса, осы кезеңге жататын негізгі мәдени ескерткіштерге тоқтала кетейік. Осындай ескерткіштердің біріне **Тасақырды** жатқызуға болады. Ғалымдардың пікірінше, ол салынып бітпеген феодал сарайының тозған іргесі болып табылады. Ол төңірегіндегі жерлерге 25-30 километрдей арадан көрініп тұратындай етіліп, тау бөктеріне салынған.

Жобасы бойынша ол ішкі кең ауланың төңірегіне топтастыра салынған тұрғын үй, қызмет үйі және шаруашылық үйлердің кешенінен тұрады. Ауланың түкпіріндегі (оңтүстік есік жақтағы) үй Тасақыр иесінің жататын үйі мен қонақ үйі болған. Солтүстік есік жақтағы үйлер қызмет ететін адамдар мен күзетшілерге, бір бөлігі ат қораға арналған болуы керек. Су қоймасы орналасқан орталық аула қорған әскерінің плацдармы, арнаулы жарлықтарды жариялау орны немесе діни салттарды атқару үшін жиналатын орын болған.

Ғалымдардың айтуы бойынша, Тасақырдың салынған кезі біздің заманымыздың 751 жылына жатады. Осы орасан зор құрылысты салуға кіріскен адамның ой-пікірінің батылдығы, құрылыс көлемінің орасан зорлығы, материалдық жабдықтары мен еңбек ресурстарының шамадан тыс молдығы таңғалдырады.

Тасақырға қарағанда көлемі әлдеқайда кіші, тастан жасалған осындай құрылыс – Қазақстан мен Қарақалпақстанның шекарасында бұзылып жатқан **Білеулі** құрылысы. Білеулі тас мұнара жүйесіне кіретін әскери қорған болуы мүмкін.

**Қарахан мавзолейі** де орта ғасырға жататын мәдени маңызы бар күмбезді құрылыс болып саналады. Геометриялық ою-өрнек түрлерінің бірі ретінде қабырғаларының ызылып қалануы айрықша.

Ертедегі қарахандық дәуіріндегі ескерткіші болып табылатын **Бабаджа-Хатун** мавзолейі өзінің архитектуралық формасы мен сәндік көркемделуі жағынан алғанда көңіл аударуға тұрады. Мавзолей Тараз қаласынан 18 км жерде орналасқан.

Бұл мавзолейдің сыртқы күмбезі 16 қырлы конус формалы және биіктігі 86 қырлы призманың үстіне салынған. Мавзолейдің қанша күмбезі болса сонша қыры бар.

Бұл мавзолейдің конструкциясы оның салынғанына көп ғасыр өтсе де қаз-қалпынша сақталған. Мұны «оны салған кезеңдегі құрылыс өнерінің дәрежесі жоғары болғандығында» деп түсіндіруге болады. Өйткені ескерткіш тас фундамент үстіне тұрғызылып, сонымен қатар тақталардан суағар жасалған.

**Айша-бибі мавзолейі** (XI ғ.) архитектуралық көркемдік жағы өте құнды, өткен ғасырлардан бергі ою-өрнек және композициялық тәсілдерінің байлығы мен алуантүрлілігін сақтап келген тамаша ескерткіш болып табылады.

Бабаджа-Хатун мен Айша-бибі мавзолейлерінде құрылыс материалы ретінде аршаны көптеп қолданған. Себебі арша ағашының құрттап, шіруге және басқа дерттерге қарсы өте төзімді қасиеті болатындығы ертедегі құрылысшыларға мәлім болған.

Айша-бибі мавзолейінің төбесі қабырғаға күш түсірмейді және түсетін күшті бағаналар кірпіш тіреулерге ауыстырады. Бұл жартылай шатырлар шағын бағаналарға және ойықтардағы кірпіш тіреуге сүйенеді.

**Қыпшақтардың қоныстары мен қалалары** Орталық Қазақстан далаларындағы Сарысу, Кеңгір, Жезді, Торғай, Көктас, Нұра өзендері бойынан Талас пен Шудың төменгі ағысынан ашылып отыр. Олар – Бөгежелі, Тасты, Ожрай-төбе, Кеңтарал, Қызылқорған, Ордашағыл, Талды, Қызылкент, Талдыкент, Төрткүл, Басқамыр, Аяққамыр, т.б. Бұл қоныстар Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия қалаларынан өзгеше. Жоспары бойынша геометриялық жағынан олар белгілі бір өлшемдермен салынды, аса биік емес қамалдық жалмен қоршалды. Олар ұзақ уақытқа пайдаланылған құрылыстар ізі сақталмаған алаңқайды қоршап жатты.

Орталық Қазақстандағы қыпшақ қоныстары әлі толыққанды зерттелмеген. Тұрғындардың негізгі бөлігін көшуге жеткілікті

дәрежеде малы жоқ кедейленген көшпенділер құрады. Олар қыстауларда тұрақтап қалып, қоныстардың негізін қалады және қолөнер мен егіншілікпен айналысты.

Көтенсай өзенінің сол жағалауындағы Жақсылық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары жоспары тікбұрышты қоныстардың ашылуына себепші болды. Ол биіктігі 2 метрдей жайылған жолмен қоршалған, негізгі ені 6-7 м мұнарасы дөңгелек келген, негізгі қабырғадан шығып тұрған бұрыштағы мұнаралар орны да анықталған. Сыртқы жағынан қабырғаны тұрғызғанда аса терең емес ор сақталған. Қабырғаның ішкі жағынан ағаш пен қамыстан жалпақ етіп жасалынған жабын мен қамыс далдамен тұрғызылып, саз балшықпен сыланған тұрғын жайлар орналасқан. Баспаналардан шаруашылық шұңқырлары, үйді жылытуға және тамақ пісіруге арналған, қам кірпіш өрілген пеш қалдықтары табылған. Қала ортасында мал ұстайтын қаша орналасқан. Жаңбыр және қар суларының ағуы үшін қала алаңынан қабырға арқылы қыш түтіктер жүргізілді. Сыртқы жағынан қалаға тікбұрышты ауданы 470x450 м, жалмен қоршалған, әрбір қабырғасында он сегізге дейін мұнарасы бар территория жалғасады. Оның солтүстік-батыс қабырғасында, өзен жағынан осында кіретін есік болған. Бұл алаңқайда егістік егілген, қабырғасы оны малдан қорғаған және де қосымша бекініс ретінде пайдаланылған.

Ғалымдардың осындай зерттеулерінің нәтижесінде ерте ортағасырлық қалалық тұрғын үйлері жөнінде түсінік алынды.

Сол зерттеулер бойынша қарастырылып отырған кезеңдегі жалпы тұрғын үйлер мен баспаналардың сипатына келетін болсақ, VI-VII ғ. бірінші жартысында үйлердің екі үлгісі тән. Бірінші үлгідегі үй бір бөлмелі, тікбұрышты жоспармен салынған. Осындай көлемі 43 шаршы метр болатын үйлердің бірінде ұзындығы 4 метрлік иілген дәліз бар. Кіреберісі тамбур пішіндес. Батыс және солтүстік қабырғаларын бойлай ортасына қарай шығыңқы келген сөрелі сәкілер орнатылған. Сәкілердің ені – 1 м, шығыңқы жері – 1,2 м, биіктігі – 40-45 см. Кіреберістің қарсы алдынан, ортаға ернеулері балшықпен сыланған көлемі 1x15 м болатын тікбұрышты жерошақ қазылған. Екі камин (қабырғадағы ошақ) орналасқан. Кіреберістің қарсы алдынан, ортаға ер-



неулері балшықпен сыланған көлемі 0,2x 0,2 м болатын екі камин орналасқан. Оңтүстік-шығыс бұрышы саз қалқамен бөлінген, бұл шаруашылық бөлімі өзінше бір алаңды құрайды. Жайдың еденінен тікбұрышты төрт шұңқыр – тіреуіш бағаналардың орны тазартылды. Төбесінен, сірә, жарық түсетін әрі түтін шығатын тесік жасалған болса керек. Сонымен бірге түтін есіктен де шыққан, сондықтан да ошақ пен каминдер есікке жақын орналасқан.

Үйлерде диірмендерге арналған тумба тәрізді тұғырлар болған. Хумдар, азық-түліктің өнімдерін сақтауға арналған ыдыстар бұрышта, сыпада (сәкіде) орналасады. Күйдірілген саз балшықтан жасалынған бөшке тәрізді және астау секілді ыдыстар да дақылдарда сақтау үшін пайдаланылды.

Жекелеген үйлердің аумағы өзгеріп отырды. Ең үлкен үйлер – 35-45 шаршы м, ал аса үлкен еместер 12-20 шаршы м аралығында. Үлкен үйлерде шатыр төрт жерінен тірелді, ал орташа деңгейдегі үйлерде бір ағашқа немесе киюластырылған екі бөрене бір бағана-тіреуге бекітілді. Шағын үйлердің шатырлары тек қана қабырғаға бекітіліп тұрды.

Екінші үлгідегі үйлерге екі бөлмелі үйлер жатады. Екінші бөлме – қойма, бастапқы бөлмеден мықты қабырға арқылы бөлінген.

Оңтүстік-Батыс Жетісудың ерте ортағасырлық қала үйлері жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Ол туралы Қызылөзен, Луговое, т.б. ескерткіштерде қала сыртындағы VII-VIII ғасырларға жататын жұмыстар түсінік бере алады.

Сарайлардың тұрғын бөлмелері ашық үлгідегі ошақтармен жылытылады. Сондай-ақ қабырғалық және сыпа шетіндегі ошақтар да кездеседі.

IX ғасырдың екінші жартысы – X ғасырдағы тұрғын үйлерде оның алдындағы уақыттың дәстүрі жалғастырылады. Бұлар кіреберісі тамбур тәрізді тұрғын жайдың қабырғаларын бойлай «г» және «п» түрінде сәкілер орналастырылған, айналасында жақтаулары мен каминдері бар ашық үлгідегі ошақтармен жылытылған, белағашты (өтпелі) етіп жоспарланған бір және екі бөлмелі үйлер. Олардың төбесі бір бағанды және төрт бағанды етіп, жайпақ түрде жабылған.

IX-XI ғасырлардағы үйлер жоспары Құйрықтөбе қаласын қазғанда мәлім болған. Мұнда екі бөлмелі үйлер тұрғын жай қоймадан тұрды. Үйге тамбур-тектішек арқылы кіретін болған. Бөлмеде қабырғаларды бойлай, ені 1-1,5 м және биіктігі 0,3-0,4 м болатын «п» түрінде сыпа (сәкі) салынған. Ортасында, еденде жақтауы бар антроморфтық алаңша түріндегі ошақ орналасқан. Оның көлемі – 1,2x1,5 м, алдыңғы жағы дөңгелек екі дөңеспен сәнделген, оған жақын жерде от жағатын шұңқыр бар. Кіреберіске қарама-қарсы жақтаумен бөлінген шаруашылық орны бар, оған тасдірмен қойылып, еденін қазып, ыдыс көмілген. Сәкінің (сыпаның) шетіне таман биіктігі 0,6 м жуан текше орнатылып, оған сыланған тандыр қойылған. Тандырдың қасында қабырғаға шаруашылық қуыстары жасалған. Үйдің төбесі жалпақ және төрт бағанмен тірелген, ол бағандардың едендегі шұңқырлары сақталып қалған. Басқа үйлердің ішкі көрінісі осыған ұқсас, тек болмашы айырмашылықтары бар.

Құйрықтөбеден қазып аршылған IX-XII ғасырдың басындағы тұрғын үйлерде елеулі өзгерістер аңғарылады. Мұнда ұзынынан тізбектеле орналасқан үш бөлмеден тұратын, тізбектеп (түзу, жалғастырыла) жоспарланған тұрғын үйлер сақталған.

Бөлмелері ұзынынан айқастыра (айқыш тәрізді жоспарланған) орналастырылған үйлер жаңа үлгіге жатады. Ұзын жағы үлкен көшеге тігінен бір қатарға қойылған бөлмелері бар тұрғын үй тағы бір үлгі болады. Үйдегі бөлмелер саны екеу немесе үшеу.

IX-XIII ғасырдың бас кезінде Оңтүстік-батыс Жетісуда да тұрғын үйлердің жаңа үлгілері таралады. Олардың біріншісіне орталық жоспарлау тән, оның негізі орталық зал немесе аула болып, тұрғын жайлар мен қора-қопсыларға сол арқылы кірген. Бұлайша жоспарлау ауқатты үйлерге де, қатардағы үйлерге де тән.

Ұзын дуалдармен қоршалған аумақтағы қала сыртына орналасқан бай құрылыстармен қатар, олардың тағы бір түрі болды. Бұлар ауылдық округтердің негізгі компоненті болған екі және үш бөлмелі үйлерден тұрады. Олар жалғыз, бестен жиырмаға дейін топталып орналасқан, кейде ішінде құрылыс салмаған телімі бар өзінше бір төрткүлді құрайды.

Солтүстік-шығыс Жетісудағы баспаналар туралы Талғар қаласындағы тоғыз үй қалдығы бойынша айтуға болады. Олар

бір камералы тұрғын үй мен қоймадан тұратын құрылысқа негізделген. Тұрғын үй мен мал ұстауға арналған кең аула ұштастырылған. Бұл – шаруашылығында малшылық тұрмыс сақталған халыққа тән үрдіс.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Түркі қағанаты тұсындағы тұрғын үйлер мен қоныстар.
2. Қарахандық дәуіріндегі (X-XII ғ.) тұрғын үйлер мен қоныстар.
3. Қарахан мавзолейінің құрылысы қандай болды?
4. Қыпшақтардың қоныстары мен қалалары.
5. Айша-биді мавзолейінің құрылысын сипаттаңыз.
6. X-XI ғ. құрылыс техникасына қандай өзгерістер енді?

**1.5 Ортағасырлық мемлекеттер мен Қазақ хандығы дәуіріндегі (XIII-XVII ғ.) қалалар, қоныстар мен тұрғын үйлер**

Сауданың, қалалардың дамуының тежелуі моңғол шапқыншылығымен тікелей байланысты болды. Тек XIV ғ. жекелеген қоныстар мен қалалардың жандануы байқалады. Осы кезеңдегі Отырар қаласына археологиялық қазба жұмысын жүргізу нәтижесінде колонер, сауда кварталдары және қаланың қоғамдық орталығы анықталды. Бір, екі, үш, көп бөлмелі үйлер тұрғызылып, үйлердің ішінде тандыр, ошақ болған, сонымен қатар үйдің еденін жылытып тұратын трубалар салған.

Отырардың қоғамдық құрылысындағы қызығушылық тудыратын құрылыс XI-XIII ғ. аяғындағы қалалық монша болып табылады.

Айқас тәрізді жоспарланып, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған құрылыс құрамына 10 бөлме кіреді. Оларға бу бөлмесі, жуынатын бөлме, демалатын бөлме, намаз оқитын бөлме жатады. Монша кан жүйесі бойынша қыздырылған.

Осы кезеңнің архитектурасы мемориалдық сәулетшіліктің гүлденуімен сипатталады. Баспаналардың құрылымдық жоспарында, формасында өзгерістер болып, үй жиһаздарының түрлері өзгерді.

1228-1230 ж. Орталық Қазақстанда, Жезқазғаннан 45 км жерде Кеңгір өзенінің солтүстік жағалауында Шыңғысханның ұлы **Жошыханға мавзолей** тұрғызылады. Осы порталды-күмбезді мавзолей күйдірілген қызыл кірпіштен салынып, 2 бөлмеден тұрады.

1399 жылы Әмір Темірдің нұсқауы бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы басталады. Ескерткіш өзінің жоспарының симметриялық нақтылығымен ерекшеленеді. Кешен бөлмелері үш құрылымға бөлінген: алдыңғы бөлімі (портал), жаматхана (қазандық, жиын залы) және гурхан (мавзолейдің өзі). Мавзолейдің жанында мешіт және кітапхана орналасқан.

Гимарат екі қабатты күмбезбен жабылған. Сәндік-қолданбалы өнердің тамаша үлгілерінің бірі ретінде гурхан және жаматхананың ағаш есіктерін айтуға болады. Мұндағы қылуат, яғни жер асты мешіті ХІІ ғ. жатады. Ол 4 м тереңдікте орналасып, көлемі 1,5x1,5 м болып келеді. Бұл бөлменің құрылысын Қожа Ахмет Ясауи атымен байланыстырады. Себебі ол 63 жасында осы жерге түсіп, атақты өлеңдер жинағы «Хикметті» жазады. Қылуат архитектурасы – ХV ғ. сәулетшіліктің жарқын үлгілерінің бірі болып табылады.

XIV ғ. жерасты мешіттерінің құрылысы жоғарғы дәрежеге жетті. Шакпақ ата мешіті сондай мешіттердің жарқын үлгісі бола алады. Мешіт тас үстірттің ең биігінде орналасқан. Оның орталық залының көлемі – 5x4,5 м. Бұл мешітті көшпелі Дешті-Қыпшақ қоғамы мәдениетінің көрсеткіші десе де болады.

Дала мәдениетінде және тарихында ХІІІ-ХV ғ. Алтын Орда қалалары маңызды орын алады. Бұл кезеңде қалалар хандардың әкімшілік орталығы ретінде салынған болатын. Алғашында қала төңірегіне нөкерлер және нояндар, т.б. жиналса, кейін қолөнершілер, құлдар, т.б. тұрғындармен қалалар өсе түседі. Алтын Орданың басты қаласы және ескі астанасы Сарай-Бату, жаңа астанасы Сарай-Берке болды. Бұлар саудасы дамыған, гүлденген қалалар болған еді.

Алтын Ордадағы мешіттер Берке ханның тұсында дамыған болатын. Зерттеушілер мешіттердің құрылысын Кіші Азия мешіттерінің архитектурасымен байланыстырады. Осы кезде күмбезді мешіттер көптеп салына бастады. Оған мысал ретінде ескі Сарайдағы Күршін Джами мешітін айтуға болады.

Ақ Орда қалаларында культтік, мемориалдық құрылыстар да дамыды. Қаракеңгір өзенінің орта ағысында (Ұлытау ауданы Малтабай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 км) Алашахан мавзолейі орналасқан. Алашахан кесенесі Дешті-Қыпшақ

архитектурасының ерекше ескерткіштерінің біріне жатады. Бұл порталды-күмбезді мавзолей екі бөлмеден тұрады: гурхан – сфералық күмбезбен жабылған, алдында зиратхана орналасқан. Мавзолей ірі мемориалды ғимарат болып табылады (күмбез диаметрі – 9,73х11,91 м; жалпы ұзындығы – 10 м).

XV ғ. Қазақстанның архитектуралық құрылыстарының бірі Абат-Байтақ мавзолейі Ақтөбе облысының Ұлы-Қобда өзенінің ортаңғы ағысында орналасқан. Құрылыс порталды-күмбезді шатырмен жабылған, жоспары қарапайым.

XV ғ. жаңа сауда жолдарының пайда болуымен қатар, бұрынғы сауда жолдарының жандануы **Қазақстан қалаларының** дамуына ықпалын тигізіп, отырықшылықтың дамуына да зор үлес қосты. Орта Азия, Үндістан, Қытай, Ресей, Қашқар, Хотан мемлекеттерімен сауда жүргізіліп, ірі қалаларда керуенсарайлар құрылып жатты. Сол кездегі Түркістан қаласы қазақ хандығының ірі рухани, мәдени, сауда, діни, білім орталығына айналды. Сығанақ, Жұбанана, Сарайлы, Тұрайлы, Татағай, Құмкент, Саудақент, Созақ сияқты қалалар ірі қалалық орталықтар болды. XVI ғ. қазақ хандары Ташкент пен Ферғананы басып алғаннан кейін, олар Орта Азиядағы сауда жолдарына өз билігін жүргізіп отырды.

Көне қалаларда цитадель, шахристан және рабад сияқты үштік жүйе сақталып отырды. Жоңғарлардың шапқыншылығынан кейін Шығыс Қазақстанда будда монастырлары салына бастады. Атап айтқанда, XVII ғ. Аблайкитка сарайы, Қызылкент монастырі, XVIII ғ. лама құрылысымен Ақ-таш мавзолейі салынса, бұлардың алғашқылары Ертіс өзенінің жағалауында болды. Аталған ғимараттардың архитектуралық тарихы XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығынан кейін дамуын таппаған.

Қарастырылып отырған уақытта Түркістандағы моншалар сияқты басқа қалаларда да монша салу ісі жалғасты. Қазіргі уақытқа дейін сақталып қалған тоғыз моншаның жетеуі XVI ғ. жатады.

Төбесі мұнарамен жабылған, сегіз қырлы етіп салынған басты жуынатын зал моншалардың композициялық орталығы болып саналған және бұл залға қосымша шешінетін, «ыстық», «суық» залдары болды. Еден мен отыратын орындар мәрмәр плиталарынан төселген. Моншаларды еден астынан өтетін трубалар

арқылы жылытқан. Қолданылған су бір жерге ағып кету үшін еден ылдилатылып салынатын болған. Моншалар күйдірілген кірпіштерден салынды.

XIII ғасырдың екінші жартысы – XIV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері пайда болды. Біріншісіне бір орталыққа орналасқан шағын ауласы бар екі немесе үш камералы үйлер жатады. Үйлердің екінші үлгісіне қиылысатын орталыққа орналасқан төрт жайдан тұратын тұрғын үй жатты. Бұл крест (айқыш) тәрізді немесе төрт бөлікті схема, онда үй шаршы сияқты жоспарлы болады, ал қоймалар ауланың немесе тандыры бар тұрғын бөлменің сол және оң жақтарына орналасқан. Үшінші үлгісіне екі немесе одан да көп бөліктері бар үйлер жатады. Үйдің әр бөлігі екі немесе үш жайдан тұрады, олардың біреуі міндетті түрде тұрғын жай болды.

Тұрғын үйлер интерьерінде елеулі өзгерістер байқалады. Қабырғаларды жағалатып «г» немесе «п» тәрізді етіп салынған еңсіз сәкілердің орнына бөлменің көп бөлігін алып тұратын сәкілер пайда болды. Бөлменің ортасында сыпаның шетінде сыланған кеспелтек ағаштың, бөрененің, кірпіш тағанның, тас тұғырдың болуы үй төбесінің бөлме ортасында тұрған бір ағаш діңгекпен тіреліп қойылғанын көрсетеді. Оның алдындағы уақытта таралған төрт тіреуішпен жабу әдісі жойылады.

Тандыр әмбебап ошақ міндетін атқарады. Ол жылыту құралы және тамақ дайындап, нан пісіруге арналған ошақ болды.

Оларға сыпадан қабырғаға дейін жалғасқан түтін жүретін мұржа – «қан» салынды.

Сонымен қатар XIII-XV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері қалыптасып, олардың анфиладалық және крест түрінде жоспарланған екеуінің алдыңғы уақытта ұқсас үлгілері болды. XI ғасырдың екінші жартысында тұрғын үйдің осы екі үлгісінің пайда болуы қалада отырықшыға айналған түрік этносымен байланыстырылғанына назар аударған жөн.

XVI-XVII ғасырлардағы тұрғын үйлер алдыңғы уақыттағы даму бағытын жалғастырды. Алайда өткен кезеңмен салыстырғанда үйдің ішкі безендірілуінде кейбір жаңа элементтер пайда болды. Тандыр түпкі бұрыштан есікке жақындатылды. Ташнауға арналған орын екінші кезектегі жайды, ауланы, не айуанды, не

тұрғын жай мен қойманы «жинақтайтын» тәрізді. Ташнаудың тек тұрғын жайларға қажетті болуы міндетті емес, олар қоймалар мен аулаларда да болған. Орталық тұрғын үй бөлмесінің көп бөлігін алып тұратын сыпалар еденнен 30-40 см жоғары болған. Оған аузы сәкінің шетіне шығып тұратын тандыр орнатылған. Мұржа тандырдың қабырғасындағы дөңгелек тесіктен басталады, ол сәкі астынан қабырғаға немесе бұрышқа дейін ең қысқа жолмен салынған. Мұржа үйдің қабырғасындағы тік қуысқа қосылған.

Тандырдың тұсындағы сәкінің (сыпаның) бұрышына көлемі 0,5-1,0x0,5-1,0 м болатын төрт бұрышты дөңгелектер орнатылған. Оның мақсаты айқын, ол көмір шоқтарына арналған жер. Үй-жайдың жалпы безендірілуінде тандыр мен оның алдындағы ташнау алаңшасы шаруашылық істері атқарылатын жер болып табылады.

Тұрғын жайлардың бұрыштарына ұралар жасалып, көзе, құмыра түріндегі ыдыстар көмілген. Ал кейде бөлменің ортасында, бұрышына жақын жерде саңылау тәріздес ұра болған. Бөлменің қабырғаларында керек-жарақтарды сақтауға арналған сөрелер жасалған. Сәкілерге қамыстан немесе шиден тоқылған төсеніштер төселіп, олардың үстінен киіз, мақта салынған көрпе жайылған. Қазба жұмыстары кезінде шилердің іздері мен шірінділері, сондай-ақ киіздер мен мақта салынған көрпелердің қалдықтары табылған. Қоймалар астық қорларын, сұйық және үгітілмелі өнімдерді сақтауға арналған.

Тұрғын үйлер тікбұрышты шикі кірпіштен тұрғызылды. Шаршы тәріздес, жан-жағы 24-26 см, қалыңдығы 4-6 см күйдірілген кірпіштер еденге, сәкі бұрыштарына, пештің аузына пайдаланылған. Сондай-ақ саз балшықтан өрілген қабырғалар мен қалқа кездеседі. Құрылыс ісінде каркас конструкциялары да қолданылған.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлердің құрылысына қарап оның алдыңғы кезеңдегі тұрғын үйлермен байланысын көрсетеді. Мәселен, ортадағы жай, бұрынғысы сияқты тұрғын үй және шаруашылық міндеттерін біріктірген. Алайда соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй жоспарлануы мен тұрғызылуында дәстүрлі сипатталуымен қатар, жаңа белгілер пайда болды. Үйлерде бөлмелердің саны (5-6 бөлмеге дейін) көбейеді. Жартылай жабық аулалардың жаңа үлгісі пайда болды.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалық тұрғын үйі көршілес аймақтармен едәуір дәрежеде ұқсас болып келеді. Хорезмде, Үргеніште Отырардың орта ғасырлардағы үйлермен жақын ұқсастығы бар XV-XVII ғасырлардағы үйлер табылды. Сондай-ақ соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлердің XIX-XX ғ. басындағы қазақтардың тұрғын үйлерімен ұқсастық фактісі де кездеседі.

Қазақтардың тұрмысын зерттеу қыстауларда шикі кірпіштен жасалған қабырға қалқа-қалқа арқылы 2-3 бөлмеге: тұрғын жайға, ас үйге және қоймаға бөлінген біртұтас тұрғын үй болғанын көрсетті. Әдетте, биіктігі 1,5 метрге дейін жететін қалқалар бөлменің төбесіне дейін жетпеген. Олардың ерекшелігі мынада: олар үйдің ішін жылытқан, өйткені қабырғаның қуысына орнатылған саз балшық пеш – «қазандыққа» текшелер ішінен өтіп, түтінді сыртқа шығаратын түтіндікпен қамтамасыз ететін болды. Сонымен бірге түтін тура шығатын әдеттегі пеш қазандық орнатылған. Олар жартылай жертөлелерде пайдаланылған, оларда да мұржа сыртқа шағын саңылау арқылы шығарылған.

Қазақ қыстауларындағы «қоржын үй» үлгісіндегі ұзынша үйлердің жоспарлануы соңғы орта ғасырлардағы «линиялық» немесе «анфиладалық» деп аталатын тұрғын үйлердің жоспарлануына жақындайды.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Отырар қаласының құрылысына тоқталыңыз.
2. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық қалалар құрылысын сипаттаңыз.
3. Ортағасырлық мемлекеттер кезіндегі баспаналардың құрылыс ерекшеліктері қандай?
4. Соңғы орта ғасырларда үйлердің құрылысында қандай өзгерістер пайда болды?
5. Қазақ хандығы дәуіріндегі (XIII-XVII ғ.) қалалар, қоныстар мен тұрғын үйлер.

### **1.6 Киіз үй – Еуразия далалары көшпенділерінің көне тұрғын үй түрі**

Киіз үй – Орталық және Орта Азияны қоныстанған мал өсірушілердің негізгі баспанасы. Киіз үй түркітілдес, моңғолтілдес және ирантілдес халықтардың бір бөлігіне (жемшидтер мен хазарлықтар) тараған баспана түрі. Киіз үйдің құрылымына



қарап, оның екі түрі болғанын айтуға болады. Мәселен, оның бір түрінің, моңғол типті киіз үйдің құрылымы конус тәріздес болып келсе, екінші түрінің, яғни түрік типті киіз үйдің құрылымы күмбез тәріздес болып келеді.

Киіз үйге тікелей қатысы бар түрік тілдеріндегі «йурт» сөзінің этимологиясына келетін болсақ: а) мал бағу орны; тұрақ, қоныс, өмір сүру орны; иелік жер, қоныс; ә) отан, мемлекет, ел, жер, өлке, рулық бөлім; б) тұрғылықты жер, халық; тұрғындар; қол астындағы кіріптарлар; қоғам, әлем; в) үй, қоныс деген мағыналарды береді. «Үй:рт» сөзінің көне мағынасы – «жер кеңістігі», белгілі бір көшпелілердің қонысына қажетті, жеткілікті, жер бөлігі – қоныс дегенді білдіреді. Орыстың «юрта» деген сөзінің таралуы да осы «үй:рт» сөзімен тікелей байланысты болып тұрғанын аңғару қиын емес.

Киіз үй қазақ халқында мезгілдік көшу кезіндегі баспана ретінде қолданылумен қатар, стационарлы қыстық қоныс ретінде де пайдаланылды. Киіз үй қоныстарының жоспарлануы шеңберлі, доға тәріздес, жартышар, сызық, т.б. болып келді.

Киіз үйдің шығуы туралы пікірлерге тоқталатын болсақ, белгілі археолог Ә.М. Оразбаев: «Қола дәуірінің тайпаларының тұрғын үйлері – қазіргі киіз үйдің түп тұлғасы», – десе, М. Ростовцев, А.М. Хазанов, Л.Г. Нечаев, Б.Н. Граков, П.Н. Шульц, С.И. Вайнштейн, Ә.Х. Марғұлан, Е.Е. Кузьмина, В.А. Лившиц: «Киіз үй прототипі – скифтік шатырлар» – деп, ал С.И. Вайнштейн, М.С.Мұқанов: «Киіз үй прототипі – ғұндардың жартышар шалашы», – деп топшылайды.

Зерттеушілер «киіз үй алғаш түрік халықтарында пайда болып, одан моңғолдар үлгі алған» деген пікірді бір ауыздан жақтайды. Бұл жайында М. Мұқанов: «XIII ғасырдың басында моңғолдардың негізгі бөлігі ғұн үлгісіндегі баспаналарды пайдаланғанын, олардың киіз үйді де білгенін, оны да түріктерден үлгі еткенін, алайда ондай үйлер моңғол хандары мен билеуші топтарында ғана болғанын ортағасырлық зерттеушілердің шығармаларында да расталған», – деп жазады. Ал біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығының екінші жартысына қарай киіз үй Шығыс Азиядан Оңтүстік Шығыс Еуропаға дейін мекендеген далалық көшпенділер арасында кеңінен пайдаланылды.

Соңғы 7-8 ғасыр бойына киіз үй малшылар үшін ең қолайлы баспана болып қалды. Ол ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы, ішіне жарық жақсы түседі, күмбез болып келгендіктен жаңбыр өтпейді, жинап-тігуі оңай. Осындай ерекше ыңғайлы қасиеттері үшін киіз үйді ертедегі жаугершілік жорықтарда сарбаздар да үнемі қолданып жүрген.

Киіз үй мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсатқа арналуына қарай төрт түрге бөлінеді: жаздық тұрғын киіз үй, мереке-жиынға немесе қадірлі қонақты күтуге арналған салтанатты киіз үй; жорық кезінде тігуге арналған абылайша немесе жолым үй және асхана, қойма, сарай ретінде тігілетін киіз үй.

Жалпы киіз үйдің үлкен-кішілігін керегелер санына қарай белгілейді. Киіз үйдің екі, үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін түрлері болған. Киіз үй керегесінің басы 70-80-нен 360-қа дейін барады.

Ақ үй, ақ орда, алтын орда деп аталатын қонақ үйлер көркем безендірілуі жағынан ерекше көз тартады. Олар 8 қанаттан бастап 30 қанатқа дейін барады. Ал орташа және кедей шаруаларға тән киіз үйлерді алты қанат ақ үй, боз үй, қоңыр үй, қараша үй, қаралашық, күрке отау, итарқа, жолым үй, көтерме туырлықты, қалмақы үй, жаба салма, жаппа деп атаған. Жас жұбайларға арналған отау үй де жасау-жиһазға бай, сәнді де, салтанатты келеді.

В.В. Радловтың айтуы бойынша, қазақтарда киіз үйдің іші бай жиһаздарымен ерекшеленеді. Сырты әшекейленген кеселер мен табактар көбірек. Ыдыс салатын қаптардың орнына жәшіктер көптеп кездеседі. Ыдыс-аяқтар қойылған жер шимен қоршалған. Ал төсек-орын таза, үстінде жақсы жастықтар тасталған, отбасы мүшелері мен қадірлі қонақтарға арналған жерлерге кілем, ал жай адамдарға арналған орындарға киіз төселген. Осындай ерекше киіз үйлердің біріне жататын үй, ол – Зайсан қазақтарының орыс князі Николай Николаевичке сыйға тартқан киіз үйі. Ол жібекпен, күміспен және алтынмен кестеленген ақ киізбен қапталған. Барлық күлдіреуіштері таза күмістен жасалған.

Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «үй ағашты» алты ай немесе бір жыл бұрын дайындайды. Қабығы аршылмай бабымен кептірілген үй ағаштарын морға төсеп,

балқытқаннан кейін тезге салып, ысқаурынмен қысып түзетеді немесе керекті қалыпқа келтіріп иеді. Иілген киіз үй ағаштарын арнаулы үлгідегі ырғаққа салып қатырады. Ырғақтан шығарылған ағаштарды жоңғымен қабығын аршып, жонып, қырнауышпен қырнайды, уықтың бүгілі мен керегенің бас жағына сай-сай етіп сызық салады. Бұдан кейін кереге желісіне көк өткізілетін жерге белгі – дембі салып, үскімен тесіп, қайыспен көктейді, яғни түйенің иленбеген мойын терісінен жіңішке етіп тілген таспаны өткізіп түйіндейді. Киіз үйдің ағаш бөліктері:

**Кереге** – киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын желі, ал керегелік желінің ең ұзынын – *ерісі*, қысқалауын – *балашық*, ең қысқасын *сағанақ* деп атайды. Керегенің көктеліп біткен әр бөлігін *қанат* деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді (екі-үш қанаттан бастап отыз қанатқа дейін). Кереге желісінің айқасып көктелген, уық байлайтын жері *керегенің басы* деп аталады. Киіз үйдің үлкен-кішілігі осы кереге басының санына байланысты. Кереге жасалу технологиясына қарай *желкөз*, *торкөз кереге* болып бөлінеді. Желкөз керегенің көзі үлкен, арасында бір желі көктелмей азат қалдырылады. Мұндай кереге жазылғыш келеді. Торкөз керегенің көзі тар, жұдырық сыймайтындай болады. Кереге желісін көктегенде азат қалдырмайды. Мұндай кереге аса көп жазылмайды, тұтынуға төзімді. Керегенің бас санына қарай уық саны да азайып, көбейіп отырады.

**Уық** – кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан (сыр талынан) жасалады. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау, имектеу болып келеді, мұны уықтың *иіні* дейді. Уықтың жоғарғы тұзу жағын *қары*, шаңырақ көзіне сұғынатын төрт қырлы ұшын *қаламы* дейді. Уықтың кереге басына байланатын жағын тесіп, бау өткізеді, оны *уық бау* (*балақ бау*) деп атайды.

**Шаңырақ** – киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез. Шаңырақтың шеңбері 3-5 м шамасында болады. Оны көбінесе тораңғыдан, сом қайыңнан иіп қиюластырады, қоспаларын жалтырауық металмен құрсаулайды. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін *тоғын* дейді. Оған уық сұғынатын төрт қырлы көз – *қаламдықтар* теседі. Шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбесіне жауын-шашын

іріклемейі үшін 45 градус шамасында айқастыра бекітілген ағаштарды *күлдіреуіш* деп атайды. Күлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі, түгін шығады.

**Сықырлауық** (жарма есік) кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік қызметін атқарады. Ол табалдырық пен маңдайшадан, қос босағадан және жарма беттен құралады. Қос босаға мен маңдайша ауқымды келетін ұласымды өрнектермен оймышталып, есік беті нәзік өрнекті, бедерлі сүйекпен немесе металмен қапталады.

Киіз үйдің **киіз бөліктері** күн сәулесін және тамшы өткізбеу, жылу сақтау қызметтерін атқарады. Оларды пісірілген ақ шаңқан киізден пішіп, ою-өрнектермен безендіреді. Пішілген киізді таңдай өрнекті жіппен жиектеу, дөдегеге мақпал немесе шұғадан ою-өрнек бастыру киіз үйге салтанатты сипат береді. **Туырлық** керегенің іргесінен уықтың ортасына дейінгі жерді, **үзік** кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты, **түндік** шаңырақты, **киіз есік** сықырлауықты жауып тұрады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұастастыру, сыртқы әбзелдерін бастырып тұру мақсатында бау-құрлар қолданылады. *Таңғыш* – екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр. *Бас арқан* – керегенің басын сыртынан бастыра орап таңатын қыл арқан. *Белдеу* – туырлықтың керегеге тығыз жатуы және оны жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып буатын қыл арқан. *Шалма* – уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр. Уық шалғыш, иық бау деп те атайды. *Желбау* – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады, киіз үйге сәндік-жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмамен басып тұру. *Басқұр* – киіз үйдің ішін безендіру үшін әрі туырлықтың кереге басына үйкелмеуі үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр. *Туырлық бау* – туырлықты ұстап тұратын әрі әсемдік үшін түр салынған жалпақ терме бау. *Үзік бау* – үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден тағылған, уықтың үстінен айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау. *Бақан* – бір ұшын (жоғарғы) екі аша

етіп жасаған ұзын сырық. Әдетте, майыспайтын, мықты, тұзу ағаштан жасайды. Ол киіз үйді тіккен кезде шаңырақты көтеріп тұруға арналған уық қаламын шаңырақ қаламдығына енгізіп, екінші төменгі ұшын керегенің басына қосып байлаған кезде қолданылады. Ертеде бай-манаптардың керегесі биік, уығы ұзын үйлерінің шаңырағын қарулы жігіттер ат үстінде тұрып бақанмен көтерген. Кереге мен туырлық арасынан айналдыра тұтылатын *шилер* туырлықты кереге көгінің жыртуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі. Алуан түрге боялған қой жүнін орау арқылы тоқылған шиді *шым ши* деп атайды. Ши кейде туырлықтың сыртынан да ұсталады.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Киіз үйдің пайда болуы туралы қандай гипотезалар бар?
2. Киіз үйдің таралу аймақтары қандай?
3. Киіз үйдің ағаш бөліктері қандай?
4. Киіз үйдің киіз бөліктері қандай?
5. Киіз үйдің ішкі кеңістігі қандай бөліктерге бөлінеді?

**1.7 Ресей империясы құрамындағы Қазақстанның қоныстары, тұрғын үйлері мен қалалары (1734-1917 ж.)**

Бұл кезеңде көшпелі қазақтардың негізгі тұрғын үйлері көші-қонға ыңғайлы киіз үйлер болды.

Қысқы қыстаулар орналасқан өзендердің аңғарлары мен тау шатқалдарында қазақтардың тұрғын үйлері тұрақты үлгімен салынды. Бұлар жер бетіне киіз үй сияқты етіп тастан (шошала), қамыстан (доғара) тұрғызылған құрылыс түрінде, тікбұрышты жеркепе және жертөле, жер бетіне тікбұрышты етіп салынған шым үй және саз балшықтан домбаздалған соқпа там болды. Қазақ халқында тұрақты баспаналар ертеден бар екенін кепенің жертөлеге, жертөленің қақыраға алмасу үрдісінен де аңғаруға болады.

Қазақта тұрақты және жылжымалы баспананың екеуінің бірден болуы – оның отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі өмір салтын ұстанғандығынан туған жағдай.

Тұрақты баспананың ең көне түрі – шошала шымнан, қамыстан, қыштан, қамкесектен, тақтатастан тұрғызылған. Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл сияқты орманды-далалы болып

келген аудандарда шошала бес қабырғалы етіліп, ағаштан қиыстырылғанымен шаңырағы түндікпен, кіріп-шығатын ойығы-киіз есікпен жабылған. Шошала жүздеген жылдар бойы жартылай отырықшы және отырықшы қазақпен бірге жасасқанымен, тұрғын үйдің жетілдірілген түрлерінің көбейе бастауына байланысты бірте-бірте азық-түлік қоймасы, асхана, тіптен отынхана ретінде пайдаланып, кейін мүлдем істен шығып қалған.

Кепенің біршама дамытылған баламасы жертөлені тұрғызудың ең қарапайым әдісі мынадай болған; әдетте жерді шаршылап қазып, топырағын босатқаннан кейін, үстіне су құйып, қидаланған малдың қылымен, қой жүнімен, сабанмен иін қандыра араластырып балшық илейтін де, қазылған шаршының жиегіне бірінің үстіне бірін қатар-қатар етіп жұмбаз ұратындықтан құрылыстың қабырғасы көтеріле беретін. Дайындалған материал біткен соң, шұңқырды төмен қарай тағы да үнгіп, қопсыған топырақтан балшық илеп, жұмбаздау әдісімен қабырғаны одан әрі көтере түсетін. Күн түсетін жақтан жалғыз терезе, есік шығарылатын. Төмендетілген жердің тереңдігімен тұрғызылған қабырғаның биіктігі теңелген кезде, іші-сыртын лаймен сылап, төбесін мығым етіп қамыспен, шөппен жабатын да, лаймен сылап тастайтын болған.

Жертөленің ортасына от жағылатындықтан төбесіне әдейі қалдырылған ойыққа түтін тартатын мұржаның шыбықпен шыбықталған қарапайым нұсқасы орнатылатын болған.

Тұрпайы жертөленің бізге жеткен баламаларының бірі Сырбойы диқандарының ауладан тысқары егістіктің басына жаз айларына арнап тұрғызатын уақытша баспанасы – өлшек те жертөле үлгісімен салынған. Тек оның іші-сырты салынбаған, итарқасы ағаш бұтақтарымен, жыңғылмен, көк жантақпен жабылатын да, жел ұшырып кетпес үшін үстіне әр жерден кам кесек, кеуіп үлгере қоймаған батпақ тоңғағы тасталатын болған.

Пештің пайда болуына байланысты бір бөлмелі үйді енді пешпен ауыз үй және төр үй деп екіге бөлу пайда болды. Дерек берушілердің мәліметі бойынша, кейбір отбасында адам санының өсуіне байланысты бір бөлмелі әке үйіне екінші кейде үшінші бөлмені қосып салатын. Бұл бөлмелерге бірінің іші арқылы екіншісіне өтуге болатын немесе баласының шаруашылығы жеке

болса, бөлек есіктен де кіруге болатын. Құрылыс материалдары ретінде қазақтар сабан, қамыс, тас, шикі және саман кірпіш пен ағашты пайдаланды. Бірақ бастапқы кезде саман кірпіш пен орман материалдарын дайындау және бұл материалдардан құрылыс салу техникасының өзі қазақтардың арасында аз таралды, әсіресе далалық аймақтағы қазақтарда аз кездесті. Тек желі бойындағы қазақтар басқалармен салыстырғанда бұл құрылыс материалын қолдануды орыстардан ертерек қабылдады. Сөйтіп, уақыт өте келе саман кірпіш пен ағашты пайдалану қазақтар арасында кеңінен қолданыла бастады.

Орыстардың өлкеге келуімен қазақтардың қыстаулардағы тұрақты баспаналарының көбеюі тығыз байланысты. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында патша үкіметі Жетісу облысында орыс-казак қоныстанушыларына қазақтардың егін егуге жарамды жерлерін тартып алып бөліп берді. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында Жетісу облысында кедейленген қазақтар орыс-казактарға жақын жерлерге ағаш үйлерден және жертөлелерден тұратын елдімекендер салды.

Ертіс өзенінің жағасында қоныстанған қазақтар шикі және саман кірпіштен, сонымен қатар тас пен балшықтан үйлер салды. ХІХ ғасырда және ХХ ғасырдың басында Шығыс Қазақстанда ірі казак байлары тек бірнеше бөлмелі қима үйлер ғана емес, салыну жоспары жағынан күрделі қала типтес үйлер сала бастады. Мәселен, Зайсан қаласы салынғаннан кейін Зайсанға таяу Шорға бойының байлары қала байларынша тұру салтына көшкен. Дерек берушілердің айтуы бойынша, мысалы, осы өңірде болыс болған Әбділдабек Төгісұлы, Атабай, Нұреке Бөгісұлдары асты-үстің қарағалайтып, бірнеше бөлмелі үй салғызып, аузына швейцар ұстаған, монша да салдырған. Дерек берушілердің айтуы бойынша, мұндай үйлерді салу үшін олар орыстардан және татарлардан шеберлерді жалдады, алайда Өскемен, Семей уездері қазақтары арасында сирек болсын қалада орыс шеберлерінен оқып-үйреніп келген казак үйші-шеберлері кездесетін.

ХІХ ғасырдың ортасынан бастап орманды аудандарда үйді бөренеден салу жиілей түсті, оған мысал ретінде мына бір деректі келтірейік: Черемухов поселкесінен Өскемен станицасына дейінгі 10 шақырымдағы 8 казак полкінің командирінің хабарлауынша,

шаруашылық және басқа құрылыстарымен бірге 270 ағаш үй салынған.

Мысалы, Шығыс Қазақстан қазақтары арасында бөренеден салынған құрылыстардың одан әрі дамуы туралы 1900 жылғы Щербина экспедициясының мәліметтерінен көре аламыз.

1-кесте

### Шығыс Қазақстандағы ағаш үй құрылыстары

Уездер	Ағаш құрылыстардың саны	Қысқы құрылыстардың пайызы
Өскемен	4091	20,65
Семей	6775	32,26
Зайсан	1608	10,20
Барлығы	12474	22,06

Бұл көрсеткіштерден Зайсан уезі басқа Өскемен және Семей уездерімен салыстырғанда артқы орында тұрғанын көреміз. Себебі Өскемен және Семей уездері – орманға бай аудандар.

Құрылыс жоспары бойынша, бөренеден салынған үйлердің басқа материалдардан салынған үйлерден айырмашылығы болмады. Мұндай үйлер қазақтардың негізгі бөлігінде төбесі топырақпен жабылған, бір бөлмелі болды. Кейбір жағдайларда үйдің алдына тағы бір бөлмелі үй салып, олардың арасын бөренеден жасалған қабырғалар арқылы қосады. Тек бай қазақтар ғана бірден үш бөлмелі үй салатын.

Кедей қазақтар бір бөлмелі, топырақ еденді үйлермен шектеле-летін, оның кіреберісіне суық күндері жас төлдерді ұстайтын.

Кедей қазақтар үй салудың қарапайым әдістерін қолданды: бұрыштарынан жерге жуан бағаналар қадалып, оған бөренелер қойылды.

Қазақтар тұрмысында осындай тұрғын үйлердің салына бастауымен терезенің шығуы тығыз байланысты. Бастапқыда күн түсетін жақтағы қабырғадан ойып жасалған тесікке шыны орнына қой қарынын немесе жұқа қылып өңделген лақтың терісін пайдаланды.

Ал шыныланған терезелер тек ірі байларда ғана болды. XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақ даласында сауданың дамуы арқасында шыны қазақ тұрмысында кеңінен қолданыла бастады,



қысқы уақыттарда қазақтардың көбі үйлеріне шыныланған терезелерді қойды. Бұдан кейінгі уақыттарда терезе жасау бір бөлмелі үйлерде де көбейе түсті.

Құрылысы жағынан күрделіленген қысқы үйлердің пайда болуымен қатар қазақтар тастан пеш жасауды үйрене бастады. Бұл пештер тамақ істеуге келмейтін. Әдетте, мұндай пештер босағадан оң немесе сол жаққа орналастырылып, пештегі от сөнгенде ғана жағылатын қарапайым «шырағданнан» басқа қараңғыда үйге жарық беретін арнайы заттың болмауына байланысты, оның аузы төрге қарап тұрды.

Орыстардың әсерімен қазақтарда саз балшықтан жасалған пештер пайда болды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде арнайы дайындалған кірпіштерден пештер сала бастады. Оны қазақтар арасында «меш кірпіш» деп атады. Осы кезеңде бір қабырғасы жылытуға арналған пештер пайда бола бастады, кейіннен ол қарастырылып отырған аймақтың басқа аудандарына да кеңінен тарай бастады. Бұл пештердің мұржасы көлденең (секіртпе) немесе тік (сүйретпе) бес құдықтан тұрды. Әдетте, мұндай пештер бөлменің ортасына орналасып, оны екіге – ауыз және төр үйге бөліп тұрды.

XX ғасырдың басынан бастап қазақтардың үйлерінің алдыңғы бөлмелерінде нан және тамақ пісіру үшін пештер салына бастады. Енді балшықтан да, кірпіштен де пешті қалай алатын қазақ пешшілері пайда болды.

Үйдің ішіне жарық беру үшін қазақтар ешкі майынан дайындалған шамшырақты пайдаланды. Кейіннен бұлардың орнына қаладан әкелінген керосинмен жанатын шамдар келді.

Қазақ тұрмысында ағаштан жасалған бұйымдар мен көшіп-қонуға қолайлы үй жиһаздарының үлкен маңызы болды. Үйдің ішкі жабдықтарының ішінде керекті элементтерінің бірі азық-түлік сақтауға арналған «кебеже» болды. Дерек берушілердің мәліметі бойынша, бұдан басқа үлкен кебежелер болған, олар көш кезінде кішкене балаларды алып жүруге арналды. Кебежені тақтайлардан жасады. Оның қабырғалары мен түбін ағаш шегелермен немесе бірыңғай қайыстан жасалған баулармен бекітті. Үйдің ішкі жабдығын (сандықтар, киіздер, текеметтер және т.б.) жинау үшін еденге қойылатын ағаш жүкаяқтар қолданылды. Қазақтарда

ертеден келе жатқан көшкенде тез жиналатын төсекағаштары болды. Мұндай екі басын қайқы қылып, бетін сүйекпен қаптап, күміспен, асыл таспен әсемделген төсектер ерте заманнан бастап XX ғасырдың 30-жылдарына дейін кең тараған сәнді түрі болған. Недәуір биік қайқыбас төсектің ортасын жатуға жайлы ету үшін ең төменнен бастап жоғары қарай бірінен-бірін ұзын етіп өлшеп киып, бірнеше қабат ақ киізбен толтырған. Кейінірек екі есігі бар бір сөрелі тақтай шкафтар тұрмыста қолданысқа ене бастады, онда ұсақ ыдыс-аяқты сақтады. Барлық үй іші жабдықтары қабырғаны жағалай орналастырылды. Әдетте, бұл жиһаздардың бет жағы ою-өрнектермен әшекейленді.

Қыстаулардағы отырықшылыққа бейімделген тұрғын үйлердің дамуы, үй-жайлар санының көбеюі және орыс мәдениетінің ықпалы тұрғын үйлердегі керек-жарақтардың едәуір өзгерісіне әкеп соқты. Бұрынғы тошала ас үй немесе артық заттарды сақтайтын қоймаға айналды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тұрмысында үй жиһаздарының орыс халқынікіне ұқсас жаңа түрлері пайда болды. Кейбір қазақтар биік ағаш төсектер әкеле бастады, үй ішін жабдықтау үшін әртүрлі көлемдегі сатып алынған бет жағы өрнектелген, құлыпталатын әбдіре, қол сандықтар кеңінен қолданыла бастады. Бай қазақтар, әсіресе қаламен байланыстағы қазақтар шыныланған екі есігі бар комодтар мен шкафтар әкелді, қонақ бөлмелеріне қабырға айналарын іліп, оған гүлдермен кестеленген орамалдар жауып қойды. Сонымен қатар бай қазақтарда қолдан жасалған үстел, орындықтар кеңінен қолданылды. Барлық заттар қабырғаларды жағалай орналастырылды, ал ортасы ашық қалдырылып, еденге киіз, алаша, байларда кілем төселді.

Тұрмыстағы қолданыла бастаған жаңа заттар қазақ тіліне орыстың «шкап», «үстел», «скамейке», «крауат», «бедіре» деген сияқты т.б. сөздерін енгізді.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ халқының көбінде тұрғын үй, қора-қопсысы бар тұрақты қыстаулар болды. Малға арналған қора-қопсы Қазақстанның әр аудандарында жергілікті жағдайларға байланысты әртүрлі етіп салынды. Қой мен ешкіге, сиырға кейде түйеге де арнап қашарлар салынды. Шаруашылық жайлар көбінесе «қора» де аталды.

Жалпы осы кезеңде қазақ халқы қолданған тұрақты мекен-жайдың негізгі нұсқалары деп біз оның мынадай үлгілерін атай аламыз:

**Қоржын үй.** Қазақтың бізге танымал тұрақты мекен-жайларының барлығының сұлбасы көрінетін, кейде асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылатын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі тұрғын үй. Қақыраның негізінде пайда болып, тұрғын жайдың басқа да үлгілерінің қалыптасуына жол ашқан үй құрылысының нұсқасы болуы мүмкін.

Қоржын үй тұрғызу әдісі мейлінше қарапайым. Ол үшін әдетте ауладағы егістіктің, бақшаның, жауын-шашынның суы жинала қоймайтын биіктеу жер таңдап алынатын да, оны кетпенмен тегістеп, сабан, түйеқарын, кепкен жантақ, т.б. шөп-шалам төселгеннен кейін малдың тұяғымен таптататын болған. Шөп-шаламды сыпырып алып, үстіне су құйып, кілкіндісін ағызып жіберіп, тағы да су құйып, малдың тұяғымен таптауды ағаш тоқпақпен ұрып, нығарлаумен қатар жүргізе берген. Жер әбден дайын болғаннан кейін қабырға тұрғызылатын шаршыға дуалдың енімен бірдей ор қазып, оған барынша қалың етіп қамыс төсеп, соның үстіне ғана үйдің қаңқасын тұрғызады екен.

**Тоқалтам.** Қоржын үйдің тікелей баламасы, этнографиялық әдебиетте «қарсы есікті» деген шартты атаумен белгілі тұрғын үй нұсқасы. Қамкесектен соғылады. Қамыспен жабылып, төбе-жабыны қаңқасымен қоса тып-типыл етіп сыланатын болғандықтан «тоқалтам» деп аталған. Ауласында бірнеше атыз егіс танабы, жоңышқалық, диқаншылық пен мал ұстауды бірдей игерген кешенді шаруашылықтың нышаны іспетті киіз үй, жартылай ашық қора-қопсы кездеседі.

Тоқалтам Ертіс жағалауында, Жетісуда, Сырбойында, Арал сыртының Ырғыз жағында кеңінен тарағанымен, соңғы жылдарда сирек кездесетін болып алған.

**Тіркеспе.** Далалық қыстаулардың ең көп тараған, шатыры бола бермейтін, итарқасы қора-қопсымен бірге жабылатын, көбіне қамкесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген қышпен қапталатын «ауыз үй», «оттық үй», «жатақ үй», «қонақ үй» тікеспесінен тұратын мекен-жайдың үлгісі. Қыстау тұрғындары жатақ бөлмеге немесе қонақ жайға

кіру үшін әуелі қора-қопсыдағы отынханаға, астық қоймасына, төл ұстайтын «ауыз үйге» тап болатын. Содан кейін бойы аласа, терезелері тар, табалдырығы биік бөлмелерге, ең алдымен «оттық үйге», қазан оттығымен жылытылатын «жатақ үйге», одан әрмен өз алдына от жағылатын «қонақ үйге» кіре алтын.

**Шарбақ үй.** Кенді Алтайдың орманды-далалы алқабында қалыптасқан, қаңқасы бұтақтармен шабақталған шарбақтан құрастырылатын да, іші-сырты сыланып тасталатын тұрақты мекен-жайдың біршама көне нұсқасы. Төбесінің құламасы бас жағын бұған қамыспен, неше түрлі шөп-шаламмен жабылатын болған, ортасына от жағылатындықтан төбесіндегі түгін тартатын ойықтың мұржасы шабақталып, балшықпен сыланатын. Соңғы кезге дейін қазіргі тұрғын үйлердің ауласындағы қойма, қора-қопсының қызметін атқарып келген.

**Дүкен.** Ағаштан қиыстырылған, бес қабырғалы шатырлы үйдің нұсқасы. Бес қабырғалы болып келетіні тұрақты мекен-жай салуда үйреншікті түрдің – киіз үйдің, шшаланың шеңберінен түзу қабырғалы қаңқаға алмасу үрдісін көрсетеді. Көбіне мекен-жайдың өзге нұсқаларымен, әсіресе шарбақ үймен бірге пайдаланылған. Төбесінің құламасы бес қырлы болғандықтан дем шығатын ойығы қақпақпен жабылып, тіреуішпен ашылатын бес бұрыш кейпінде болғанға ұқсайды. Қазір тұрмыстан шығып қалған.

**Қыстық.** Шатырлы ағаш үйдің шаршысы созылыққылау келетін, қабырғасы ағаш кеспектерімен қаланатын түрі. Кіреберісінде үйдің жылынатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған.

Зерттеушілер қыстықты XVIII-XIX ғасырларда Шығыс Қазақстанға жаңадан қоныс тепкендердің ықпалымен пайда болған тұрғын үйдің үлгісі деп жорамалдайды. Оның әшекейлі ою-өрнегі жөнінде мәліметтер сақталмаған.

Капитализм кезеңінде Қазақстанда кіші, орташа және ірі қалалар болды. Сол кездегі қалалар уездердің, облыстардың және генерал-губернаторлықтардың орталығы ретінде жандана түсті. Қалалардың жоспарлары мен архитектурасында (Семей, Өскемен, Омбы) еуропалық үлгі қалыптасты.

1867-68 ж. реформа бойынша сол кезде Қазақстан шегінде болған бес қалалық қоныс – Орынбор, Омбы, Семей, Верный, Орал облыс орталықтарына айналды, ал Ташкент Сырдария облысымен

қоса, Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болды, Омбыда Дала генерал-губернаторлығы әкімшілігі орналасты.

Қазақстан қалалары көптеген ғылыми зерттеушілердің назарын аударды, өйткені өнеркәсіп, сауда, материалдық өндіріс, қоғамдық-саяси өмір, этникалық жағынан ала-құла адамдардың қоныстану орталықтары бола отырып, сондай-ақ әлеуметтік-саяси нормалардың тұрақты сақталуы жағдайларында жеке кәсіпкерлік пен өзіндік ерекшелігі бар рыноктық қатынастардың ошақтары ретінде олар өзара ықпал жасаудың күрделі үрдісінде жандандырушы рөл атқарды. Аталмыш кезеңдегі Қазақстан қалаларының аймақтық ерекшеліктері болды. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанда аймақтың Ресейге қосылуынан бұрын пайда болған қалалар да бар еді, оларды этникалық құрылымында түркітілдес құрам басым болды.

Ал Солтүстік-Шығыс және Орталық Қазақстанның қалалары біршама өзгеше жағдайларда, өлкені отарлау барысында пайда болды.

Қазақстан қалалары отырықшы және көшпелі халықтың тұрақты өзара байланыс орталықтары бола отырып және айналасындағы ауылдық өмірге әсер етіп, малмен тікелей сауда жасаудың және тауарды сыртқа шығарудың, шектес аудандарға жіберудің объективті түрде орталықтарына айналды. Мұндай орталық ретінде Қостанай қаласын айтуға болады.

Реформадан кейінгі дәуірде өлке қалаларының көпшілігі шағын қоныстар қатарына жатты, олар, мысалы, Сырдария облысында жалпы қалалар санының 71%-ы, Жетісуда – 50%, Торғайда – 25%, Ақмолада – 25%, Ақмолада – 20%, болды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қалалардың мәдени келбеті өлкені отарлаудың әлеуметтік-экономикалық үрдістерінің, оны тездетте түскен қажеттердің ықпалымен қалыптасты.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақ халқының дәстүрлі отырықшы баспаналарына сипаттау жасаңыз.
2. Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі қазақтардың баспана құрылысындағы өзгерістер қандай?
3. Баспана құрылысындағы аймақтық ерекшеліктер қандай?
4. Қалалар – облыс, уездердің орталықтары ретінде.
5. Үй жиһаздарының қандай жаңа түрлері пайда болды?

## **1.8 Қазақстанның Кеңес дәуіріндегі және тәуелсіз дамуы жылдарындағы қоныстар мен тұрғын үйлер және қалалар**

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Қазақстанға, оның ішінде оңтүстік аймақтарға бірқатар ғылыми экспедициялар мен орыс ғалымдарының жүргізген ғылыми жұмыстарына қарамастан, қазақтардың баспанасын зерттеуге баса назар аударылмаған.

Қазан төңкерісінен кейін қазақтардың өмірі әлеуметтік экономикалық жағынан түбегейлі өзгеріп, отырықшылыққа көшу басталды. Соның нәтижесінде ауылда тұрғын үй құрылысының кең қанат жаюына байланысты 1920 жылдары республикада 8257 отырықшы ауыл пайда болды.

Қазақстанда жаппай ұжымдастыру үрдісі 1929 жылы басталып, 1930 жылға қарай колхоздарда шаруа қожалықтарының 22,5%-ы болды. Сол кездегі партия мен үкімет совхоздар мен колхоздардың құрылуына үлкен көңіл бөлді.

Колхоз құрылысының алғашқы жылдарында Қазақстанда үй-жайлардың екі түрі болды. Қысы қатты болатын солтүстік аудандарда жабық жайлар, яғни негізгі тұрғын үй мен оның екі немесе үш жағынан жапсарласқан қора-қопсысы бір шатырмен жабылған түрлері кең тарады. Мекен-жайға тек шаруашылық жабық аула арқылы кіруге болды. Мұндай бір шатырдың астында малды ұстау аязды күндері қолайлы болды. Көшеден кіргенде бірінші мал қора арқылы тұрғын үйге өтетін, мал қора «сиыр қора», «ат қора», «тезек қора» сияқты бөлімдерден тұрды.

Мұндай жоспарланған үйлер Орал, Ақтөбе, Қостанай, Торғай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды, Семей, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына тән болды. Мұндай жайлардың мал қорамен бірге болуы санитарлық жағынан қолайсыздық тудырды. Сондықтан үйлердің мұндай түрлері соғыстың алдында және одан кейінгі кезеңде жойыла бастады. Енді жабық жайларда шаруашылық аула мен тұрғын жайды бөліп тұратын дәліз (сенек, калидор, ауыз сенек, көше, қарсы үй) пайда болды.

Оңтүстік аудандарға (Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы және Талдықорған) ашық мекен-жайлар тән. Егін шаруашылығы дамыған аудандарда мекен-жайға арналған жер бақша немесе бақ өсіру үшін қолданылды. Бүкіл мекен-жай (тұрғын үй

мен шаруашылық құрылыстары) шарбақпен қоршалып, шаруашылық аула шатырсыз болды, оған бақша немесе бақ жалғасып кетті. Үй фасады көшеге қарады, шаруашылық және мал қоралар ауланың ұзына бойына орналасты, ал бау мен бақша мекен-жайдың түкпірінде болды.

Мұндай мекен-жайдағы үйлер ас үй (долиз) және тұрғын бөлмеден (түпкі там) тұрды. Үйдің оңтүстігінен ашық шаруашылық ауласы жалғасты, ол шарбақпен немесе саз кесектерімен (гуваляк) қоршалды. Мекен-жайдың батыс жағында отынға арналған сарай (отынхана) және мал қора (малхана), оңтүстік-шығыс бұрышында шөпке арналған қоршау орналасты.

Оңтүстік өңірлердегі мекен-жайдың құрылыс материалы мен долиз, хона (мал-хона, отын-хона) атауларынан өзбек халқының әсерін анық көруге болады.

Мекен-жайдың негізгі екі түрінен басқа соғысқа дейінгі кезеңде тағы бір аралық түрі болды. Мұнда тұрғын үйге жалғасқан немесе бөлек орналасқан мал қорасы болды, шаруашылық ауласы болмады. Мекен-жай қоршалмады, жан-жағы ашық және үй мен мал қораға жалғасқан жер қолданылмады. Мекен-жайдың мұндай түрлері тек мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда кең тарады, сондықтан мекен-жай маңындағы жер пайдаланылмады.

Қазақстанның барлық аймақтарында бір камералы үйлердің орнына екі камералы үйлер соғысқа дейінгі жылдарда көбейе түсті, бірақ әр облыс үйлерінің өзіндік белгілері болды, аймақтың экономикасы, табиғи-географиялық жағдайлары мен көршілердің әсерінің негізінде пайда болған олардың айырмашылығы құрылыс материалы, шатырының формасы, жылыту жүйесінде еді.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудан кейінгі жылдары бір камералы үйлерді ортасынан қазандық арқылы бірдей емес екі бөлікке бөлетін болды. Басында жылытқыш қабырғаны төбеге дейін жетпейтіндей етіп салды, ал қабырға мен пештің арасында кең өтетін жер қалдырды. Кейіннен жылытқыш қабырғаны төбеге дейін жеткізіп, пеш пен қабырға арасын тарылтып, есік жасайтын болды. Нәтижесінде екі бөлме пайда болды: ас үй (кішкене жәк, ауыз үй) және тұрғын бөлме (қонақ үй, төр үй). Тұрғын бөлмеге шаруашылық құрылыстары (клет,

шошала және т.б.) жалғасты. Алайда мұндай екі камералы үйлердің де қолайсыз жақтары да (бөлмелері тар, төбе, ағаш еден, іргесінің болмауы, жарықтың аз түсуі және т.б.) көп болды. Екі камералы үйлердің басты кемшілігі ауыз үйдің болмауы еді. Сонымен қатар құрылыс материалдары да әр аймақта климаты мен салынатын құрылыс түріне байланысты әртүрлі болды. Мәселен, далалы аудандарда ертеден келе жатқан арзан материал «шым» ұзақ уақыт бойы қолданылып келді. Тіпті соғыстан кейінгі уақытта да Ақтөбе, Семей, Қостанай облыстарында шым құрылыс салуда қолданылды. Солтүстік-Шығыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстанның орманды аудандарында үйлер бөренелерден тұрғызылды. Қазақстанның оңтүстігіндегі өзбек, ұйғырлармен көршілес аудандарда үй қабырғаларын, шаруашылық құрылыстары мен қоршауларды саз балшықтан салу кең тарады. Маңғышлақта, әсіресе теңіз жағалауындағылар үйді ұлутастан (камень-ракушечник) салды. Мұндай тастардың жылу өткізгіштігі төмен болады және жеңіл өңделеді. Алайда бұл кезеңде негізгі құрылыс материалы шикі және саман кірпіш болды.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан Республикасында жалпы экономиканың біршама жақсы дамуы байқалады. Бұл даму республиканың қоғамдық өмірінің барлық салаларына тән белгі. Оның көрінісіне Қазақстанның барлық аймақтарындағы елді мекендер мен тұрғын үйлердің кең қанат жая бастауы дәлел бола алады.

Үйлер құрылысының жетілуімен бірге жылыту жүйесі де жоғары деңгейге көтерілді. Соғысқа дейін саз балшықтан істелген қазандықтар пештің негізгі түрі болса, соғыстан кейінгі жылдары ас үйлерде ас пісіретін плиталар пайда болды. Оңтүстік аудандарда қазандық енді аулаға (жазғы ас үй), ал басқа аудандарда шаруашылық құрылыстарына (шошала, клет, қора, қарсы үй) көшірілді. Кейбір өңірлерде (Семей, Қарағанды, Целиноград) ас үйде плитамен бірге нан пісіретін пештер (нан пеш) салынды.

Қазақстанның оңтүстігінде (Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстары) үйлерде верандалар (дәліз) салына бастады. Ағаш едендер, шатыр, төбелер, іргетас, плиталардың пайда болуы сол кездегі қазақ халқының баспана құрылысының біршама алдыға жылжығандығын көрсетеді.



Құрылыс ісінің кемелденуіне байланысты екі камералы үйлермен қатар, дамыған шаруашылық құрылыстары бар үш камералы үйлер де шыға бастады.

Кей облыстарда (Семей, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан) тұрғын бөлмелері қатар-қатар орналасқан, шығар есік ортаңғы бөлмеге (ауыз үй, орта үй) келетін үш камералы үйлер тарады. Мұндай үйлерді «қоржын үй» деп атады.

Жаңа кезеңнің басталуы ауылдарды бір-біріне қосумен сипатталды. Бұл үрдіс сол кездегі Кеңестер Одағы коммунистік партиясының Орталық Комитетінің 1950 жылы 30 мамырдағы шешімімен басталған еді. 1954 жылы ең алғаш кіші колхоздардың 737 мыңы біріктіріледі. Бұл жобаның мақсаты үйлер санын көбейту болды. Әсіресе жаңа үйлер салу сол кездегі тың игеруге байланысты құрылған жаңа совхоздар мен колхоздарда кең етек алды. 1954-1955 жылдары Есіл ауданында 38 мектеп, 21 асхана, 21 аурухана жаңадан салынады, осы жерлерде ең алғаш рет көлемі үлкен тұрғын үйлер тұрғызылды. 1953-1966 жылдары салынған үйлердің жоспарына өте көп өзгерістер енгізілді. Мысалы, сол кезде ағаштан үйлер көптеп тұрғызыла бастады, мұндай үйлердің астына ағаштан үлкен дінгек орнатылып, үстіне жіңішке бұтақтардан, бөренелерден үй тұрғызылды. Олардың төбесі үшбұрышты болып келді. Бөренелер арасын көбіне балшықпен бекіткен. Мұндай үйлердің есігі оңтүстікке қаратылған.

1957 жылдан бастап Алматы жобалау институттарының жобалары бойынша Қазақстанның көптеген облыстарында стандартты үйлер салынды. 1958 жылы жасалған этнографиялық экспедициялардың зерттеулерінен «Казгипросельстрой» жобаланған №6 жоба бойынша Алматы, Жамбыл, Талдықорған облысының аудандарында ауыз үй және екі бөлмеден тұратын үйлер салынды. Стандартты екі бөлмелі үйлерді жаппай салу, тұрғын үй мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Бірақ көп кешікпей бұл үйлер ауыл тұрғындарының мәдени тұрмыстық талабына сай келмейтіндігі айқын көріне бастады.

Оңтүстік Қазақстанда екі және үш бөлмелі үйлер 1950-1955 жылдары көп салынған. Ал көп бөлмелі тұрғын үйлердің жедел түрде салынуы 1956–1965 жылдар аралығына келеді. 20 жыл ішінде екі бөлмелі үйлерге қарағанда үш бөлмелі үйлер үш есе

көп салынған. Жаңа тұрғын үйдің жобасының сипатына қарай үш түрін ажыратуға болады:

1. Ауыз бөлмені айнала үш жағынан орналасқан тұрғын бөлмелері бар үйлер. Оның барлық бөлмелері бір-бірінен жеке орналасқан.

2. Бөлмелеріне бір-бірі арқылы өтетін крестік жобалы үйлер. Мұндай үйлер Целиноград, Көкшетау, Шығыс Қазақстан облыстары мен оңтүстіктің кейбір аудандарында кездеседі.

3. Тұрғын бөлмелері дәліз бойының екі жағына екі қатар етіліп салынған үйлер. Мұндай жоспарлы үйлер Қарағанды, Семей облыстарында кең тарады.

Жалпы бүкіл Қазақстан бойынша үйдің кең тараған түрі – ауыз бөлмені айнала үш жағынан орналасқан тұрғын бөлмелері бар үйлер болды.

1960 жылдары Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында үш бөлмелі «крестік жобалы» үйлер көп тараған. Қатарымен орналасқан бөлмелер сонымен бірге кіреберіс бөлме үйдің төрттен бірін құрайды. Үйлердің крестік жобасы қазіргі кездегі өзбек ауылдарына тән. Қазір осындай жобалы үйлер республиканың барлық аумағында кездеседі.

1964 жылы Қостанай облысында А. Иманов атындағы көшеге қызыл кірпіштен үйлер салынған, көшелеріне шам орната бастады. Біз үйлердің өзгеруін осы кезеңде толығымен басталды деуімізге болады. Себебі олардың тек сырты ғана өзгеріп қоймай, енді олар көп бөлмелі болып салына бастады, бұрынғы саманнан салған үйлер көбінесе бір немесе екі бөлмелі болған еді.

Үйлердің өзгеруімен қатар оның ішкі интерьері мен жиһаздары да өзгеріске ұшырады. Ғасырлар бойы қалыптасқан киіз үй іші жиһаздары енді тұрақты баспанаға көшірілді. Соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда үй жиһаздары көп болмады, олар қабырға бойымен орналасты, еденге киіз және тоқылған кілемдер төселді. Негізгі жиһаз ретінде жүкаяқ, төсек ағаш, сандықтар мен кебезелер қолданылды.

Үстел, орындық және темір төсектер тек соғыстың алдында ғана пайда болды. Еденде отырып тамақ ішу, отыру, ұйықтау Қазақстанның көп бөліктерінде, әсіресе оңтүстік және батыс аудандарда сақталды.

Жиналған көрпе-жастықты кестеленген жапқыштармен жауып қою, жан-жағына кестеленген орамал жабылған айна ілу, рама-ларға салынған фотосуреттер ілу барлық отбасыларында кездесті.

Төсектің тұсында қабырғаға кілем ілінді. Ыдысты үстелдің үстіне қойды немесе қолдан жасалған шкафтарға салды. Төсек-орын сандықтарда сақталды, қысқы киімдерді сандық қаптар мен шабаданнарда (чемодан) сақтады.

1975 жылы Қазақстанда ауылдық қоныстануға байланысты адам саны да арта бастады. Енді мемлекет тарапынан құрылыс салу қарқын алды, осыған байланысты колхоздар мен совхоз-дарда құрылыс бригадалары құрылды. 1966-1972 жылдар аралығында Қостанай облысы Наурызым ауданында 12 мың кв.м тұрғын үй, 320 орындық мектеп, сауда орталығы, 90 балаға арналған комбинат, 50 орындық асхана, т.б. тұрғызылады. 1971 жылы совхоздардың жартысынан көбіне жаңа үйлер салынды. Ал колхоздарда бұл кезде көп бөлмелі квартиралар болған еді. 1972 жылы бұл көрсеткіш 86%-ға жеткен екен. Құрылыс салуда, әсіресе студенттердің еңбегі зор болды. Ең алғашқы құрылыс отряды 1959 жылы ММУ-да құрылады. Осы отряд Оңтүстік Қазақстан облысының «Булаев» совхозында қора-қопсысымен 12 тұрғын үй салған еді. 1973 жылы республикада студенттердің 50 мың құрылыс отрядтары жұмыс істеп, 3399 тұрғын үй салған.

Құрылыс ісінің дамуына байланысты құрылыс материалдарын шығаратын зауыттардың саны да арта түсті. 1980 жылдары қызыл кірпіштің бағасының арзан болуына байланысты үй салуда көп қолданылды. Бірақ кірпішті Алматыдан таситын болғандықтан, тасымалдануы қиынға соқты. Экономикалық жағынан күшті колхоздар мен совхоздарда тұрғын үйлердің көбі қызыл кірпіштен салынған. Кірпіштен, бетоннан салынған үй кіші бал жер сілкінісіне төзімді болып келеді. Мысалы, үйлер осы кезде тек қызыл кірпіштен салынса, кірпіш шығаратын зауыттар саны қарқынды дамыды. Тұрғын үйлердің сырты өзгеріп қана қоймай, олардың іші де біршама өзгеріске енді. Мысалы, қызыл кірпіштен салынған үйлердің ішінде кірпіштен салынған пештер орнатылды. Олардың формасы тік не төртбұрышты болып келген. Саманнан салынған түрлерінің төбесінде тек бір ғана үлкен тесігі болған. Сырты бірыңғай тегістелген. Кейбіреулері екі

қабатты болып келген, астына от жақса, үстіне нан, т.б. пісірген. Олардың түгін шығатын құдықтары да әртүрлі болды. Оларды үйдің көлеміне байланысты жасаған, мысалы көп бөлмелі үй болса пештің құдығы да үлкен болып келген. Қазақтардың үйі орыстардың үйіне ұқсас болып келді. Сол кезде тұрғын үйдің жобалануы ұлттық дәстүрмен де байланысты еді. Әсіресе ежелден отырықшылықпен айналысқан өңірлерде этникалық дәстүр де көбірек сақталды. Оңтүстік Қазақстан елді мекендеріндегі тұрғын үйлердің көлемі үлкен, еңсесі биік болып келеді. Себебі бұл өңірлерде Шығыс, Солтүстік Қазақстанмен салыстырғанда күн жылы болып келеді, үйді жылыту да оңай. 90-ж. бастап ауылдық жерлерде көп қабатты тұрғын үйлер салына бастады. Көп қабатты үйлер көбінде Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде белең алып, кейін басқа да аймақтарға тарай бастады.

1980-1990 ж. салынған барлық тұрғын үйлер квадрат формаға жақын, аз ғана ұзартылған жобалық болып келген. Тұрғын үйлердің шатыры 50-60 жылдары жалпақ екі жақты болып келсе, қазір тұрғын үйдің төбесі төрт жақты «конверт» етіп жабылған түрлері көбейе бастады. Үйлердің шатырының материалы шифрмен және таттанбайтын темір қаңылтырмен жабылады.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақстандағы күштеп ұжымдастырудың баспана мәселесіне әсері қандай болды?
2. Баспана түрлерінің аймақтық ерекшеліктері қандай болды?
3. Кеңес дәуіріндегі студенттік құрылыс отрядтарының құрылуы.
4. 1980-1990 ж. Қазақстандағы тұрғын үйлердің жоспары қандай болды?
5. Қазіргі кезеңдегі тұрғын үйлердің жоспары қандай?

## II ТАРАУ

### **Киім және зергерлік бұйымдардың көне дәуірдегі, орта ғасырлардағы, жаңа және қазіргі замандағы кешені**

#### **2.1 Мәселенің деректері мен тарихнамасы**

Қазақтың дәстүрлі ұлттық киімдеріне байланысты жазылған еңбектер өте аз. Қазақ киімдері туралы мәліметтерді көбінесе саяхатшылардың, коллекция жинаушылардың, музей коллекциялары, этнографиялық әдебиеттер, суретшілердің еңбектерінен кездестіруге болады.

XVIII-XIX ғасырдың басындағы П.С. Паллас, И.Г. Георги, А.И. Левшиннің еңбектерінен қазақ киімінің сипатын көрсететін бірнеше суреттерді кездестіруге болады.

XIX ғасырдың 50-60 жылдарында қазақ даласына орыс генерал штабы зерттеу жүргізе бастайды. Осындай зерттеуге М. Красовскийдің қазақ костюмін толығымен сипаттаған еңбегін жатқызуға болады. Ол өз еңбегінде киімнің тігілген матасы мен оның сапасына аса мән берген. Ол қарапайым қазақ отбасының гардеробына қанша мата жұмсалатыны және оның құнын есептеп қарастырған. М. Красовскийдің мәліметтері Ақмола және Семей, Орталық, Солтүстік Шығыс Қазақстан қазақтарына байланысты жазылған. Сондай-ақ Л. Мейер Орынбор қазақтарының киімдеріне қысқаша сипаттама берген.

Оңтүстік қазақтарының киімдері туралы мәлімет аз және олардың барлығы жалпы сипаттама түрінде берілген. Сол сияқты Н. Зеланд және А.П. Краснов Жетісу қазақтары туралы жазса, Іле ауданы қазақтарының киімі туралы Матцеевский, Ф.В. Поярков

енбектерінде қаралған. Жетісу қазақтарының киімдеріне С. Болотов (еркек және әйел киіміне сипаттама), В.В. Верещагина (бір жанұяның киімдерінің сипатталуы), Мак-Гахана (жас қыздардың киімін) және К.К. Абазые (ерлердің костюмі) сипаттама берген.

Н. Васильев «Кочевниках Туркестана» (1890) атты мақаласында мал шаруашылығымен айналысқан тұрғындардың киім тігуге арналған материал сапасы мен киімге кететін мата шығыны туралы жазған.

Маңғыстау қазақтарының киімдері туралы Ф.И. Михайлов өз еңбектерінде сипаттаған.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы көптеген этнографиялық әдебиеттер пайда болды (кітаптар, мақалалар, жалпыланған географиялық басылымдар). Олардан қазақ киімі туралы мәліметтер кездестіруге болады. Л.Ф. Костенко Жетісуды зерттеу барысында Л. Мейердің зерттеуіне қарап киімдерге сипаттама берген. П.С. Усова да Жетісу туралы «Живописная Россия» (10-т. 1885 ж.) мақаласында тағы да Мейер мақаласын негізге ала отырып, қазақ киімдерін сипаттайды. Х. Кустанаевтың мәліметтерін «Россия» (1913 ж.) деген 19 томдық еңбекте И. Масальски пайдаланған. Н.И. Гейер, Э.С. Вульфсон, А. Нисченков және Шиле И. Казанцевтың мәліметтерін қолданған.

Қазақ киімдері арнайы зерттеу нысаны болмады және 1917 жылдан кейінгі осы мәселеге қатысты этнографиялық әдебиеттер, негізінен, тек сипаттама түрінде болды. Тек кейбір еңбектер де ғана зерттеуге тырысқан Бірақ олар қазақ мәдениетін жалпы қарастырған. Жоңғария қазақтарының этнографиясы туралы Грум-Гржимайлоның еңбегінен көруге болады. Мұнда автор абақ-керейлердің киімін суреттеп жазады және басқа өңір қазақтарының киіміне салыстырмалы талдау жасауға тырысқан.

Белгілі кеңестік этнограф және археолог Б.А. Куфтин өзінің «Киргиз-казаки. Культура и бытъ» (1926) еңбегінде КСРО халықтары музейі және этнографиялық әдебиеттер негізінде қазақ халқының киіміне тоқталған. Автор қазақ киімінің шаруашылықпен байланысын көрсеткен.

1926 жылы КСРО ҒА Қазақстан экспедициясының антропологиялық отрядын басқарған С.И. Руденко Ақтөбе облысында болып, ондағы қазақтардың материалдық мәдениетін жан-жақты

зерттейді. Ол 1927 жылы Семей, Шығыс Қазақстан облыстарын зерттеген. Жиналған материалдар негізінде С.И. Руденка Батыс Қазақстандағы әлім, адай руларының және Шығыс Қазақстан қазақтарының киімдерін толығымен суреттеп, бірнеше мақалалар жариялайды. Ол киімдердің рулық айырмашылығын, оның шаруашылықпен байланысын көрсетуге тырысқан. Автор киімнің және оның материалы мен элементтеріне дәл терминологиялық түсініктеме берген, зергерлік бұйымдардың ерекшеліктеріне тоқталған.

Соғыстан кейінгі жылдардағы этнографиялық еңбектерде қазақ шаруаларының киіміне сипаттама беріліп, олардағы Кеңес билігі тұсындағы өзгерістерге тоқталған.

Орталық Азия және Қазақстан халықтарының атласын жа сауға байланысты 1955 жылдан бастап Қазақ КСР ҒА Археология және этнология институты Қазақстан территориясын кешенді зерттеуді бастайды. Мұнда негізінен жергілікті рулардың мәдениетті және тұрмысындағы ерекшеліктері мен олардың ескі түрлерін саралаған. Қазақтардың киімдерінің ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде экспедиция есептері және мақалалар жазылды. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімі қызметкерлерінің қазақтардың дәстүрлі және осы заманғы тұрмысын зерттеген еңбектерінде киім туралы деректер ұшыраса бастады.

Құрамында ғылыми қызметкерлер Д. Рахметов және М. Уралов бар этнографиялық экспедиция 1946-1948 ж. аралығында Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына зерттеулер жүргізді. Бұл экспедицияның жұмысы Қазақстандағы этнографиялық зерттеулердің бастамасы болды. М. Уралов пен Д. Рахметов Шығыс Қазақстанның Зайсан, Тарбағатай және Ақсу аудандарында болды және экспедиция есебіне қарағанда қазақтардың мүлдем жоғалып кеткен киім түрлеріне байланысты құнды да қызықты этнографиялық материалдар жинаған. Өкінішке орай экспедиция нәтижелері жарияланбаған, архив сақталмаған.

Х.А. Арғынбаевтың мақаласында шығыстағы қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінде орыстармен қатынас нәтижесінде пайда болған өзгерістер туралы баяндалған. Онда қазақтардың киіміндегі өзгерістер, керісінше орыс киіміне қазақтардың әсері айтылады. Еңбекте автор қазақтың киімдерін

элеуметтік топқа жіктей отырып қарастырған және әшекей бұйымдарға сипаттама жазған.

Э.А. Масановтың «Войлочное производство у казахов» атты мақаласында қазақ халқының киімінде киіздің қандай да бір бөлігі міндетті түрде қолданылатыны туралы айтылған. Алғаш рет мұнда киізден жасалған кебенек киім түрінің жасалуы туралы жазылған.

Экспедиция негізінде И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаеваның «Казахская национальная одежда: XIX – начала XX в.» (1964) деген монографиясы жарық көрді. Бұл еңбекте, негізінен, ерлер, әйелдер және балалар киімдерінің түрлері мен үлгілеріне, олардың тігілу техникасы мен материалдарына, сондай-ақ, еңбекте киімнің негізгі элементтері болып табылатын белдіктер мен әшекей бұйымдарға тоқталған.

2005 жылы Ш.Ж. Тоқтабаеваның «Серебряный путь казахских мастеров» атты қазақ қолөнеріне байланысты монографиясы жарық көрді. Монографияда қазақ халқының заттық мәдениетінің үлкен бөлімі – дәстүрлі көркем металл, оның ішінде зергерлік өнер бойынша маңызды мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ жұмыста қазақ халқының Орта Азия, Оңтүстік Сібір, Солтүстік Кавказ және Шығыс халықтарымен мәдени байланыс мәселелері қарастырылған.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Тасқа салынған суреттердегі киім туралы мәліметтер.
2. Төңкеріске дейінгі зерттеушілердің еңбектеріндегі киім туралы мәліметтер.
3. Төңкерістен кейінгі кезеңдегі зерттеушілердің еңбектеріндегі киім туралы мәліметтер.
4. И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаеваның «Казахская национальная одежда: XIX – начала XX в.» еңбегіне талдау жасаңыз.
5. Ш.Ж. Тоқтабаеваның «Серебряный путь казахских мастеров» атты еңбегіне саралау жасаңыз.

## **2.2 Қазақстан территориясындағы тайпалар мен рулардың киімдері және әшекей бұйымдарының көне түрлері туралы**

Алғашында адамдар қоршаған табиғат құбылыстарынан және әртүрлі улы жәндіктерден қорғану үшін денелеріне балшық, май жағатын болған. Кейіннен өсімдік бояуларын қолданып, денеге әсемдік үшін суреттер салатын болды.



Қазақстан территориясындағы тайпалар мен рулардың киімдері мен әшекей бұйымдарының көне түрлеріне байланысты петроглифтардағы, тасқа салынған суреттердегі тас ғасыры, неолит және қола дәуірлерінің киімдерінің фрагменттері (үзінділері) бейнеленген суреттер, сюжеттер мен композициялар осы кезеңнің негізгі дереккөзі болып табылады.

Адамзат палеолит – тас дәуірінде тігіссіз байланатын лыпа киімдерді пайдаланумен қатар, сүйек ине, сүйек бізді қолданып тері және тоқыма киім-кешек жасап, киіну мәдениетінің басқа да түрлерін қалыптастыра бастаған. Алғашқы қарапайым киімдер жай ғана байланатын немесе түйрелетін болған.

Неолит дәуірінде өру, иіру және тоқу кәсібі дамып, иықтан, мықыннан киілетін киім түрлері пайда болған.

Энеолит – адамдар өміріне мыс құралдар енген дәуір екені тарихтан белгілі. Осы кезеңге жататын Маңғыстаудағы тұрақ Бозащыда, Шебірде шақпақ тас, керамикамен қоса кішкене металл біз табылды. Яғни, аталмыш кезеңде мал шаруашылығы пайда болып, адамдар мал терісінен киім тіге бастаған. Еңбек бөлінісі күшейіп, адамдар мал, аң терілерін илеп мәнерлеу, жүн иіру, тоқыма тоқу, бояу жасау, тас күйдіріп, металл өндеуге қол жеткізген заманаларда киім-кешек түрлері де кемелдене, түрлене түсті.

Аяқкиім көп кешікпей пайда болған және ол киімнің басқа элементтері сияқты кең тарамған. Олар түрлі ағаш, тері, көннен жасалған. Етіктер қазақ жеріндегі жартас суреттерінде жиі кездеседі. Етік символикасы – ол жол және арғы әлемге адастырмай апаратын бастау. Қазақ ертегілеріндегі темір етік киіп, темір таяқ ұстау да осыны меңзейді.

Осылайша, тас дәуірінің соңын ала адамдар қолға үйреткен мал жүнін, аң терілерін, жабайы өсімдіктердің жапырақтарын, қабықтарын қолданудың жолын тауып, жабайы кендір сияқтыларды есіп, мал жүндерін иіріп, сүйектен тебен ине жасап, бастарына бүркеніш, үстілеріне жаға, жеңсіз тері киім, белге орайтын алжапқыш, аяққа тартатын тері шақай сияқты біршама тұтас тері киімдерін тіге білді.

Қола дәуіріне жататын ескерткіштерден табылған археологиялық мұралар сол кездегі адамдардың қой, ешкі, түйе сияқты үй жануарларын өсіріп, жүннен киім тоқып кигенін

көрсетеді. Оған дәлел Айшырақ, Атасу, Қанай сияқты молалар мен қоныстардан сүйектен, тастан жасалған ұршық бастарының, қоладан жасалған ине, тебен, біздердің табылуы, мал терілерінен киім тігілгенін көрсетеді. Сол қола дәуірінен сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сана, әсемдік-сәндік өнердің бастамасы болып келген үлгі – ою-өрнек халқымыздың ұлттық мақтанышы болып жалғасуда.

Қола дәуіріне жататын андроновшылар үй тіршілігіне қажетті нәрсені өздері жасады. Жіп иіру, тоқу, теріні өңдеу, киімді түрлі түсті жіппен әдіптеп тігу сияқты қолөнер түрлерінің бәрін игерген. Матаға қажетті жіпті мал жүнінен иіріп, тоқыма станогын, ұршықты қолданды. Олар өкшесіз аяқкиім, жүннен тоқылған, теріден тіккен құлақшындарды киген. Әйелдер көбіне ұзын жеңді етегі жер сызған жүн көйлек киіп жүрді. Сырға, салпыншақ, моншақ сияқты әшекейлік бұйымдар таққан.

Осы кезеңде киім тігу үшін мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, құс өнімдерімен бірге жасанды материалдарды пайдаланған.

Қазақ жерінде болған саяхатшылар мен қазақ даласына келген орыс әскери шенеуніктері қазақтарда **зергерлік өнердің** өте ертеден барын жазып кеткен. Бұған қоса археологиялық қазба дереккөздері де осының айғағы бола алады. Мәселен, қола ғасырында қоладан жасалған құрал-жабдықтар мен әшекей-бұйымдардың көптеп табылуына қарағанда, адамдар кен бар жерді тауып, металл өңдеуді игерген.

Қазақстан аумағы пайдалы қазбалар – кен тастарға, минаралдарға өте бай. Мысалы, қалайы, қорғасын, алтын мен күміс кен орындары Жезқазған, Зыряновск, Жалтыр, Атасу мен Қаратау таулары, Нарым мен Тарбағатай, Степняк, Ақжал, Балажалда бар. Осындағы кен орындарын зерттеген геологтар бұлардың үш мың жыл бұрын игерілгендігін анықтады. Қола дәуірінде кен тастарды алу мен балқыту ісі кең қанат жайды. Жезқазған ауданында 100 мың тоннадай мыс, ал Успенск кен орнында кеннің 200 мың тоннасы балқытылған.

Бұл уақытта ежелгі кеншілер құрамында мыс пен қалайысы мол тотықтанған кен тастарды (малахит, азурит, кассетерит) өндірді. Олар қалайының көлеміне қарай қола омырылғыш немесе керісінше, неғұрлым жұмсақ және иілгіш болатындығын білді.

Құйма шеберханалардың қалдықтары Малокрасноярка, Алексеевское, Никольское, Петровка-2 қоныстарынан табылған. Бұларда әртүрлі тас және балшық құйма қалыптарда орақ, балта, қанжар, найза ұшы, әшекей құйылды. Андроновтықтар құюдан басқа соғу, қақтау және ойып өрнектеу тәсілдерін білді. Олардың көмегімен білезік, моншақ, өңіржиек жасады.

Алтынмен апталған қоладан самайға тағылатын сырға жасалды. Жетісудағы Қапал ауылы маңындағы қорымнан табылған ішкі жағында екі жылқының суреті бар алтын самайлық салпыншақ зергерлік өнердің керемет туындысы болып табылады. Сонымен қатар қоладан шығыңқы бұрама түрінде алқалар, білезіктер жасады.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстандағы қола дәуіріне, б.э.д. II мыңжылдыққа жататын Петров және Алакөл мәдениеттері тайпалары әйелдерінің шашқа тағатын әшекей заттарының екі түрі – бірінші жапырақ тәрізді салпыншақпен аяқталатын екі моншақ немесе шеңбер тәріздес шашқа тағатын әшекейлер, екінші пластикадан, шеңберден, моншақ пен салпыншақтан құралған күрделі құрамды екі немесе бірнеше моншақ түріндегі шашқа тағатын әшекейлері табылған. Екінші түрі тері немесе бір-біріне шатастырылған таспа бауларының негізінде жасалған, оларға шашбаудың басқа бөліктері жалғастырылған. Жерлеу орындарына қарап, әйел шашбауын мәйітпен бірге қоса көмудің ғұрыптық мәні болғанын аңғаруға болады: жоғарыда айтылған шашбаудың бірінші түрі ұзатылатын уақытқа жеткен қыз дәрежесін білдірсе, екінші түрі келін-қыздың дәрежесін білдірген. Жерлеу дәстүрі кезіндегі әшекейлердің әдейі бүлдіріліп, жарамсыз етілуі өлген әйелдердің өмірден ажырауын білдірді, ал жерлеуге әшекейдің бірге қойылуы әйелдің тірі кезіндегі әлеуметтік дәрежесінің сақталғандығынан хабардар етеді.

Сонымен қатар зергерлік бұйымдардың діни-магиялық, қорғағыш функциясы болғанын, шашбаудың және бас киімдердің жемістілікті білдіретін қызыл түске боялуынан, бас киімдердің ұлу қабыршағынан, жабайы аңдардың (қасқыр, түлкі, қарсақ) тістерінен, өкше сүйектерінен жасалған бойтұмарлармен безендірілуінен көруге болады.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Ең алғашқы киімнің түрлері қандай болды?
2. Қола дәуірі кезіндегі киім түрлері қандай?
3. Қола дәуіріндегі кен өндіру ісінің дамыған аймақтары қандай?
4. Тас ғасыры кезіндегі зергерлік бұйымдардың түрлерін жіктеңіз.
5. Қола дәуіріндегі құйма шеберханалардың қалдықтары қай жерлерден табылды?

**2.3 Ғұн, қаңлы, үйсін, сақтардың киімдері мен әшекейлері**

Б.э.д. I мыңжылдықтың аяғында сақтар мемлекеті күйреп, Еуразия даласында Орталық Азияда ғұн, үйсін, қаңлылардың мемлекеттік құрылымдары пайда бола бастады. Үйсін, ғұн және қаңлы қоғамдарының өмірінен біз бүгінгі қазақ қоғамының мемлекеттік, саяси-экономикалық және мәдени бастау көздерін көргендей боламыз. Ғұндардың тұрмысы мен шаруашылығы, мәдениеті, басқа да көшпелі тайпаларға өз ықпалын тигізген. Ғұн, қаңлы, үйсін, сақтардың киімдері туралы Қазақстандағы және оған шектес аумақтардағы сақ ескерткіштерінен: Аржан, Тасмола мәдениеті, Алтайдың Пазырық қорғанынан, Жетісудағы Есік қорғаны мен Бесшатыр пирамидаларынан, Тарбағатайдың Шілікті жерлеу орындарынан, Оңтүстік Қазақстанның Тегіскен және Үйғарақ жерлеу кешендерінен, Арал маңы ескерткіштерінен және т.б. табылған киімдердің кешенінен мәлімет ала аламыз.

Әсіресе Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» киіміне, ондағы қолданылған әшекей бұйымдарға қарай отырып, сол кезеңдегі оны жасаушы адам тек сәндік бұйымдардың шебері ғана емес, ол өз заманының ойшыл суреткері, тамаша мүсіншісі, суретшісі, тіпті қазіргі тілмен айтқанда, «модельері» десек те артық айтқандық болмас еді.

Есік обасы Алматының шығысында 50 км жерде, Іле Алатауы баурайында орналасқан. Есік обасының салынған кезі б.з.д. VI ғ. деп есептеледі. Ол 1969-1970 ж. жүргізілген зерттеулер нәтижесінде обада жерленген 18 жасар ханзада екені анықталды. Киіндіріліп, қару-жарақ таққан күйінде жерленген. Өліктің басына биік былғары қалпақ-дулыға кигізілген, оның сыртына алтын бұтақтарына құстар қонған, сирек ағашты тау бейнеленген. Дулығаның төбесіне тәж ретінде арқар бейнесін орналастырған. Марқұмның мойнына ұшы барыс бастарымен безендірілген алтын

өңіржиек салынған, құлағына бирюзадан салпыншағы бар сырға тағылыпты. Екі саусағында алтын жүзіктері бар. Белбеуінің оң жағына қызыл түсті ағаш қынапты, ұзын семсер ілініпті. Семсер темірден, оралмалы-орам бедері бар сабы имектеп жасалынған. Сол жағына ақинақ-қанжар ілінген.

Сақ (скиф) мәдениеті Карпат, Дунай, Батыс Тянь-Шань, Таулы Алтайдан бастап Памирге дейінгі аймақтарда қалыптасты. Мәдениеттің мұндай тұтастығын сақ шеберлерінің бейнелеу өнеріндегі «аң стилімен» байланыстырамыз. Сақ шебері «аң стилін» «Алтын адам» киімінде талғаммен үйлесімді қолданып, эстетикалық талғамының өте жоғары деңгейде болғанын көрсете білген.

Сақтар тотем ретінде бейнелеген аң, құс, жануарлардың етін жеп, терісінен киім тігіп, жүннен тоқып, түрлі маталар жасаған.

Киім-кешек қалдықтарына, ортаазиялық сарайларда сақталған суреттерге, скифтердің бедер салу өнеріне байыппен қарау олар киген киімдерді қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Савроматтар сулық киімге немесе аяқкиімге металл қапсырмалар жапсырмады, тек ауқатты адамдар ғана киімдерін тоғалармен әшекейледі. Халықтың басым бөлігі қысқа күртеше, сулық киім, балағы қысқа етікке кигізілген шалбар киіп жүрді. Бас киім мен кеудешені әрлендіріп тұрған ұсақ тастармен әшекейленгені болмаса, әйелдердің күнделікті киімі ерлердікіне ұқсас еді. Зооморфты суретті қапсырмалар тек ауқатты әйелдерде болды. Сырға, өмілдірік, жүзік, білезік, алқа әшекейлер қатарына қолданылды. Өмілдірік тұмар ретінде де пайдаланылды. Сырғаларды шеберлер сымнан да жасады.

Кең тараған әшекейлердің бірі моншақ болды. Одан алқалар жасалды, киім, аттардың тартпалары мен әбзелдері әшекейленді. Тас моншақтар өте аз, ақық, ағаттан жасалғандары көп те, тау хрусталі мен халцедоннан жасалғандары сирек кездеседі.

Бірақ бұл бұйымдар тек әшекейлер ғана еді. Гривна, алқа, алтын тоғалар әлеуметтік дәрежені де білдіретін. Киімнің аксессуарлары діни түсінік пен түрлі ғұрыптық және магиялық дүниетаныммен тығыз байланысты болды.

Ежелгі замандарда айна тек сәндік зат қана емес еді. Айна адам түрін бейнелегендіктен, жан беретін сиқырлы магиялық

күш бар деп қабылданды. Қола айналар көбіне әйелдер қабірінен табылады, олардың бір бөлігі алдын ала сындырылады немесе отқа күйдірілді.

Үйсін, сақ, сармат, қаңлы, көсемдерінің киім кешендерінен олардың қағаз тәріздес жібек және жүн маталарды қолданғанын көреміз. Халықтың ауқатты бөлігі киімді жібек пен биязы жүн матадан, кедейлері жай қалың жүннен, былғары, қой терісінен, тұрпайы қой жүнінен жасалған киімдерді киетін болған. Мұндай мата түрлерін олар сыйлық, әскери олжа немесе өз шаруашылық өнімдеріне айырбас ретінде алып отырған. Жібекті Қытайдан аттарға айырбастап алды немесе тарту-таралғы және салық ретінде алып отырды. Мәселен, I ғ. жататын Қорған-Тепе қалашығының қаңлы қорғандарынан табылған киім қалдықтары осының дәлелі бола алады.

Ауқатты кісілер киімдерін жібек пен биязы жүн маталардан тіктірді, қарапайым жұрт киім-кешектерін түрпідей қылшықты жүн маталарынан, былғары мен қой терісінен тіктіріп киінді.

Ғұндардың сырт киімдерінің үлгілерін Нойн-ула жәдігерлерінен көреміз. Ол киім үлгілері қазақтардың аң терілерінен тігілген ішіктері мен шапандарына ұқсас болып келеді. Ғұндардың тұрмысы жөнінде ежелгі тарихшылар былай деп жазған: «Теріден тігілген киімдер киеді. Киіз төсеніш төсеп, киізден жасалған жамылғы жамылады». Археологиялық қазбалардан табылған мата, кілем қалдықтары, зергерлік бұйымдар ғұндардың тұрмысқа қажетті бұйымдар жасаудағы асқан шеберліктерін көрсетеді. Көрші мемлекеттер – батыста Еуропа, шығысында Қытайдың киім кию мәдениеттері де өз ықпалын тигізген. Дегенмен ғұндар өз ата-бабалары сақтардың киім кию мәдениетін лайықты сақтап қалған. Шошақ баскиімдер, шебер сәнделген сырткиімдер, сырылып тігілген жейделер, лақтың, құлынның терілерінен тігілген шалбарлар, былғары етіктер сапасы жоғары материалдардан тігілген.

М.В. Бастың археологиялық материалдар негізінде қалпына келтірілген киім үлгісінде ғұн ер адамы зер жіппен кестеленген, тік жағалы қызыл жібек жейде киген. Жейдесі сарғыш жүн шалбарына ышқырланған. Оның үстіне жасыл жібек торқадан тігілген, елтірімен әдіптелген шапан, беліне бас жылжымалы

тиекті тоғасы бар кісе тағылған. Оның жапсырмалары мен тоғасы күмістен жасалған. Кіседегі арнаулы бауларға қызыл қынапты семсер мен ағаш қынабының сырты алтынмен қапталып, қызыл түсті әйнектастар және маржандармен айшықталған қанжар ілінген. Өкшесіз саптама етіктің тобығы тұсынан қапсырмалар таспамен тартынған. Әйел қарапайымдау, үстіне жібектен тігілген ұзын көйлек киген. Жібекті қытай көпестері жеткізген, ол кезде Қытай мемлекеті өзінің Қытай империясының тыныштығын сақтау үшін ғұндарға үнемі жібек торғын-торқалар сыйға тартып тұрған.

Ғұндардың кезінде қолөнер кәсібі және сауда мықты дамыған (металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан, керамикадан жасалды). Сауданың дамуының әсерінен киім тігуге арналған әртүрлі жібек маталар, нефриттен істелген зергерлік бұйымдар, айналар көптеп қолданылған.

Ғұн, қаңлы, үйсін, сақтардың ескерткіштерінен, жерлеу орындарынан табылған әшекейлер де қазақ халқының зергерлік өнерінің бастауы десек те болады.

Біздің арғы бабаларымыз сақтардың әшекейлері мен «аң стиліндегі» зергерлік өнері өз кезеңінің әйгілі туындылары болғандығы тарихтан белгілі.

Жетісу жерінде үйсіндердің ондаған обаларына қазба жұмыстары жүргізілген. Үйсіндер кенді орындардан мыс, қорғасын, қалайы, алтын өндірумен де айналысты. Темірді балқытып, одан пышақ пен қанжарлар, семсерлер, жебе ұштарын жасады. Зергерлер түрлі түсті тастардан, асыл металдардан моншақтар мен сырғалар, киім-кешек әшекейлерін дайындады. Үйсіндердің тоналған обаларының өзінен археологтар алтыннан жасалған көптеген әшекейлерді – киім қапсырмаларын, алтын сырғалар мен қола айналарды, ағаш қобдишаларды тауып алған. Мүрделердің жанынан қола және темір пышақтар, қоладан және алтыннан жасалған сырғалар, темір түйреуіштер, қола айналар да ұшырасады.

Б.з.б. I ғ. мен б.з. I ғ. деп шамалайтын ортаңғы кезеңде үйсіндердің обаларынан қола заттар кеміп, темір бұйымдарының саны арта түседі. Әшекейлерден бұрамалы қола моншақтар, темір түйреуіштер, жартылай асыл тасты моншақтар, киімге тағылатын алтын тоғалар кездесіп отырады.

Ғұндардан қалған аса құнды мәдени мұра, ол зергерлік өнердегі полихромдық стиль болды. Олар күмістен, алтыннан зергерлік бұйымдар жасауда зерлеу, асыл тастармен көмкеру сияқты күрделі әдістерді кеңінен пайдаланды. Ғұн заманының зергерлік туындылары екі топқа бөлінеді. Бірі – ұяларға түрлі-түсті орнатпа көздерді қақтау арқылы жасалған заттар, екіншісі – жиектермен бөлу арқылы безендіру техникасындағы әшекейлер. Қазақстанда қазба жұмыстарын жүргізген А. Бернштам және М. Қадырбаев полихромдық өнердің үлкен орталығы қазақ даласында болғандығы туралы жаңалықты тұжырымдар жасады. Бұл стиль зергерлік өнерде әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Қаңлылар да қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Қытай, парсы жазба деректеріне сүйенсек, қаңлылар біздің жеріміздің оңтүстігі – Сырдария, Арыс, Бадам өзендерінің алқаптарында өз мемлекетін құрған. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде Өзбекстандағы Қорған-Тепе обасынан табылған б.з. дейінгі I-III ғ. былғары белбеудің сүйектен жасалған деталінде салынған суреттер зерттеушілердің пайымдауынша тайпа адамдарының кескін-келбеттері, киген киімдері және әскери адамдардың қарулары жөнінен мағлұмат береді. Бұл суретте тайпа адамдары ұрыс даласында бейнеленген, суретті шеберлер бір ауқатты адамның тапсырысы бойынша салулары мүмкін. Батырлардың сырт киімдері қорғаныс жарағы қызметін атқарғаны көрініп тұр. Бастарына киген дулығалары, сопақша формамен жасалған кіреуке сауыттың ішінен тік жағалы сырылып тігілген киімдері, балағы көтеріліп кетпеуі үшін табанынан ұстап тұратын балақ бауы бар тар шалбарлары барлық көшпелі халықтардың өнер ескерткіштерінде жиі ұшырасады.

Үйсін тайпалары Қазақстан аумағында б.з.д. II – б.з. VI ғасырларда өмір сүріп өздерінің мемлекетін құрған. Алакөлден Талас өзеніне Жетісу жерлеріне қоныстанған. VI ғасырлардың ортасында Түрік қағандығының құрамына қосылған. Үйсіндер Қазақстандағы мемлекеттіктің алғашқы үрдісін қалыптастырған.

Қытайда туып-өскен лингвист, тарихшы-ғалым Нығмет Мынжанидың деректерінде: «Біз жыл санауымызға дейінгі үйсін молаларынан шыққан ою-сызу өрнектер XIX ғасырдағы қазақтың ою-өрнектеріне ұқсас. Демек, бұл қазақтың ою-өрнек өнерінің



ежелгі үйсін мәдениетінің жалғасы және дамыған түрі екендігін дәлелдейді», – делінген.

Үйсіндерден қалған ең құнды мәдени мұра – Қарғалы диадемасы. Ерте заманда шығыста патшалар бастарына матадан, кейде теріден жасалған таспа (лента) байлаған. Кейін оны металдан жасап, алтын диадемалар пайда болған. Алтын диадемалар патша әміршілердің белгісі болып саналған. Бұл диадемаларға әртүрлі ырымдық сурет, әшекей салынып, түрлі белгілер тағылған. Диадемалар жұмсақ теріге не матаға бекітіліп, екі ұшына бау тағылып, шашқа не баскиім сыртына байлануы мүмкін.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесіне жүгінсек, скифтер заманында және одан да ерте кезеңдерде адамдар ұлу қабыршағын, жабайы аңдардың (қасқыр, түлкі, қарсақ) тістерін, өкше сүйектерін, моншақ тастарды тұмар ретінде таққан. Уақыт өте келе қасиетті саналатын құстардың, жан-жануарлардың бейнесін тұмар ретінде ағаштан, сүйектен, металдардан жасап таққан. Сол сияқты қасқырдың азу тісін, киіктің бақайшағын, қойдың асығын, құс сүйектерін де тұмар етіп таққан. Отырар қаласынан орнын қазу кезінде табылған бойтұмарларға зер салсақ, олар серке, аққу, қаз тәрізді, жылан басының бейнесі бар бойтұмарлар.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Сақ тайпаларының киімі мен әшекейлері қандай болды?
2. «Алтын адам» киімі қандай болды?
3. Ғұндардың киімі мен әшекейлері қандай болды?
4. Үйсін тайпаларының киімі мен әшекейлері қандай болды?
5. Қарғалы диадемасы туралы не білесіз?

**2.4 Орта ғасырлар және Қазақ хандығы дәуіріндегі әшекейлер мен киімдер кешені**

Орта ғасырлар және Қазақ хандығы дәуіріндегі киімдер кешенінің тарихын түрік дәуіріндегі тасқа салынған бейнелердегі, мүсін ескерткіштеріндегі, тас балбалдардағы киімдер композициясынан, Жетісу, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Ертіс маңы қорғандарындағы киімнің, жібек маталардың қалдықтарынан біле аламыз. Осы кезеңдерде элеуметтік жағдайы жоғары халықтың арасындағы сырттан әкелінген маталардың, шыт бұйымдарының таралуы белең алады. Мал шикізатынан (терісінен, жүнінен, жүн

бұйымдарынан) жасалатын аяқкиім, киімнің дәстүрлі кешені одан әрі дамып, жетіле түседі.

Түріктер сол жаққа қарай жабылатын киім киген. Ол туралы жоғарыда айтылған тас балбалдар, қоршаулардағы мүсіндер мағлұмат бере алады. Суреттерге қарағанда алтай түріктері көйлек, шалбар, жұмсақ тері етіктер киген. Ұзын келген зерлі жібек киім қалдықтары ерлер мен әйелдер қабірінен көптеп табылған. Киім өсімдік өрнекпен көмкерілген және қола ілмекті мыс қапсырмалармен жабылған. Аяқкиімге ілгегі шағын қола және күміс ілмектер пайдаланылды, көпшілігі әйелдер аяқ тұсынан табылған. Белбеу қалдықтары, әдетте ер адамдар қабірінен аршып алынады. Белбеу айылбасы темір мен қоладан жасалды. Бірқатар бейіттерден екі айылбастан табылған, бұл көне түріктердің сауытқа және семсерге арналған екі белдеуді тағып жүргендігін көрсетеді.

Қазақ халқында әрбір адамның әлеуметтік тегіне, кәсібiне, ыңғайына, бағытына қарай сырткиімдерiнiң етек-жеңi, жағасы, басқа да бөлiктерiнiң үлгiсi мен әшекейлерi әртүрлi болды. Мәселен, ел билейтiн билеушiлер, ауқатты адамдар жеңдi, етегi жерге дейiн жететiн шапандар киген. Олардың киiмдерiнiң етегi жерде сүйретiлiп жүретiндей ұзын болған, оның сүйретiлген етегiн арнаулы қызметшiлерi көтерiп жүрген. Үйде және сыртта, әсiресе жиындарда киiлетiн бас киiмдерi мен былғары етiктерi ерекше көзге түскен және әр киiмi ерекше талғаммен зерлi кестелермен әшекейленiп, ұзақ уақыт тiгiлген. Ал қарапайым шаруа, халықтың киiмiнiң етегi, жеңi қысқа, ықшамды болып келген және етектерiн белдерiне қыстырып алатын болған.

Әшекейлерден сырға, алқа, жүзiк, моншақтар белгiлi. Сырғалар, негiзiнен, күмiс пен қоладан құйылып дайындалған. Қазақ жерiндегi VI-VIII ғ. жататын тастан қашалып жасалған мүсiндерге қарай отырып, ерте замандарда ер адамдардың да сырға таққанын көруге болады. Мұндай балбал тастардан құлағына сырға таққан әскербасылардың бейнесiн көптеп кездестiруге болады.

Қимақтардың әшекей жиынтығынан алқалы сырғалар, жартылай бағалы тас орнатылған жүзiктер кездеседi.

Зерттеушiлердiң пайымдауынша, IX-XIII ғасырларда Жетiсу күмiс бұйымдарын өндiретiн орталықтардың бiрiне айналды.

Қоладан, күмiс пен алтыннан бiлезiктер, шолпылар, сырға,

қапсырмалар жасалды. Зергерлік бұйымдардың арасынан Шымкент көмбесінен табылған, X-XI ғ. жататын ширатпалы бұратылған күміс білезіктер өздеріне ерекше назар аудартады. Жетісу-Сырдария аймағына тән мұндай білезіктер неғұрлым кейінгі кезеңдерде жасалынды. Отырардан XIII ғ. басына жататын әшекейлердің қызықты жиынтығы табылды. Бұл – ұштарында сегіз қырлы басы бар қола білезік, күрделі нақышталған, қола шарлар тізілген шаш ұстағыш, айшықты шыны мен көгілдір ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар. Әшекейлердің көбі шыны мен түрлі түсті тастардан – ақытан, ағаттан, хрустальдан, көктастан, яшмадан, інжу-маржандардан жасалынған моншақтар.

XV ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. екінші жартысына жататын білезіктердің сынық бөліктері көп табылған, бірақ өсімдік және нүктелі қақтаумен безендірілген бүтіндері де бар. Білезіктің ұшы кейде жыланнның басы тәрізді етіп жасалды. Осы кезде зергерлер кәсіпшілікте түрлі түсті тастарды: сердоликті, қызыл тасты, яшманы, көк тасты, жүзакты, ағатты, серпентиндерді, мөлдіртасты кең пайдаланған. Тастар моншақтар, жүзіктердің көздерін дайындау үшін, сондай-ақ жүзіктердің өздерін өңдейтін материал ретінде қолданылған.

Серпентиндерден, яшмадан, көк тас пен лағылдан жасалған ромб тәрізді алқалар тобы да ерекшеленеді. Сондай-ақ түрлі түсті тастардан қарсы ілгіштер, қапсырмалар және басқа заттар жасалған.

Қазба жұмыстары дәлелдегендей, зергерлік өнер жоғары даму деңгейінде болған. Шеберлер әртүрлі техникалық тәсілдерді: қақтау, құю, соғу, қалыптау, оймалау, қаптап ширату, алтын жалату, күміс ойып орнату әдістерін білген және қолданған. Олар күміс және қола сымдар дайындау, түрлі түсті тастарды қырлау мен тегістеу, тесу әдісін білген.

Зергерлер басқа да қолөнершілер бұқарасынан ерекше болды. Олардың өнімдері сырттан әкелінген бұйымдармен бәсекеде қатар жүрді. Көптеген әшекейлердің өзіндік ерекшелігін, олардың пішімін, өрнектердің үлгілерін атап өту маңызды, олардың арғы үлгілері Қазақстанның орта ғасырлардағы қалалары қолөнершілерінің өнерінде жатыр.

Қола құюшылар белбеулерге айылбастар мен қапсырмалар, көшпенділерде зор сұранысқа ие түймелер мен көзі жоқ сақина-

лар дайындады. Құюмен қатар металл өңдеудің басқа әдістерін: қалыптау, оймалау, т.б. пайдаланды.

Шыныдан ыдыс-аяқ пен әшекейлер (моншақ, алқа) жасалған. Жасыл, сары, қызыл және қызғылт шыныдан жасалған маржан кезіккен.

Орта ғасырлар және Қазақ хандығы дәуіріндегі әшекейлер кешені де зергерлік өнердің жалғасы, оның дамуының көрсеткіші болып табылады. Мәселен, түркі дәуіріндегі тасқа салынған бейнелерге, мүсін ескерткіштеріне, тас балбалдарға, Жетісу, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Ертіс маңы қорғандарынан табылған әшекейлерге қарай отырып, зергерлік өнердің сол кезеңде халық мәдениетінің ажырамас бөлігі болғанын аңғару қиын емес.

XVIII ғ. Шығыс Түркістан мен ортаазиялық халықтардан, аз көлемде Ресей және басқа мемлекеттерден әкелінген әшекейлер де, соның ішінде зергерлік бұйымдар тұрмысқа ене бастады.

Сонымен қатар халық санасында қалыптасқан Дәуіт пайғамбар туралы аңыз да зергерлік өнердің өте ертеден бар екенін дәлелдейді. Қазақтар мен Орта Азия халықтарының аңыздарында кездесетін Дәуіт пайғамбар халықтың ежелгі түсінігінде тұңғыш ұста әрі зергер, шеберлерді жебеуші рух-ие болған. Дәуіт пайғамбардың есімі металл, әсіресе алтын мен күміс өндірудің басталуымен, кәсіпшіліктің басқа да түрлерінің пайда болуымен тікелей байланысты айтылады. Халық аңызында оның қолы отқа күймеген, балға мен қысқышты пайдаланбай-ақ темірді қамырша илейтін болған десе-ді.

Қазақтарда металл (темір) өндірісіне және қолөнер кәсіпшілігімен байланысты Жезқазған, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Алтынтөбе мен Зертас және т.б. топонимдер пайда болса, Көпұста, Ерші, Зергер, Бесұста секілді рулардың атаулары да зергерлік кәсіпке байланысты туындағаны көрініп тұр.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Орта ғасырдағы Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың киімі қандай болды?
2. Қазақ хандығы тұсындағы қазақ халқының киімі қандай болды?
3. Балбал тастардағы бейнеленген киім түрлеріне тоқталыңыз.
4. Дәуіт пайғамбар туралы аңыз жөнінде не білесіз?
5. Зергерлік өнерге байланысты жер-су аттары.

## **2.5 XIX-XX ғ. басындағы дәстүрлі киім-кешек кешені**

Аталмыш кезеңде Ресеймен, Қытаймен және Орта Азиямен сауда қатынасы жандана түсіп, қазақ халқы киімінің жаңа кешені пайда болды. Киімді Орта Азия мен Қытайдан әкелінетін мақта-мата, жібек және т.б. маталардан тікті. Ресейден келген фабрикалық маталар ерлер мен әйелдердің ішкі және сыртқы киімдерін тігуге пайдаланылды. Қарапайым халық көбінесе төмен сортты бөз, сиса, тік, шұға (қара, көк және қызыл түсті) және т.б. маталарды қолданды, ал байлар киімге барқыт, мақпал, жібек және жұқа жоғары сапалы маталарды алғызып отырды. Осы үрдістің әсерінен киімде, оны тігу детальдарында, мата таңдауда өзгерістер пайда болды.

Осы кезеңдегі қазақ халқының ұлттық киіміне келетін болсақ, киім түрлерін ерлер, әйелдер, балалар киімі деп бөлуге болады.

Еркектер іш киім ретінде шыт матадан кең етіп тігіліп, беліне жіңішке бау өткізілген дамбалды киді. Дамбалдың сыртынан ауы кең шалбарды киді. Атқа отыруға қолайлы болу үшін дамбал мен шалбардың ауын кең етіп тікті.

Шалбар үлгісі бойынша дамбалға ұқсас, бірақ одан гөрі кеңірек болды, балағының бір шетінде жырығы болды. Шалбарды шұға, мақпал, барқыт сияқты маталардан және қой мен ешкі терілерінен (жарғақ шалбар) тікті. Шалбардың қалың матаның арасына жүн салып сырып, қысқы шалбар түрлерін де тікті.

Көйлектің сыртынан жеңсіз «желетке» немесе «бешпет» киді. Жазғы желеткені жұқа мауытыдан немесе шыттан, сисадан астар салып, ал қыста арасына жүн салып сырып немесе лақтың өңделген терісінен тікті.

Ауқатты қазақтар желетке сыртынан мауытыдан, мақпалдан, барқыттан, кейде арасына жүн салынып, сырылып тігілген, шытпен астарланған тізеге дейін түсетін қамзол киді. Кейбір қазақтар орыстың қалалық киімдеріне еліктеп қамзолдарының кеудесіне төс қалталар салдырып, әдеттегідей оңнан солға қарай емес, керісінше солдан оңға қарай қаусырылатындай етіп тіккізетін де болды.

Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда қысқа жеңді қамзолдар кең тарады. Оны Шығыс Қазақстанда «шолақ жең кемзал» деп

атаса, оңтүстікте «қаркеспе» деп атады. XX ғасырда қысқа жең қамзолдар тек Шығыс Қазақстанда ғана кездесті.

Ер адамдардың киімдерінің ішінде кең тарағаны орыстың фабрикалық маталарынан тігілген шапан болды, ал ауқатты қазақтар шапанды әр түсті бұқар жібегінен астарлатып тіккізді. Шапандардың пішілуі мен матасына қарай жеңіл, жазғы және арасына жүн салынып сырылып тігілген қысқы түрлері болады. Астар ретінде көбінесе жеңіл, жұмсақ түйе жүні, кейде қой жүні де пайдаланылды. Жазда шапанды қамзолдың сыртынан алдын ашып киетін, ал қыста алдын жауып, белін белбеумен байлап алатын.

Қазақтар сонымен қатар әдемі «мауыты шапан» және «мауыты шекпендер» киді. Оларды жұқа түйе мауытысынан етегіндегі 10-15 см болатын бүйір жырықтарына кесте салып тікті. Ауқатты қазақтар өздеріне шапанды барқыттан жібек жіппен кестелеп тіккізді. Оларды көбінесе тойларда немесе жазғы көш кезі сияқты ерекше салтанатты жағдайларда киді. Сонымен қатар байлар паршадан тігілген шапандарды да киді.

Шығыс Қазақстанда абақ-керейлердің шапандарының кеудесі кестеленді немесе түрлі түсті баулармен әшекейленді. Шығыс Қазақстан мен Жетісу жерінде қайырма жағалы шапандар кең тарады.

Ерлердің сыртқы киімінің күз бен қыста киетін ең таралған түрі «шекпен» болды. Шекпенді түйенің немесе қойдың жүнінен иірілген жіптен жалпақтығы 20 см болатын лента тәріздес етіп тоқылған матадан тікті. Жазғы шекпендер жеңіл әрі қысқа болса, ал қысқы шекпендер, керісінше, жылы киімдердің сыртынан киетін болғандықтан кең және ұзын болды. Пішілуі жағынан шекпен шапанға ұқсас болатын. Шекпенді қара түсті шұға немесе мақпалмен қаптады.

Кейінгі уақыттарға дейін сақталған ең ежелгі қысқы сырт киім түрі – түйенің немесе қойдың жабағы жүнінен (көктемгі жүн) дайындалған «күпі». Қой жүнінен дайындалған күпіні, негізінен, кедейлер киді. Оның сыртын әртүрлі маталармен қаптады, мауытымен тысталған күпіні «шидем күпі» деп атады. Бұл да үлгісі жағынан шапанға ұқсас киім түрі еді.

Қысқы киімнің тағы бір түрі ол – ішік. Ол әртүрлі аңдар мен

үй жануарларының терісінен тігілгендіктен, түлкі ішік, қасқыр ішік, қарсақ ішік, сусар ішік, жанат ішік, тек түлкі сирағының терісінен тігілген пұшпақ ішік және т.б. болып бөлінді. Әрине, бұл ішіктерді көбінесе ауқатты қазақтар киді. Екі айлық қозылардың терісінен тігілген елтірі ішіктер жоғары бағаланды, ал үш-төрт айлық қозы терісінен тігілген сеңсең ішік немесе «бөлтеріскей» деп аталатын ішік одан арзанырақ болды.

Тағы бір кең тараған қысқы киімнің түрі – тон. Ол иленіп, өңделген қой терісінен жүні ішіне қаратылып тігіледі, етегіне, жеңіне жұрын ұстайды. Тонның түсі томар бояумен бояғандықтан көбінесе сары қоңыр болды.

Қысқы киімнің айта кететін тағы бір түрі «жарғақ» деп аталады. Оның «тақыр жарғақ» және «құлын жарғақ» деп аталатын екі түрі болған. Жарғақтың сыртын кейде жібек жіптермен кестелейтін. Ал «құлын жарғақ» жүні сыртына қаратылып құлын терісінен тігіледі. Ол үшін тек қара түсті құлын терілері таңдап алынды.

XIX ғасырдың ортасында жарғақ жоғала бастады. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында қазақ тұрмысын зерттегендердің мәліметтерінде бұл киім түрі туралы аз кездеседі. Ол XX ғасырдың басына дейін ғана тұрмыста қолданылды. 1927 жылы Шығыс Қазақстан қазақтарын зерттеген С.И. Руденко жарғақты осы өңір қазақтарынан көрген.

Ал жылқышыларға арнап тай терісінен, жүнін сыртына қаратып, астарсыз тігілетін қысқы киім түрі «тайжаға» немесе «тайтері» деп аталды. Жарғақ та, тайжаға да қысқы суықтарға арналғандықтан өте кең және ұзын болып тігілді.

Тазаланған жүннен тұтас басылып, жеңі болмайтын, алды ашық, тамақ астынан ғана байланатын, жауын-шашында киетін киім түрін «кебенек» деп атады. Кебенектің сырт жағындағы жүні ұзындау болғандықтан жаңбыр тамшылары тез ағып кетеді.

Қамзолдан басқа сыртқы киімнің барлығы кең болып тігілгендіктен міндетті түрде белбеу тағылды. Қазақтар белбеуді бағалы металдармен және асыл тастармен безендіретін болған. Белбеу айыру белгісі қызметін де атқарды. Мысалы, қазақтың салт-дәстүрі бойынша әкесі баласына 10-13 жасқа келгенде белдік сыйлайтын болған. Бұдан біз баланың кәметке келгендігін, яғни бір жас кезеңінен екінші бір жас кезеңіне өткендігін

көреміз. Сондай-ақ кейбір этнографиялық зерттеулерде (Токтабаева Ш.Ж., 1989, 287 б.; Левонян Н.А., 1977, 73 б.) белбеудің жаман күштерден қорғайтын магиялық функциясы бар екенін айтады. Қазақ үшін қымбат болып саналатын кісені ертеде олар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салатын болған.

Белбеулердің кең тарағандары – кісе белбеу және кемер белбеу.

Кісе – күміс, жез үзбелермен безендіріп, қалташалар салған жалпақ былғары белбеу. Ертеректе тек батырлар, аңшылар және жол жүрген жолаушылар таққан кіселер XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас кезінде соғыс символы – қару атрибутын жоғалтып, сәндік түрде қолданыла бастады. Оның ұзындығы – 130-200 см, көбінесе 150 см, ені 2,5-3 см болып келеді. Екі басына қапсырма салып, кейде бір ұшын екінші ұшына өткізіп бекітетін тесіктері және былғары қалталары болады. Қалталар оқ-дәрі, қару-жаракқа қажетті басқа да ұсақ-түйек саймандар салу үшін пайдаланылады. XIX ғ. бастап қосымша қалта салмай, күміспен кемерленіп әшекейленетін түрлері шыға бастады.

Кемер белбеу кісе белбеуге қарағанда анағұрлым жалпақ әрі әшекейлеп нақышталуы күрделірек болып келеді. Бұларды да кейбір жерлерде кемер белбеу, деңбент деп атай береді.

Ерлердің аяқкиіміне келсек, саптама етік ерлер аяқкиімінің кең тараған түрі болды. Оның қонышы ұзын, кең, өкшесі аласа болды. Қысқы суықта етіктің ішіне, жылылық сақтайтын жүн байпақ киетін болған.

Етіктің біз тұмсық, жай табан, жарма қоныш, көк етік, көн етік, киіз етік, қисық табан, мәсі етік, мықшима етік және т.б. түрлері болады. Етіктерді өкшесіне қарай жуан өкше, биік өкше, кішкене өкше, қазық өкше, жез өкше деп те атайды.

Ауқатты қазақтар жазда кебіс және жұқа теріден тігілген мәсі киді. Кебіс пен мәсіні қарттар мен орта жастағы ер адамдар киді.

Ерлердің баскиімдерінің көп түрі болмады. Орта жастағы ер адамдар жаз кезінде шаштарын тақырлап алып, бастарына қара түсті матадан тігіліп, іші сисамен астарланған тақия киді. Күннен қорғану үшін тақия сыртынан сырты барқытпен, мақпалмен қапталған жиегіне аң терісімен көмкерілген бөрік киді. Тақияны кейбір өңірлерде «кепеш» деп те атайды.



Ерлердің қысқы баскиімінің ішінде ең кең тарағаны тымақ болды. Оның түлкі тымақ және елтірі тымақ деген екі түрі болды. Найман тымақтың арғын тымақтан айырмашылығы құлағы мен артқы етегі кішірек, төбесі шошақ, жығасы мен шалғайы ұзынырақ келеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның шығысында болған В.В. Радлов: «Тымақты Көкпектіден шығысқа қарайғы, қазіргі Қытай территориясындағы керейлерден ғана кездестірдім», – деп мәлімдейді. Олар жазда да сырты және құлақшыны Ташкенттің жібегімен қапталған жұқа, ақ киізден тігілген тымақтар киеді деп жазады. Сондай-ақ бас киім этноайырым белгісін және аймақтық ерекшелігін білдірді. Мысалы, сегіз сай уақ тымақ, үш құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, найман тымақ немесе Жетісу, Арқа, Қоңырат тымақ деген атауларына қарап, осыны аңғаруға болады.

Баскиімнің ескі түрінің бірі ол – Орта және Кіші жүз қазақтарында кездесетін башлықтар. Башлықты түйе мауытысынан, қалың, қара түсті матадан астарлап тікті. Тарбағатай мен Алтайда башлықтың «күләпара» деп аталатын қарапайым түрі болды.

Тымақ тәрізденіп қалың не жұқа матадан, жұқа ақ киізден тігілетін башлықты бір түрін жалбағай деп атайды. Жалбағайдың екі жанымен артқы етегі тұтас тігіліп иық пен желкені жауып тұрады. Жылқышылар қыстыгүні жалбағайды тымақ сыртынан киеді. Әр жерде жалбағайды далбағай, далбай, жолбай немесе күләпара деп те атайды.

Қазақ үшін баскиім ең қадірлі киім болып саналды. Қазақтар ешқашан киілген баскиімді біреуге сыйламайды, айырбастамайды, себебі баскиім арқылы бас ауруын жұқтыруға болады, сондай-ақ баскиіммен бірге адам бақытын, «құтын» жоғалтып алуы мүмкін деген түсінік қалыптасқан. Баскиімді әрқашан биікке іліп, төменге қоймаған, оны аттауға, жерге тастауға болмайды. Н.Ж. Шаханованың түсіндіруі бойынша, бұл наным-сенімнің барлығы баскиімнің семантикалық статусына байланысты пайда болған, баскиім жанұядағы «құттың» орны болды. Мәселен, шала туған нәрестені қарт адамның тымағына салып, керегеге іліп қоятын болған. 40 күн бойы күн сайын келесі керегеге ауыстырып іліп отырған. Халық түсінігінде бұл ғұрып баланың аман-есен «өз уақытына толуына» септігін тигізеді деген ұғым қалыптасқан.

Әйел киімдеріне келетін болсақ, пішілуі мен үлгісі жағынан ұқсас болды. Әйел көйлектері де қайырма жағалы, ұзын жеңді тұтас пішілген үлгіде болды. Қарт әйел адамның көйлегі ерлердің көйлегінен айырмасы аз болды. Тек кеуде жырығы екі жағынан түрлі түсті жібекпен немесе сәтенмен әшекейленіп, өңір деп аталды.

Жас қыздар мен жас келіншектердің көйлегі қарт әйелдердің көйлегінен үлгісі жағынан да, матасы жағынан да ерекше болды. Ол тік жағалы, түймеленетін қос етекті болды. Жастар, әсіресе қызыл түсті жақсы көрді. Жасы отыздан асқан әйелдерге қызыл түсті киім кию өрескел болып саналды.

Барлық жастағы әйелдер көйлек сыртынан жеңсіз қамзол киді. Қамзолдың алды күміс қапсырмамен ұсталды. Қапсырма екі бөлек жасалды да, бір-бірімен ілгек арқылы жалғасады, түйме орнына қолданылды. Қапсырманың өңірге тағылған екі бөлігінің сыртқы формасы да, бетіне жүргізілетін ою-өрнегі де, ортасына орнатылатын тастары да бірдей болды.

Байларда қапсырма қымбат тастармен әшекейленіп, өзінің жасалу техникасымен де ерекшеленді. Ал үлкен әйелдер қамзолдарының алдын ірі металл «торсылдақ түймелермен» түймеледі.

Жеңсіз қамзол сыртынан жеңді қамзол киді. Ерлер қамзолынан әйелдер қамзолының айырмашылығы ашық жағалы болса, Қазақстанның Шығыс аудандарында әйел қамзолдары көбінесе тік жағалы болды. Ауқатты қазақтардың әйелдері жібектен тігілген алдамшы жеңі бар өте ұзын және кең шапандар киді.

Әйел ішіктері еркек ішіктерінен жағасының қайырылуымен және етегі, жеңі, жағасының аң терілерімен көмкерілуімен ғана ерекшеленді. Әйелдердің ішігі тек түлкі, қарсақ, бұлғын, сусар сияқты қымбат терілі аңдардың терісінен тігілді. Әйелдердің былғары белбеуі күміс пластинкалармен әшекейленіп, ілгектермен жабылды. Мұндай белбеулер байларда ғана болды. Кедей отбасындағы қыздар мен жас әйелдердің белбеуі матадан тігіліп жібек жіптермен өрнектелді.

Әйелдер киімінің бір түрі белдемше деп аталады. Шығыс Қазақстан наймандары мен керейлерінің белдемшесі басқа аймақтардікімен салыстырғанда тігілу мен пайдалануы жағынан ерекше болды. Ол алжапқышқа ұқсас болып тігіліп, оны жасы

үлкен әйел адамдар белін жылыту үшін арқасына жауып жүретін. Белдемше туралы Семей қазақтары туралы жазған мақаласында Г.Е. Катанаев: «Әйелдер жабағыдан тігілген алжапқышты белді жылы ұстау үшін арқа жағынан тағады», – деп айта кетеді.

Барлық жастағы әйелдердің аяқкиімі жазда да, қыста да мәсі мен кебіс болды. Мәсі жұмсақ былғарыдан тігіледі. Қазақ салтында мәсіні көбінесе әйелдер киеді. Мәсінің қонышы, оймасы оюланып, кестеленіп, бедерленіп әшекейленеді. Ол аяққа жеңіл, тазалыққа жақсы әрі икемді, бұрын оны қарттармен қатар кейбір жас жігіттер де киген.

Бұдан басқа қыздар мен әйелдердің жазда ғана шұлғаумен киілетін биік өкшелі етіктері болды.

Әйелдердің баскиімдері жас мөлшеріне және оның отбасындағы орнына байланысты әртүрлі болды. Жазда қыздар түрлі түсті барқыттан немесе мақпалдан тігіліп, барынша әшекейленген тақиялар киді. Қыста қыздар жиегі еркектердікіне қарағанда аң терілерімен артығырақ көмкерілуімен ерекшеленетін бөріктер киді. Ауқатты қазақтар қыздарына кәмшат бөрік тіккізетін.

Қалыңдықтың баскиімі сәукеле – өте бағалы баскиім. Оның сырты қымбат қызыл шұлғаумен тысталып, төменгі жағы құндыз, сусар не бұлғын терісімен жұрындалады. Өне бойы алтын, күміс әшекейлер, маржан, ақық, гауһар сияқты асыл тастармен әшекейленеді. Төбесіне үкі тағады. Сәукеленің төбесінен тірсекке дейін қымбат тастармен әшекейленген жалпақ мата тігіледі. Құны ақшаға шаққанда 2-3 мың сомға тұратын сәукелелер болған. Сәукелені қалыңдық бір жылға дейін әр кезде киіп жүрген. Сәукеле астынан жаулық тағылады, ол өне бойы алтын жіппен кестеленіп, бетке келетін тұсы қымбат терімен көмкерілген ақ жібек мата. Қыздардың тұрмысқа шыққанда сәукелені киюі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, бағасының қымбаттығына байланысты азая бастады.

Қалыңдықтың шапанын қымбат матадан тікті. Шығыс Қазақстанда қалыңдық шапанын ұзын, алдамшы жеңімен тікті. Қалыңдық шапанын Оңтүстік облыстарда «айырма шапан», «бек-асаб шапан» деп атаса, Шығыс Қазақстанның наймандары мен керейлерінде және Алтай өңірінде оны «желек» деп те атайды.

Желек – әйелдер бас киімінің бір түрі. Келін болып түсіп жыл

өткен соң сәукеле алынып, орнына желек салынатын. Балалы болғанша желек салып, одан кейін кимешек, шылауыш киетін болған. Қазіргі кезде ұзатылған қыздың басына орамал салып келуі осы желекті меңзейді.

Тұрмыстағы әйелдің негізгі баскиімі ақ матадан тігілген кимешек пен жаулық еді. Кимешек басты, кеудені және иықты жауып тұрады. Оның кеуде жағын, бет жақтауларын көмкеріп кестелейді. Күміспен, тана-моншақтармен шеттіктеледі. Жас келіншектердің кимешегінің бет жақтауы жалпақ және кестесі де көбірек болады. Жасы үлкен әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады, әшекейленбейді. Ал қарттар мен күйеуі қайтыс болған әйелдердің кимешегіне кесте тігілмейді.

Жаулық ерекше әшекейленбеді және оны жасы үлкен әйелдер киді. Әйел баскиімінің бұл түрі ақ матадан жасалады. Арқа жерінде қазақ әйелдері жоғары және төмен деп аталатын қос жаулық тартқан. Мұндай жаулықтар биік әрі көрнекті болып келеді. Ертеде мұндай жаулықтарды көбінесе бәйбішелер киген. Кимешек пен жаулықтың сыртынан ақ матадан «күндік» орады.

Жас қыздар да тұрмыстағы әйелдер де бұрым қоятын. Тұрмыстағы әйелдер шаштарын екі бұрым қылып өрсе, қыздар бірнеше бұрым қылып, ұшына шашбау тағатын.

Ал адам қайтыс болғанда киетін арнайы киім жоқ. Тек уақытша туған-туыстары ашық түсті киімдерін кимейтін. Шығыс Қазақстанда XIX ғасырда жесір әйелдер «ақжелек» деп аталатын астарсыз, алдамшы жеңі бар ақ шапан кесе, кейіннен оның орнына ақ шәлі жамыллатын болды. Оны «бүркеу» деп атады.

Балалар киіміне келетін болсақ, нәресте және сәби кезіндегі киім-кешек кешені (туғаннан 3 жасқа дейінгі уақыт). Осы кезеңге байланысты жаңа туған нәрестенің табиғи өмір бастауының басында тұрғандығына қатысты көптеген ырымдар мен тыйымдар қалыптасқан. Қазақтардың дүниетанымы бойынша, егер бала «көйлекпен» («перде» – амион) туса, оны жуып, кептіріп, түйіншектен байлап, сақтап қою керек деген түсінік болды, олай істемесе, бала өліп қалуы немесе кемтар болып қалуы мүмкін.

Жаңа туған балаға кигізетін көйлекті «иткөйлек» деп атайды. Өйткені ол кәдімгідей көйлек сияқты тігілмейді, жөрмеп, іліп қана тігеді. Бұл көйлекті бала қырқынан шыққанша киеді. Бала

қырқынан шыққан күні «иткөйлекке» тәттілерді салып, оны иттің мойнына байлап жібереді. Итті балалар қуып жетіп, тәттісін бөліп жейді. Бұл «ит жанды, мықты болсын» деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ бұл ырымның мәні итті халық жеті қазынаның бірі деп бағалауында жатыр. Одан соң бұл итке тамақ береді. «Иткөйлекті» баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады.

Көбінесе жасқа толмаған балалардың көйлегіне көз тимес үшін әртүрлі әшекейлер мен үкі тағылатын. Екі жастан бастап балалар көйлек кие бастайды. Қыз балалардікі ұзынырақ, ал ұл балалардікі қысқа болады.

XX ғасырдың басына қарай қазақ халқының ұлттық киімінің негізгі элементтері сақталғанмен де, орыс, татар халықтарының әсерін көруге болатын. Әсіресе орыс қоныстанушыларымен тығыз байланыстағы аудан қазақтарында, оның ішінде ер адамдардың киімдерінен бұл құбылыс ерекше байқалатын. Ал әйел киімдері ер адамдар киімімен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ.

XIX ғасырда еркектер кеудесі көлденең ойықты және жалпақ қайырма жағалы көйлектерді кие бастады. Қазақстанның кейбір аймақтарында көйлекті «жейде» деп атайды. Көйлектердің жағасы бітеу, тік немесе қайырма жағалы болды. Кейіннен XIX ғасырдың аяғында қайырма жағалы көйлектер тек Шығыс Қазақстанда ғана және Оңтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстанның кейбір жерлерінде сақталды, ал басқа облыстарда тік жағалы көйлектер ғана тігілді. Жағасы сол матадан жасалған баулармен байланды. Көйлектер кең, жеңі қолдың басын жауып тұратын ұзын, ал кейде етегі тізеге дейін түсіп тұрды.

XX ғасырдың басында қазақ байлары қол тігін машиналарын сатып ала бастады, осыған байланысты қазақтар арасында қолмен киім тігуден гөрі машинада тігу кең тарала бастады.

XX ғ. басында бұрынғы қазақ көйлектері енді басқаша тігіле бастады. Жас жігіттердің көйлегінің жағасы жіңішке тік жағалы болып, алдына түйме тағыла бастады, жеңі бұрынғыдан қысқартылды. Мұндай көйлектер шалбардың ішіне салынатын. Қалада немесе казак поселкелерінде жалданып жұмыс істеп жүрген қазақ жастарының кейбірі дайын орыс көйлектерін сатып алатын болды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ауқатты қазақтар қалалардан зауытта өңделген қой терілерін сатып алып, одан көршілес отырған орыстардікіне ұқсас жалпақ жағалы қысқа ішіктер, тұлыптар тігетін болды. Қысқа ішіктер негізінен малмен қатар, егіншілікпен де айналысатын отырықшы қазақтарда, ал тұлыптар жол бойында ат айдаушы болып күнкөрісте жүрген қазақтарда болды.

Екі жақ сыңары бір-бірінен ажыратылмайтын «түзу табан етік» XX ғ. орта шенінен бастап ығыстырылып, оның орнына оң және теріс (сыңар) деп бөлінетін аяқкіім тұтынысқа дендеп енді және оны қазақтар «қисық табан етік» деп атады. Иленген теріден етіктің ту сыртынан киюге арналған «тері етік» немесе «мұйық» аталатын аяқкіім терінің тауарлық құндылығы артқан сайын қолданыста азая түсіп, оның орнына XIX ғасырдың соңында қар көп түсетін жерлерде пима (батыста – киіз байпақ) кию тарала бастады. Басында пиманы орыс шаруаларынан сатып алды немесе жүн беріп пима басушыларға істетті. Мәселен, XIX ғасырдың соңында Семей және Өскемен уездерінде бірнеше пима басатын орындар ашылды.

Сонымен қатар өзге ұлттармен араласу барысында қазақ халқының дәстүрлі киіміне де өзгерістер енді. Мәселен, XX ғ. басында Шығыс Қазақстандағы қазақ әйелдерінің көйлектерінің пішілуі татар әйелдерінің көйлектеріне өте ұқсас болып келді. Оның негізгі себебі XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Шығыс Қазақстандағы саны жағынан көп өзге ұлттардың бірі – татарлар еді. Қазақстанның өзге аймақтарымен салыстырғанда Семей өңірінде татар халқының өкілдері көптеп тұратыны белгілі. 1897 жылғы санақ бойынша татарлардың саны 9,9 мыңға жеткен Семей өңірі – қазақтар мен татарлардың этномәдени сабақтастығын айқын көрсететін аймақ. Сондай-ақ сәннің татар ұлттық түріне «кысмалы күлмәк» жатады. Бұл көйлек түрінің белі біршама жоғары орналасқан, артқы етегі ұзын, перделеніп өңделген. XX ғасырдың басында көйлектің аталмыш жаңа стилі әйел адамға, әсіресе қаладағыларға әдемі жаңа реңк берді. Көбінесе көйлектің мұндай түрін ауқатты қазақтар татар тігіншілеріне тапсырыс беріп тіккізетін.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқы киімінің өзгеріске

ұшырауының алғашқы белгісі ол – сәнге тікжағалы көйлектердің енуі. Ол кең, тұтас пішілген дәстүрлі көйлектерді сәннен ысырып шығарды. Тікжағалы көйлектер мен жейделер өзбек халқының арасында «ноғай көйлек» немесе «қазақы» деп аталды. Көйлектің бұл түрі жергілікті тұрғындардың арасында тез тарады, сонымен бірге діни нормаларға да сай келді.

Ауқатты қазақтардың әйелдері көйлектерін жібек, атлас, барқыт, парша сияқты маталардан тікті.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басынан бастап сауданың дамуына байланысты Ресеймен көршілес аймақтардағы қазақ қыздары арасында орыс фабрикаларынан шыққан түрлі түсті дайын шәлілерді тағу кең тарай бастады

Осы кезеңнен бастап қазақ кимешектерінің орнына төртбұрышты ақ орамалдар келе бастады. Қазақ әйелдеріне шаш көрсетіп жүруге болмайтындығына байланысты бұл орамалдарды үшбұрыштамай, сол қалпында екі ұшын тамақ астынан келтіріп, қалған бөлігі арқасымен шашын жауып тұратындай етіп байлады.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Еркектер киімінің түрлері қандай болды?
2. Әйелдер киімінің түрлері қандай болды?
3. Балалар киімінің түрлері қандай болды?
4. XIX-XX ғ. басындағы қазақ халқының дәстүрлі киіміндегі өзгерістер.
5. Қазақ халқының ұлттық киіміндегі аймақтық ерекшеліктер қандай болды?
6. Фабрикалық өнімдердің қолданысқа енуінің әсері.

#### **2.6 XIX-XX ғ. басындағы дәстүрлі зергерлік бұйымдар және әшекейлер кешені**

Темір, күміс, алтын, мыс, қола зергердің қолданатын негізгі шикізаты болды. XIX-XX ғ. басында қазақтар алтын-күмісті көршілес отырған орыстардан, Орталық Азия, Шығыс Түркістанның базарларынан, татар саудагерлерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан, ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе сол күйінде соғып пайдаланған. 1845 жылы шыққан «Обзор Семипалатинской области» деген жинақта: «Қырға барған алтын, күміс теңгелер ақша

болудан гөрі қазақтардың әшекей-өрнек жабдығына жарап жатыр», – деген мәлімет кездеседі.

XIX ғасырда күмістің салмағы 1 мысқал 4 граммға тең болды, оған 20 тиын төленді. Күмістер кесек болып сатылды және оны жамбы деп атады. Тай тұяқ күмістің өлшемі 80 мысқалға тең болды, бір қой тұяқ күмістің өлшемі 45 мысқалға, бір сиыр көз күміс 30 мысқалға тең болады.

XIX ғ. 2-жартысында халық шеберлерінің озық туындылары Петербургте, Мәскеуде және Ресейдің басқа да қалаларында өткен көрмелерде қойылды. Сонымен қатар қазақтың әшекей бұйымдары Парижде өткен орнаменталистердің халықаралық конгресіне қатыстырылып, өзінің жоғары бағасын алған болатын. Қазіргі кезде олардың көбі Ресейдегі Мемлекеттік Эрмитажда, басқа да музейлерде сақтаулы.

Халық шеберлері сәндік күміс бұйымдарды жасауда көптеген зергерлік тәсілдерді қолдана білді. Соның ішінде ең кең жайылған тәсілдері соғу, балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тыныкелеу, қаралау, темір бетіне күміс шабу, сымкәптеу, сіркелеу, жұқа күміс әшекейлердің астынан бедерлі қадаубастармен батыра ұрып бедерлеу, бізбен безеу, күмістеу, алтындау, дәнекерлеу, оймалау, асыл тастардан көздер орнату және тағы басқалары.

Күміс бетіне қарала жүргізуді қазақ зергерлері ертеден білген. Әсіресе Қазақстанның батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс және орталық өңірлерінде қаралау тәсілдеріне көп мән берген. Күміс бұйым бетін қаралауды «қара бағдар», «қара алтын» кейде «қарала кавказ» жүргізу деп атайтын болған. Бұлай деудің мәні, әрине Кавказ зергерлерінің әсеріне байланысты болса керек.

Сымкәптеу тәсілімен әйелдерге арналған қапсырма, шолпы, түйреуіш, білезік сияқты шағын күміс әшекейлер жасалады. Ол үшін таза ақ күмістен жіңішке сымдар арнайы темір қалып арқылы созылып, сол сымдардан жоғарыда көрсетілген әшекейлер жасалады.

Күмісті тезге (сымға) салып тарту әдісі бойынша соғуға, созуға қолайлы болу үшін қоспасыз таза күмісті таңдап алады. Таза күміс ірімей жақсы соғылады және сымға салып жіңішкерте отырып созуға да ыңғайлы. Таза күміс жай қарағанда да көрікті. Сондықтан қазақ зергерлері ең таза күміс деп жамбы күмістерді



ұстайды. Жамбы деп қорытылып құйылған кесек күмістерді айтады. Жамбы күмістері қараймайды.

Таза алтыннан білезік, сырға, сақина, жүзік соққан, сонымен қатар құю әдісімен де жасаған. Бірақ таза алтыннан жасалатын сәндік бұйымдар өте қымбатқа түсетіндіктен оны тек ірі байлар ғана жасатқан. Қазақстанның батысы мен оңтүстігіндегі күміс әшекейлердің бетіне алтын жалату, алтынмен булау немесе қақталған жұқа алтынмен көркемдеу жиірек кездеседі.

Жұмыр, домалақ, қырлы, төртбұрыш және т.б. бейнедегі заттарды тұтас құйма алтын, құйма күмістен жасайды. Құйма алтын мен құйма күміс халық дәстүрінде асыл қазына, үлкен мұра деп есептеледі. Құйма алтын мен күмісті өрнектеу әдісі бойынша күміс пен алтынның беттерін асыл бізбен, өткір қашаумен, пышақтың ұшымен сызып өрнектеуге болады. Қолөнер шеберлері өрнектеліп болған заттарды әдемілеу үшін оны түрлі қағазбен, шұғамен, мақпалмен, жұмсақ матамен ысқылап, жылтыратады. Сақина, білезік, сырға, шолпы сияқты бұйымдарды қазақ зергерлері көбінесе осындай әдіспен жасайды.

Осындай тәсілдермен жасалған әшекейлерді мынадай топтарға бөлуге болады: бас пен шашқа, мойын мен кеудеге және қолға арналған. Енді соларға тоқтала кетейік.

Баскиімдердің ішінде аса ерекше саналатынның бірі – қалыңдықтың ұзатылу тойында киетін сәукеле өте бағалы және көп әшекейлі баскиім.

Сәукеленің маңдайына тағатын асыл тасты күміс әшекейді маңдайша, төбесіндегі тәж сияқты әшекейді төбелдірік деп атаған. Тек салтанатты кездерде ғана сәукелеге байланатын сәукеленің сырғасының салпыншақтары мол, ұзын және ауыр болады.

Баскиімге тағылатын әшекейлер болған. Басқа тағатын әшекейлерді қазақ әйелдері көбінесе отыз жасқа дейін ғана тағатын болған. Шылауыштың төбесіне, етегіне түйреп тағатын, әйелдің жас ерекшелігіне қарамай таға беретін әшекейі – түйреуіш. Солтүстік және Шығыс Қазақстанда әйелдер салпыншақтары бар күміс пластинка түріндегі түйреуішті тағатын болған. Ал бөрікке қадайтын үкі қауырсынын ораған әшекейді қозалы үкі деп атайды. Қоза дегеніміз – іші қуыс, шар немесе жаңғақ формасындағы күміс әшекей.

Көбінесе ер адамның баскиіміне меруерт, асыл тасты әшекей көзотағаны қадайтын болған. Оны жай адамдар емес, лауазымы, қызметі жоғары, текті адамдар таққан. Ал тақияға бірнеше қатар етіп тағылатын моншақ түрін тал моншақ дейді.

Халық арасында үкі киелі құс саналып, оның аяғын, қауырсынын тұмар орнына қолданған. Үкі аяқ дегеніміз – баскиімге, бесікке тағатын әшекей. Оның бас жағына асыл тас орнатылып, төменгі жағы күміспен күптеліп жасалады. Шеттік деп күміс шытыра, оқаны айтады. Оны ер-тұрманға да қондыра береді.

Баскиімге тағатын алтын әшекей, асыл тасты қазақтар шоқ деп атаған. Оның бұрама шоқ, үкілі шоқ деген түрлері – асыл тасты баскиім әшекейлерінің күрделілері. Қазақ тұрмысында шоқ белбеу, шоқ қондырған баскиім ертеде тектілікті, лауазымды, дәрежені көрсеткен. Лауазымына қарай асыл тас түрлері, түстері де әртүрлі болған. Ілгекті оқа, әшекей, металл ілгекті баскиім әшекейін шырмауық деп атаса, баскиімге, омырауға, аяқкиімге қадайтын, ағашқа, ер-тұрманға орнататын асыл тасты не тассыз күміс әшекейді шытыра деп атаған.

Тағы да бір әшекейдің түрі – тана сәндік үшін баскиімге, жағаға, омырауға және көбіне әйел киімдеріне тағылады. Тана түймеге ұқсас болады, алайда көлемі одан үлкен, дөңгелек формалы болып келеді, жалтырап тұрады. Қыздардың тақиясына, бөркіне, кеудеге, жағаға да тағыла береді.

Мойынға, кеудеге (омырауға) сәндік үшін тағатын әшекейлердің тобына жататын зергерлік бұйымның бірі – алқа. Оның асыл тастардан тізілген, алтын, күмістен жасалған, бетіне асыл тас орнатылған, ою-өрнекпен әшекейленген, салпыншақтары бар және т.б. түрлері болады. Алқаны кей жерлерде әйкел көкірекше, каза, омырауша, өңіржиек деп те атайды.

Мойынға тағатын алтын мен күмістен жасалған металл әшекейді «әйкел» деп атаған. Өңіржиек те алқаның бір түрі. Өңіржиекке күміс шынжырмен байланысқан, бірнеше күміс пластинкадан тұратын, бір немесе екі қатар болып салбырап тұратын салпыншақтар тағылады.

Алқаның лағыл алқа, маржан алқа, меруерт алқа, жақұт алқа, зер шашақты алқа, қос алқа және т.б. түрлері болады.

Моншақ та өңір әшекейлері тобына жататын, әртүрлі асыл

тастардан тізіп жасалған әшекей. Моншақтың жасалуына қарай кара ала көзді ақық моншақ, әңгір моншақ, бет моншақ, жақ моншақ және т.б. түрлері болады.

Келесі шашқа тағатын әшекейлер тобына тоқталайық. Қазақ халқы қашан да әйел көркі – шаш, шаштың көркі – шолпы деп есептеген, әр бойжеткенді бірінші шашына қарап бағалаған.

Сондықтан да ата-анасы қызына шашқа қосатын, жалғайтын, кигізетін, тарайтын, тағатын сияқты тәрбиелік мәні жоғары зергерлік әсем бұйымдарды шеберлерге арнайы тапсырыс беріп істететін. Қыз баланың шашын тарап, тарқату үшін сиыр мүйізінен жасаған тарақ қолданылады.

Шашқа тағатын әшекейдің түрі – шашбау. Шашбау аты айтып тұрғандай «шаштың бауы» деген мағынаны береді. Оның қарапайым түрі ызылып тігілген мата кесіндісі түрінде болады. Оған кейде күміс немесе алтын теңгелер, тиындар, кейде маржан қадалатын. Ол әйел шашының көркін ашатын, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын сәндік бұйым. Оның алтын, күміс, тілла шашбау сөлкебай шашбау, теңге шашбау, шаштеңге, үкі аяқты шашбау, шашбаутас (жалпақ күміске асыл тастар орнатып жасаған шашбау түрі) сияқты түрлері бар.

Шашқа тағатын сәндік бұйымдардың ішіндегі ерекше сәнді, әдемісі – шолпы. Сәнді шолпыларды жас қыздар мен келіншектер ғана таққан, жасы үлкен әйелдер теңге-тиындары аз қарапайым түрлерін таққан. Жас қыздар тағатын шолпы өте көркем әшекейленеді.

Шолпы жасалуына қарай үзбелі шолпы, көзді шолпы, қозалы шолпы, шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, маржанды шолпы, меруертті шолпы, ақықты шолпы және т.б. деп атала береді. Шолпы бір-біріне жіңішке шынжырлар арқылы үзбеленіп жалғанған теңгелерден жасалады.

Көпті көрген қазақ халқы шолпы таққан қыздардың шашы тез өсіп, ұзын және сұлу, берік болады, басы ауырмайды, ерте түспейді деп тұжырым жасаған. Сонымен қатар қыз балаға шолпы тағудың тәрбиелік те мәні ерекше. Шолпы таққан қыздар аяғын басқан сайын шолпысы сыңғырлап, оның жүрісіне әдемі реңк береді. Шолпылы қыздарда ойлылық, зерделілік, биязы мінез қалыптасқан. Сондықтан да қыз балаға қалай болса солай жүруге,

жүгіруге болмайды. Шолпы, шаштеңге таққан қыз-келіншек мезгілсіз жүрмейді, себебі оның күміс сыңғыры «білдіріп» қояды. Жеңгелерінің қайын сіңлілеріне «Шашбаулым», «Шаштеңгелім», «Сырғалым» деп ат қоюында да үлкен мән жатыр.

Шолпының тағы бір түрін, яғни күміс, алтын теңгелерден тізбелеп жасаған түрін шаштеңге дейді. Шолпы мен шаштеңге шашбауға немесе бұрымның ұшына байланады.

Шашқа арналып қызыл, жасыл, қара түсті мақпал сияқты әдемі маталардан сырты ою-өрнекпен безендіріліп тігілген сәнді бұйымның бірі – шашқап. Шашқап шолпы, шашбау сияқты сәндік бұйым және шашты шаң-тозаңнан қорғайды. Ол желкеден бастап белге дейін жететіндей ұзындықта тігіледі.

Мойынға тағып жүретін әшекейдің бірі – тұмарша. Оны шебер зергерлер күмістен не бұрыштап, не жұмыр түтікше тәріздендіріп жасайды және мойынға іліп жүретін әсем бау тағады. Бұлардың іші қуыс болады, онда дұға сақталады. Халық ішінде тұмар адамды бәле-жаладан, тіл көзден сақтайды деген түсінік қалыптасқан (Х. Арғынбаев).

Қыз-келіншектердің құлаққа тағатын әшекей бұйымының бірі – сырға. Ол алтын, күміспен апталып, асыл тастармен безендірілген қымбатты бұйым. Ертеректе ер баласы шетіней беретін немесе баланы өте кеш көрген ата-аналар тіл-көзден, түрлі қас күштерден аман болсын деген мақсатпен баласына ұл емес, қыз деп құлағына сырға тағып қоятын болған.

Сырғалар сыртқы бейнесіне, жасалған материалына және т.б. белгілеріне қарай әртүрлі аталады. Мәселен, кішкентай сырға, үлкен сырға, түйме сырға, қоңырау сырға, салпыншақ сырға, алтын сырға, күміс сырға, маржанды сырға деп аталатын түрлері бар. Қазақта ұл баланы сүндетке отырғызып тойласа, ал қыз балаға да сырға тағу кезінде ерекше құрмет көрсетіледі. Қыз балаға алғаш құда түсіп келушілер бірінші қызға сырға тағып келіп, одан соң ғана той қамына кірісетін дәстүріміз де бар. Сондықтан да қазақ, қырғыз, алтай халықтарында атастырылған қызды сырғалы қыз деп атаған.

Сырғалардың ішінде «самай сырға» деп аталатын сырға ауыр болғандықтан құлақтың сырғалығын жырып кетпес үшін баскиімге де ілінеді.

Сырғаның «шекелік», «суыртпа» деп аталатын түрлері баскиімнің бауына немесе самай шашына екі ұшы жалғанып, сәукеелемен бірге тағылады. Шекелік, суыртпаның сыртқы формасы, бет-бедері кәдімгі құлаққа тағатын сырғамен бірдей болады.

Қазақтың белгілі зергері Дәркембай Шоқпарұлының сөзімен айтқанда, бабаларымыздың эстетикалық талғамының зор болғандығы сондай, сырға таққан әйелдер төңірегіне қаншама шуақ шашып, өзін қоршаған ортаға рухани байлықтың дәнін себетініне, әдемілікке, әсемдікке баулитынына шек келтіруге болмайды.

Әйелдің өте ерте замандардан бері қолданып келе жатқан сәндік бұйымдарының бірі – білезік. Алғашқыда білезікті тек сәндік бұйым ретінде ғана емес (андар мен құстардың сүйектері, қауырсындары, асыл тастар, көз моншақтар, т.б. бұйымдар сияқты), кездейсоқ бәлекеттен, тіл-көзден сақтаушы бұйым ретінде де таққан. Ертеде білезік тек қолға ғана емес, аяққа да салынатын болған. Қол білезігі білекке және қарға тағылған.

Қазақ зергерлері жасап жүрген білезіктердің бес білезік деген түрінің бауыр сырты жалпақ, сағат бау сияқты және ортасында топсасы болады. Білезіктің екі басы түйісіп түймеленеді. Білезіктің сыртқы жағында күміс немесе алтын шынжырмен шыжымдап қойған бес немесе екі сақинасы бар. Сақиналар да өрнектеліп, тастан көз орнатылып жасалады. Білезікті білекке тағып, бес саусаққа сақинасын киеді.

Одан басқа жасалуына қарай білезіктің бұрама білезік, жалпақ білезік, жұмыр білезік, жыланбас білезік, жіңішке білезік, зерлі білезік, кавказ білезік, күміс білезік сияқты түрлері бар. Қос білезік салу көбінесе Солтүстік Қазақстанда кездеседі. Білезіктерге көбінесе «сыңар өкше», «ырғақ», «бұрма», «көз» өрнектері салынады.

Қазақ халқында саусаққа киілетін, алақаны бар әшекейдің бір түрі жүзіктер әртүрлі пішінде болады. Оның саусақ сыртына түсетін жағына түрлі асыл тастардан көз орнатылады. Жүзіктің беті өте сәнді әшекейленеді.

Жүзіктер тек сән үшін ғана тағылатын әшекей емес, сонымен қатар ертеректе таңба басатын мөр қызметін де атқарды. Мұндай жүзіктерді мөрлі жүзік (перстень печать) деп атайды. Мөрлі

жүзікті бұрын атқаратын қызмет дәрежесі жоғары лауазымды адамдар ғана таққан. Оны оң қолдың саусағына салатын болған.

Жүзіктің өте көлемді түрлері де болады. Соның бірі – «құдағи жүзік». «Құдағи жүзік» бауырлығы бірнешеу, екі, үш, кейде төрт саусаққа дейін сыятын жүзік. Әдетте, мұндай жүзіктерді үйлену тойында қыздың анасына сый ретінде береді. Сондықтан оны «құдағи жүзік» деп атайды.

Жасалған материалы мен түр-түсіне қарай жүзіктер құдағи жүзік, құстұмсық жүзік, күмбезді жүзік, шытыралы жүзік, алтын жүзік, күміс жүзік, көзді жүзік, т.с.с. атала береді. Көптеген халықтар жүзікті ортан қолға салмайды, тек бес білезік деп аталатын білезік жүзіктерін ғана бес саусаққа қатар кие беретін.

Саусаққа салатын жалпақ, дөңгелек, тұтас болып келетін алтын, күмістен жасалатын сақинаны балдақ деп атайды. Кейбір жерлерде оны жүзік, сақина деп те атайды. Жүзіктен айырмашылығы балдаққа көз орнатылмайды. Кейде бетіне ою-өрнек жүргізіледі, кейде беті сол күйінде қалдырылады. Ертеректе балдақты көбіне ер адамдар салған. Жасалу материалына қарай балдақ алтын балдақ, болыскей, күміс балдақ болып бөлінеді.

Балдақ, жүзік сияқты саусаққа салатын зергерлік бұйымның бірі – сақина. Жүзікпен салыстырғанда сақинаның бауыры жалпақтау болып келеді. Бетіне тас қондырылмаған түрлері көп кездеседі, тас қондыру сирек ұшырасады. Күміс, алтын сақиналардың бетіне көбінесе бізбен әртүрлі ою-өрнектер жүргізіледі.

Жасалған материалы мен түр-түсіне қарай сақинаның бетіне ақық қондырған ақық сақина, таза алтыннан соғылған алтын сақина, саусақ үстіне қараған беті төртбұрыш болып келетін балдақ сақина, қарала жүргізілмеген, таза ақ күміс болыскей сақина, алтын, күмісті есіп жасаған бұрама сақина, қара ала өрнекті кавказ сақина, тас, шыны орнатқан тасты сақина сияқты және т.б. түрлері болады.

Әрқашан да тазалықты сүйетін қазақ халқы ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина немесе жүзік болуы керек деп санаған. Қазақ тіліндегі «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» деген сияқты нақыл сөздер сақинаның сәндік бұйым болумен қатар, күнделікті тұрмыста гигиеналық қызмет те атқарғанын

көрсетеді. Бұдан қазақ халқының ертеден-ақ күміс пен алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың, тамақтың тез бұзылмауына әсерін тигізетінін, адам ағзасына жағымды әсер ететінін аңғарғанын көруге болады. Сондай-ақ нәрестені қырқынан шығарғанда да оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина немесе білезік салу баланың денсаулығына, тазалыққа көңіл бөлуге байланысты шыққан екенін аңғару қиын емес.

Киімнің алдын (өңірін) айқастырып жабу үшін қолданылатын түйме – халық арасында кең тараған әшекей. Ол ертеде тұмар қызметін де атқарған зат. Түйменің қолданыста екі түрі болған. Бірінші түрінің ішінде сылдырмағы бар, көлемі үлкен және оны егде әйелдер омырауларына тағатын болса, түйменің екінші түрі кішкентай дөңгелек пішінде болады, ол киімнің алдын жабуға арналған. Түйменің жасалу пішіні мен материалына қарай ақтас (кішкене ақ түйме), алтын түйме, бақа түйме, бастырма (үлкен түйме), бөпіке (түйменің жергілікті атауы), бұрама күміс түйме, гауһар түйме (гауһар тасты қымбат түйме) деп бөлген.

Осындай тағы бір зергерлік бұйым ілгек деп аталады. Ол екі бөлшек етіп металдан жасалады, екі бөлшегі бір-біріне қапсырма сияқты ілініп тұрады, киімнің жағасын, екі өңірін айқастырып жабуға арналған.

Әйелдердің сыртқы киімінің екі өңірін бір-біріне қаусырып тұратын әшекейлі күміс ілгек – қапсырма (қаптырма). Оны қазақ зергерлері қыз-келіншектер киімін сәндеу үшін жасаған. Қапсырманың әшекей-өрнек салынған үзбелі, жұмыр, кейде жапырақша, теңге тәрізді етіп, қақтап, күмістен жасалған түрлері болады.

Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланылатын әдемі сары түстес қымбат металды зер деп атаған.

Алтын, күміс, жез талшықтарын ораған жіпті, осы талшықтарды араластырып тоқыған лента сияқты материалды оқа (позумент) деп атаған. Оқа сәндік қызмет атқарумен бірге шені, лауазымы бар екенін көрсететін белгі қызметін атқарған.

Атты қанат, келістіріп мінуді өнер санаған қазақ оның ер-тұрман, жүген құйысқанын сәндеп әбзелдеуді салт еткен. Қазақ халқының ат-тұрман әбзелдеу өнері – талай заманнан бері келе жатқан көне дәстүр. Бұл жайында орыс зерттеушілері И. Словцов (1976), А. Гейне (1898) жазып кеткен. Қазақ халқының қолөнерінде

зергерлік металдармен қатар, сүйекке, мүйізге, ағашқа, былғарыға алтыннан, күмістен әшекей жасауда кеңінен қолданылған.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының зергерлік өнері өте ертеден, қазақ халқының құрамына кірген тайпалар мен халықтардың зергерлік өнерінен бастау алады. Ұлттық зергерлік әшекей бұйым түрлерінің көнелілігін олардың Орта Азия, Шығыс Түркістан, Волга бойы және Сібір халықтарында кең таралғандығынан көруге болады. Осы халықтарда әшекей бұйымдарында ортақ белгілер мен элементтер, аталуында да ұқсастықтар көптеп кездеседі. Мұндай ұқсастықтардың болуы зергерлік өнердің тек ертеден бастау алатындығын ғана көрсетіп қоймайды, сондай-ақ ерте замандардан үзілмей келе жатқан этникалық және мәдени сабақтастықты да көрсетеді.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Ресеймен, Қытаймен, Орта Азиямен сауда қатынасының өсуі және оның ұлттық әшекейлерден көрініс табуы.
2. Киім әшекейлері түрлеріне тоқталыңыз.
3. Бас пен шашқа арналған әшекей бұйымдар түрлері.
4. Мойын мен кеуде әшекейлері түрлері және ерекшеліктері.
5. Қолдың әшекей бұйымдары (сырға, білезік, сақина) түрлері.
6. Шебер құралдарының түрлері.
7. Зергерлік бұйымдардың жасалу техникасының локальдық ерекшеліктеріне салыстырмалы анализ жасаңыз.

### **2.7 Кеңес дәуірі мен тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ халқының киімдеріндегі өзгерістер**

Казан төңкерісінен кейін, Кеңес дәуірі кезеңінде қазақ халқының киімінде елеулі өзгерістер болды. 30-ж. басына дейін қазақтардың киімінде айтарлықтай өзгерістер бола қойған жоқ, себебі жаңа құрылған өкіметтің халықты дайын фабрикалық киіммен қамтамасыз етуге жағдайы болмады. Қазақ ауылдарында тері өңдеу, киіз басу сияқты үй ішілік кәсіптермен айналысты және одан киім тікті. Бұл кезеңде халық бұрынғыша ұлттық үлгідегі шалбарлар (дамбал), көйлек (көйлек, жейде), сырткиімдер (жадағай, бешпент, тон, ішік, күпі, шекпен) және баскиімдер (бөрік, қалпақ, тақия, тымақ), аяқкиімдер (мәсі, етік, саптама етік) киді.



1930 жылдан бастап, әсіресе орыс, татар халқымен көршілес, қалаға жақын отырған ауыл жастары қалаша киіне бастады.

Алғашында ауылдарға бірінші болып механизаторлар арасында жұмыс киім түрлері, ал ауылдық интеллигенция арасында мерекелік киімдер (костюмдер, пальто, аяқкиім және т.б.) тарайды. Қалалық киім үлгілерін бірінші болып өндірісте жұмыс істейтін, қала мен аудан орталықтарында жиі болып тұратын ер адамдар, әсіресе жастар кие бастады.

Соғыстың алдындағы кезеңде тері, киіз сияқты материалдардың орнына фабрикалық мақта мата, жібек және жүннен тоқылған маталар қолданыла бастады. Түрлі түсті барқыт, мақпал, ши барқыт сияқты маталар кең тарады.

1950 жылдан бастап қазақтардың қазіргі киімінің белгілері қалыптаса бастады. Бұған Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, әсіресе ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, халықтың көшпелі және жартылай көшпелі бөліктерінің отырықшылыққа көшуі, олардың өндірістік қызмет түрлерінің өзгеруі, халық интеллигенциясының пайда болуы, қалалардың дамуы сияқты факторлар өз әсерін тигізген еді.

Өмірдегі жаңа жағдайлар киімнің жеңілдеу түрлерін, оның қимылдау және жұмыс істеу үшін жаңа түрлерінің шығуын қажет етті. Киімдегі өзгерістер орыс, татар сияқты басқа халықтармен араласу және қазақтардың кең көлемдегі бөлігінде қала мәдениетінің ықпалы зор болды.

Қазақтардың киімінде қалалық элементтермен қоса ұлттық детальдар да сақталды. Қала және ауыл халқының әртүрлі жастағылары үшін киімнің жаңа кешені пайда болды, киімнің сапасы жақсарып, бұрынғы киімге арналған маталарды өндірудің қарапайым өндірісі қолданыстан шығып қалды.

Қала халқының киімінде дәстүрлі белгілер өзгере бастады, ал кейбірі тіптен жойылып кетті. Тек кейбір киімдерде, әсіресе баскиімдерде ұлттық киім элементтері сақталды. Алайда жасы егде тартқан қарт адамдардың аз бөлігі ұлттық киімдер киді. Ауылдық жерлерде ерлер киімі қалалық үлгіде болса да, оның баскиімі немесе аяқкиімі ұлттық үлгіде болды. Жасы үлкен қарт адамдарда, әсіресе шет жерлерде мал бағып отырған бөліктерінде ескіше үлгіде тігілген киімдер әлі де бар еді. Қамзол, бешпент,

шапан, ұлттық баскиімдер жасы үлкен кісілерде сақталса да, оның пішілуі өзгеріске ұшыраған еді. Мысалы, шапандар қысқа және бұрынғыдан тарлау, жеңі қысқа және жіңішке етіліп тігілетін болды. Тұлып (тон), тымақ, саптама етік малшылардың негізгі киімі болды, себебі киімнің бұл түрлері қысқы аяздарда өте қолайлы еді.

Әйел киімінде ұлттық белгілер көп сақталды. Қала әйелдері ғана қалалық үлгіде киінді. Алайда олардың киім таңдауына ұлттық таным әсер етті. Ауылдық жерлерде, тіпті зиялы қауым әйелдерінің киімінде ұлттық белгілер сақталды.

Жасы үлкен әйелдер, кейде жас әйелдер ұлттық үлгідегі көйлектерді арнайы тапсырыс беріп тіккізді. Жастар киімінде, әдетте жаңа детальдар қосылған еді. Мысалы, киім үлгісіне тік жаға, бүрме, қынамаланған бел сияқты белгілер кірді. Барлық жастағы әйелдер жеңсіз желеттер киді. Осы кезеңде қайырма жағалы жакеттер мен белі қынамаланған пүліш пәлтелер кең тарады. Әйелдер арасында орамалдар, қысты күні фабрикалық жылы шәлілер үлкен сұранысқа ие болды. Қазақстанның оңтүстігінде қыздар өзбектердікіне ұқсас тақиялар киді. Ұлттық баскиімдерден кимешек сақталды, оны 40-45 жас шамасындағы әйелдер киді.

Ұлттық киімдермен қатар қарт адамдарда пальто, пенжак, құлақшын, фетр қалпақ сияқты қалалық үлгідегі киімдер де болды.

60-ж. бастап киімді кейде ауылдық тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттарында сән журналдарының негізінде тапсырыс беріп тіккізді.

Бұл кезде зергерлік бұйымдардың ескі түрлерінің көбі қолданыстан шығып қалды, олардың орнына фабрикалық бұйымдар қолданылды. Зергерлік бұйымдардың ескі түрлерінен білезіктер, сақиналар, сырғалар, оңтүстік аудандарда моншақтар сақталды. Әйелдер енді қол сағаттарын да таға бастады.

Киімнің барлық түрлері фабрикалық маталардан тігілді. Жастар ашық түстерді таңдаса, ал 35-40 жастан бастап қызыл түсті кимеді. Киім дайын күйінде сатып алынды. Оңтүстік өңірлерде түйе жүнінен шекпен тоқу сақталды. Кейбір жерлерде бас киім мен қыстық киім үшін тері өңдеу де сақталған еді.

Қалыңдық киімінде ұлттық белгілер сақталды. Жетісуда

қалыңдық кестеленген кимешек киді. Ол міндетті түрде ашық түсті үлкен шәлі жамылды.

1970-1980 ж. бастап қазақ халқының киімінде, зергерлік бұйымдарында ұлттық элементтер мүлде жойылып кетті десе де болады. Сол кезеңдегі отаршылдық мақсаттағы теріс идеология бойынша мәдениеттегі ұлттық белгілерді жандандырушыларға «ескінің қалдығы», «өткенді аңсаушылық», «ұлтшылдық» деген жалған айып тағылып, қудаланды. Сол себепті дәстүрлі ұлттық мәдениетіміз мүлдем жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған еді.

Сол кезеңдегі барлық жастағы қазақтардың киімі еуропалық үлгіге көшіп, киім үлгісі айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Қазақ ер адамдары костюмдер, қайырма жағалы жейделер, галстуктер, туфлилер, пальто, плащ сияқты сырт киімдер киетін болды. Аяқтарына зауытта тігілген қысқа қонышты қыстық етіктер киді.

Әйел адамдар қысқа көйлектер, юбкалар, шалбарлар, кофта-лар, күртешелер киді. Сонымен қатар сырткиім ретінде пальто-лар, плащтар, курткалар, ішіктер киді. Аяқтарына қонышы ұзын немесе қысқа биік өкшелі етіктер, туфлилер киді. Қолдарына жаңа үлгідегі сөмкелерді ұстайтын болды.

Тек жасы егде адамдар ғана киім киюде ұлттық дәстүрді сақтауға тырысты. Ер адамдар саптама етік, бастарына тымақ киді. Жасы үлкен әйелдер ұзын көйлек, кимешек киді.

Балалар киімі де тек фабрикада тігілген киімдер болды. Мектеп жасындағы балалардың фабрикадан шыққан бір үлгідегі арнайы формасы болды.

Сонымен қатар шет елдерде шығарылған киімдер де кең қолданыста болды. Спорттық киім үлгілері шықты.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары киім үлгілерінде еуропалық киім үлгілерімен қатар, ұлттық киімге деген қызығушылық та пайда болды.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Кеңес дәуірі кезеңіндегі қазақтардың киімдеріндегі өзгерістер.
2. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақтардың киіміндегі өзгерістер.
3. Өзге ұлттар киімінің қазақ халқының киіміне әсері.
4. Ұлттық детальдардың сақталу аймақтары.
5. Қазіргі кездегі қазақтардың киімі.
6. Спорттық киім үлгілерінің пайда болуы.

## III ТАРАУ

### **Тамақтану жүйесінің дамуы мен ыдыс-аяқ: дәстүрлер және инновация**

#### **3.1 Қазақ халқының ас-тағам мәдениетінің деректері мен тарихнамасы**

Археологиялық дереккөздерге сүйене отырып, қола ғасыры сияқты ерте кезеңдерден бастап қазақ халқының тағам және ыдыс-аяқ түрлеріне қатысты мәліметтерді алуға болады. Мәселен, Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің қоныстарының бірі – Қанай қонысынан қола дәуіріне жататын, тастан жасалған бір жағы бұрышталған үккіш, саз балшықтан жасалған көптеген ыдыстардың сынықтары табылды.

Шу алқабынан, Қырғыз Алатауының сілеміндегі Луговое ауылы маңынан табылған үйсіндердің алғашқы қонысынан тамақ жасалынған ашық ошақ орындары табылды. Сондай-ақ мұнда табылған ірі көзелер сынығының көптігі, дәнүккіш тастар мен кетпендер қоныс тұрғындары мал шаруашылығымен қоса, егіншілікпен айналысқандығын, тағамға дәннен жасалған түрлерін көптеп қолданғанын айғақтайды. Сонымен қатар Қырғызстан археологтары қазір су басып қалған Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауларынан Сарыбұлан атты үйсіндердің үлкен қонысынан құмыра, табақша, қазан, текше ыдыстардың бірегей коллекциясы жинастырды. Бұлар дәнүккіштер, түрлі келсаптар, кетпендер, орақ тәрізді пышақтар, т.б. еді.

VI-VII ғ. үйлерде диірмендерге арналған тумба тәрізді тұғырлар бар. Хумдар, азық-түліктің өнімдерін сақтауға арналған ыдыстар бұрышта, сыпада (сәкіде) орналасады. Күйдірілген саз балшықтан жасалынған бөшке тәрізді және астау секілді ыдыс-

тар да дақылдарды сақтау үшін пайдаланылды.

Ежелгі және ортағасырлық кезеңдерден жеткен жазба деректерден қазақ халқының этникалық тарихын, шаруашылығын, материалдық мәдениетінің тарихи этнографиясын қарастырған біршама еңбектер бар. Алайда бұл еңбектерде киім, баспана, шаруашылық құралдары қарастырылып, тағамдар туралы қысқаша ғана сипаттаулар берілген.

Қазақ этнографиясы, оның ішінде тағам туралы алғашқы мәліметтер П. Паллас, И. Георги еңбектерінде кездеседі. Осы орайда А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордаларының сипаттамасы» еңбегін де айта кетуге болады. Еңбекте автор сол кездегі қазақ халқының ұлттық тағамдарына қысқаша тоқтала кеткен.

1771 жылы қазақ жерінде болған капитан Н.П. Рычковтың жазбаларында дәстүрлі тағам туралы аздаған болса да мәліметтерді кездестіруге болады. Сонымен қатар И.Р. Андреевтің «Описание киргиз-казачьих орд и степей» атты монографиясында да тағам туралы мәліметтер бар. XIX ғ. ортасында қазақ жерінде болған П.И. Небольсиннің мәліметтерінде де тағам түрлері туралы деректер бар.

Н.Р. Малышевтің «Прием и угощение у киргизов» атты мақаласында қазақ халқының тағам түрлері және қазақтағы ет асату дәстүрі туралы қарастырылған. Г.М. Броневский, Б. Залесскийдің еңбектерінде қазақ халқының тағамдануы жайлы мәліметтер кездеседі. А.И. Макшеев, А.И. Бутаков, Л. Мейер, С. Зыков еңбектерінде де қазақ халқының тағам түрлері туралы айтылады.

1835-1855 ж. аралығында Орынбор өлкесінде болған Орыс географиялық қоғамының мүшесі М.И. Иванин қазақ халқының шаруашылығы, мәдениеті мен тұрмысы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, діни сенімдері жайлы еңбегінде тағамдардың ғұрыптық қызметі туралы айтады.

1860 жылы жарияланған Н.И. Ильминскийдің «Древний бычай распределения кусков мяса, сохранившийся у киргизов» деген мақаласында мал сою мен етті мүшелеудің тәртібі жөнінде айтылған. 1873 жылы Әмударияның төменгі ағысында жұмыс жүргізген А.В. Каульбарс бастаған экспедицияның маңызы зор.

Оның жинаған мағлұматтарының ішінде аталмыш тақырыпқа қатысты мәліметтер бар. А.К. Гейнстің «Питание городского и сельского населения Туркестанской республики» деген мақаласы аталмыш мәселеге байланысты құнды мәліметтер береді.

1903-1909 ж. Маңғыстау жерінде болған Р. Карутц «Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке» атты еңбек жазып, онда қазақтың тағамдану жүйесі туралы деректер береді.

Сонымен қатар революцияға дейінгі зерттеулер ішінде Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, С. Бабажановтың еңбектерінің маңызы зор.

Қазақ халқының тұрмысына байланысты «Кзаки» деген атпен шыққан КСРО Ғылым академиясының С.И. Руденко басшылығымен жүргізілген арнайы экспедициялық зерттеу комиссиясының материалдары жинағының бірнеше басылымдарында жарияланған мақалалардың орны ерекше.

Осы аталған жинақтағы 1927 жылы Семипалатинск губерниясы қазақтарының тұрмыс күйіне, атап айтқанда, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде және тағамы мен киімдеріне санитарлық зерттеу жүргізген Н.А. Трофимуктың «Санитарный очерк обследования водоснабжения, питания, жилища и одежды жителей Казахстана» атты мақаласы ерекше. Еңбектің құндылығы, қазақтардың тамақтануындағы әлеуметтік айырмашылықты зерттей отырып, ғалым бай мен кедейдің күніне тұтынатын тағам мөлшерінің пайызын есептеп шығарды.

Қазақ халқының дәстүрлі тағамына қатысты Ф.А. Фиельструптың «Молочные продукты турков-кочевников» деп аталатын сүт тағамдары жайлы мақаласының орны ерекше. Ол – түркі-моңғол халқының сүттен дайындалатын тағам түрлерін әзірлеу, өңдеу тәсілдерін салыстыра отырып зерттеген алғашқы еңбек.

Сол сияқты С.М. Абрамзон, К.Ш. Шаниязов, Б.Х. Кармышева, М.Т. Айтбаев, М.С. Бердыев және т.б. ғалымдар қарастырылып отырған мәселеге байланысты зерттеулер жүргізді.

1946 жылы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының құрылуымен байланысты Қазақстанның әр аймағын этнографиялық тұрғыдан зерттеу жанданып, қолға алынды. Әсіресе Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография бөлімінің ашылуымен ерекше жанданды. Қазақ халқының

дәстүрлі және қазіргі тұрмысы мен мәдениетін зерттеген ғалымдар В.В. Востров, И.В. Захарованың мақалаларынан тағамға қатысты материалдар кездеседі. Белгілі этнограф Х.А. Арғынбаевтың еңбектерінде қазақтың ұлттық тағамдары туралы, дәстүрлі тамақтанудағы атқарылатын әдет-ғұрыптар, оған байланысты ырымдар мен тыйымдар жайлы құнды деректер мол кездеседі. Атап айтқанда, «Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и нач. XX веков (По материалам Восточного Казахстана)» мақаласында шығыстағы қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінде орыстармен қатынас нәтижесінде пайда болған өзгерістер туралы баяндалған. Онда қазақтар арасындағы баспанасы, киімі, тағамындағы өзгерістер, керісінше орыс баспанасы, киімі, тағамына қазақтардың әсері айтылады. Мәселен, әсіресе қымыздың орыстар арасында көп тарағаны айтылады. «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк», «Қазақ халқындағы семья мен неке», «Қазақ отбасы» атты еңбектерінде автор қазақ халқының тағамға байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптар жайлы деректерді де зерделейді.

Қазақ халқының сүт шаруашылығына қатысты еңбек Т.А. Мұқанованың «Революцияға дейінгі сүт шаруашылығы» деген кандидаттық диссертациясында сүттен жасалатын тағамдар түріне тоқталады.

1967 жылы Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімі қызметкерлерінің «Культура и быт казахского колхозного аула» деген ұжымдық монографиясы жарық көрді. Бұл еңбекте сол кездегі қазақ халқының тағамдану жүйесіндегі өзгерістер жайлы айтылған.

Сондай-ақ қазақ халқының материалдық мәдениеті жөнінде В.В. Востров пен Х.А. Қауанованың «Материальная культура казахского народа на современном этапе» деген монографиясында қазақ жұмысшыларының материалдық мәдениетіндегі өзгешеліктерді алғаш осы кешенді зерттеуден байқаймыз. Алайда сол кездегі социалистік тұрмыс қалпын мадақтау сияқты идеологиялық стереотипке байланысты бұл еңбектерге сын көзбен де қарауымыз керек. Ал С.Е. Толыбековтің «Кочевое общество

казахов в XIX – начале XX века» деген монографиясында қазақ малшысының негізгі азық түрлеріне жалпы шолу жасалған.

«Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков» деген ұжымдық зерттеуде қысқаша болса да қарастырып отырған мәселеге байланысты мәліметтер бар. Аталмыш еңбек жалпы қазақ этнографиясы үшін маңызы зор еңбек.

Қазақтың ұлттық тағамдарына байланысты діни сенімдер туралы деректер белгілі этнолог Ө.Т. Төлеубаевтың «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX в.)» атты монографиясында орын алған.

Белгілі этнограф У.Х. Шәлекеновтің «Казахи низовьев Амур-дарьи», «Түріктердің отырықшы мәдениеті» атты еңбектерінде қазақтардың қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендермен қарым-қатынасын қарастырып, қазақ халқының дәстүрлі тағамы туралы да зерделейді. Таулы Алтай өлкесінің Қосағаш ауданын мекендеген қазақтардың тұрмыс-салтын зерттеген А.В. Коноваловтың «Казахи Южного Алтая» деген еңбегінде дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен материалдық мәдениет, оның ішінде тағам түрлерінің сақталғанын жазады. Алайда автор сипаттама ретінде ғана тоқталған.

Н.Э. Масановтың «Кочевая цивилизация казахов» атты монографиясында қазақтардың шаруашылығына байланысты қалыптасқан негізгі азығы – мал өнімдерін халықтың тіршілік қамы жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырған. Ж.О. Артықбаевтың «Қазақ этнографиясы» атты еңбегінде қазақ шаруашылығы, мал өсіру тәсілдері, негізгі тағамдары туралы жалпы сипаттамалар жасалған.

Қазақ этнограф-ғалымдары бірлесе жазған «Казахи. Историко-этнографическое исследование» атты еңбекте ұлттық тағамдарға айтарлықтай көңіл бөлінген. С. Қасимановтың «Қазақтың ұлттық тағамдары» атты кітапта еттен, сүттен, ұннан жасалатын тағамдардың түрлеріне тоқталған.

Н.Ж. Шаханованың «Традиционная пища казахов как историко-этнографический источник», «Мир традиционной культуры казахов» атты еңбектерінде ұлттық тағам түрлеріне тарихи-этнографиялық тұрғыдан тоқталып, тағамға қатысты әдет-ғұрыптардың семантикасын қарастырған.



Қарастырылып отырған мәселеге тікелей қатысы бар маңызды еңбектердің бірі – Досымбек Қатранның «Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесі» атты кандидаттық диссертациясы мен осы зерттеудің негізінде жазылған оның «Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті» атты еңбектерінде қазақ халқының тамақтану жүйесін этнографиялық тұрғыдан жан-жақты қарастырған.

Сондай-ақ Д.М. Оспановтың «Қазақстанның оңтүстік аймағындағы дәннен жасалған ұлттық тағамдары» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясында дәстүрлі ұлттық тағамдардың бір түрі – дәннен жасалған тағамдар қарастырылып, зерделенген.

А.Д. Сандыбаеваның «Қазақ халқының еттен дайындайтын ұлттық тағамдары (Оңтүстік Қазақстан деректері бойынша)» атты кандидаттық диссертациясында да қазақтардың мал сою тәсілдері, еттен жасалған тағам түрлері жан-жақты сараланған.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Тағамға қатысты археологиялық деректерге тоқталыңыз.
2. Тағамға қатысты төңкеріске дейінгі зерттеушілердің еңбектері қандай?
3. Төңкерістен кейінгі кезеңдегі қазақ халқының тағамдану жүйесінің зерттелу дәрежесі қандай болды?
4. Кеңес дәуірі кезеңіндегі зерттеулерге тоқталыңыз.
5. Қазіргі кездегі зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасаңыз.

### **3.2 Дәстүрлі тағамдану жүйесінің экологиялық жүйемен және шаруашылық түрімен байланысы**

Қазақ халқының негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғандығын олардың тағамынан көруге болады. Олардың негізгі тамағы ет және әртүрлі сүт тағамдары болды. Одан кейін ұннан жасалған тағамдар қолданылды. Тек мал саны аз кедей қазақтарда ғана егіншілік өнімдері (ұннан жасалған) тағамға жиі пайдаланылды. Қыста қазақтар, негізінен, еттен және ұннан жасалған көже, таба нан, бауырсақ, салма, төңкерме, ботқа сияқты тағамдармен қоректенді, ал сүт тағамдарынан құрт, ірімшік, егежей, майды пайдаланды. Ірімшіктен қоспа, жент дайындайтын.

Қазақ халқында өсімдік тағамдары, оның ішінде терімшілік өнімдерін (жабайы өсімдіктердің дәндерін немесе тамырын,

негізінен, крахмалды өсімдіктердің, жабайы өсетін жемістер мен олардың тамырларын) қолдану шектеулі болды. Өйткені жабайы өнімдердің тек көшпелілер тұтынатын дастарқан мәзіріне сәйкес келетіндері ғана қолданылды. Мәселен, кейбір өңірлерде қазақтар ертеден жабайы өсімдіктер – жабайы сарымсақ, жуамен қоса жеміс-жидектерден жиде, қарақат, қызылқат, мойыл, қойбүлдірген, таңқурай, қымыздық қолданды. Қазақтардың дәстүрлі тағамдануында үй құсы еті болмады және жеміс, қалампыр, бұрыш, т.б. шектеулі түрде қолданды.

Аңшылықпен айналысқан қазақтар жабайы аңдар мен құстардың етін тамаққа қолданды (сайғақ, жейран, қоян, дуадақ және т.б.). Өзен, көл маңында отырған, әсіресе батыстағы қазақтар балық өнімдерін көптеп пайдаланды.

**Еттен жасалған тағамдар.** Ет – ең негізгі тағамдық өнімдердің бірі. Еттің дәмі әр алуан тағамдармен жақсы үйлеседі. Қоректілігі жағынан ең құндысы әрі жұмсағы – бұлшық ет. Бұлшық ет тканінің ақуызында адам ағзасына қажетті амин қышқылдары түгелдей кездеседі. Қоректілік және дәмдік сапасы бойынша ең тәуір етте 14-19 пайыз ақуыз, 12-15 пайыз май болады.

Қараша айының соңы мен желтоқсан айының басында қазақтар соғым дайындайды. Соғымды дұрыс сақтау үшін күн суығаннан кейін соятын. Жылы қыстарда немесе көктемге қарай етті тошаланың ортасына от жағып түтін салу арқылы кептіретін.

Жалпы, қазақ халқы ет сақтаудың көптеген әдістерін қолданған. Ұзақ мерзімге сақталатын мал еті – соғым еті. Мысалы, кейін жас сорпа әзірлеу үшін малдың етін, айталық, санын, қолын тұтас күйінде аязға қатырып қояды. Етті қатырғанда оны сол ыстық күйінде аязға шығармай, әуелі қоңыржай салқын жерде суын сорықтырып, содан кейін шығару керек. Тоңазып әбден қатқан соң етханаға жинап, қымтап жауып ұсталады. Жас еттің дәмін кетіріп алмас үшін желге, күнге тигізбеу қажет. Бұдан басқа етті бүрмелеу деген бар. Ол етті қарынға тығып сақтау. Қойдың, сиырдың еті өз қарнына сияды. Соғым кезінде олардың еті жас күйінде тұздалып қарнына салынады да, етханаға шығарылып қойылады, оның қан-сөлі өзіне сіңіп, қыс аяғына дейін қатып жата береді. Дәл осы сияқты күбіге, ағаш бөшкеге салып та тұздалады, керегіне қарай үстінен алып тамақ жасай береді. Етті сүрлеп сақтау үшін оны

әуелі мүшелеп бұзады, ұсақ тұз бен сарымсақ қосып ұнтақтап, аздап қара бұрыш қосып тұздайды. Міне, осындай әдістермен сақталған еттен дайындалған тағамның адам ағзасына пайдалы әрі дәмді болатыны анық.

Етті қазақтар қуырып та асып та жейтін. Жазғы уақытта етті сиректеу қолданды, көбінесе құрметті қонақтарға ет асатын. Асылған ет – қазақ халқының басты тағамы. Қой немесе сиыр, жылқы еті болсын су құйылған қазанға салынып пісіріледі. Асылған етті ұсақтап турап ортақ табаққа салып қолмен жейтін. Бұл тағамды «ет» деп атаған. Етке қазіргі кездегідей қамыр салмаған. Мәселен, Х.А. Арғынбаев, А. Корбе, Е.И. Махованың мәліметтерінен Семей өңірі қазақтарының 1960 жылдарға дейін етке қамыр салмағанын көруге болады. Қазіргі кезде піскен еттің майлы сорпасына, алдын ала жұқа жайылып қойылған қамыр салынады. Бүкіл шығыс қазақтары етке салатын қамырды «шелпек» деп атайды. Ал Орал өңірінде «іңкәл», оңтүстікте «қамыр», Көкшетауда «құлақ нан», «күлшетай», батыста «ет наны», солтүстікте «жұқа нан», Түрікменстан қазақтарында «күртік» деп атайды. Дайын болған қамыр табаққа түсіріліп, кесектеп туралған ет салынып, үстіне тұздық құйылады. Малдың басы, жамбасы сыйлы қонақтарға, ортан жілік жасы үлкен кісіге, құдаға, асық жілік құдағиға, төс күйеуге, келінге, бүйрек, құлақ балаларға тартылады.

Соғым сойған кезде жас майсыз еттен және өкпесі мен бауырынан майға қуырып қуырдақ дайындайтын.

Еттен жасалған тағамдардың ішінде қазы ерекше орын алады. Қазы – жылқының өз ішегіне айналдырып тығылған сүбе қабырғалар. Қазы майының қалыңдығына байланысты кере қазы, дөнбек қазы, шынтақ қазы, бұлт қазы деп бөлінеді. Ішекке сыймағанын телшік деп атайды. Қазыны көбіне қысқа сақтайды, қазы сүрленген сайын дәмді болады. Жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі – жал. Ол жылқының шоктығы мен ауыз омыртқасының арасында, мойын омыртқаны ұстап тұратын желкемен жымдаса бітеді. Жылқы сойғанда терісі сыпырылғаннан кейін жалдың өзін мойын омыртқадан сылып алады.

Еттен жасалатын тағамның бір түрі – әсіп. Әсіпті дайындау үшін қойдың ішегін тазалап жуып, ішіне ұсақтап туралған ет,

жүрек және бауырға пияз, бұрыш, тұз, күріш қосып салады. Ішектің аузын байлап, суға салып пісіреді.

Борша көбінесе ірі қара етінен дайындалады. Санның, қолдың, жауырынның қара кесек еттерін ұзыншалап кесіп алып, пышақпен жұқалап тіліп, тұз, бұрыш себеді. Етті темір тордың үстіне салып, жалындатпай шокқа қақтап пісіреді.

Жаубүйрек – ұлттық тағамның бір түрі. Жаубүйректі малшылар, жолаушылар көп пайдаланады. Қойдың құйрығын білемдеп кесіп алады. Бауыр мен құйрықты жұқалап жапырақтап, істікке бір май, бір бауыр етіп кезектеп шаншып, үстіне майда тұз, бұрыш сеуіп отқа қақтап пісіреді. Оны кәдімгі кәуәптің бір түрі десе де болады.

Малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалатын тағамды жөргем деп атайды.

Кимай – соғымға сойылған сиыр етінен дайындалатын тағам. Сиырдың тоқ ішегін тұздап, айналдырып, оның ішіне кесек етіп туралған төстік пен төстің етегін, бұрыш, тұз, жуа қосылған етті салады. Оны шұжық сияқты пісіреді.

**Сүттен жасалған тағамдар.** Күнделікті негізгі тағам түрі сүттен жасалған тағамдар және ұннан пісірілген бауырсақ болды.

Зерттеу жұмыстарын жүргізген комиссия құрамында болған Ф.А. Фиельструп: «Тіпті малы көп қазақтардың тамақтануының өзінде сүт тағамдарының маңызы зор болғандығын сүттен дайындалған тағамдардың әртүрлілігіне қарап-ақ аңғаруға болады», – деп жазады. Сүтті қазақтар ешқашан шикідей ішпеген, тек орыстармен ұзақ уақыт тығыз араласқан кейбір қазақтар шикі сүт ішуді де үйренген.

Ұсақ малды күніне бір рет, ал ірі қара малды күніне екі рет таңертең және кешке, жылқыны 4-6, кейде 12 ретке дейін сауатын. Сүтті түнде жалпақ ағаш ыдысқа құйып салқын жерге қоятын, таңертең бетіне түскен кілегейді немесе шикі қаймақты алақанмен сыпырып алатын. Кілегейді қойылғанша қайнатып одан «балқаймақ» немесе кілегейді ағаш ыдысқа жинап сары май шайқайтын. Шайқалған майды тазаланып кептірілген қойдың қарынына немесе бүйеніне сақтайды. Майды көбінесе қыс кезінде бауырсақпен, таба нанмен қосып жейтін.

Жаз айларында сүтті бірден қазанға пісіріп, түнге қалдыратын.

Таңертең бегіне түскен піскен қаймақты қолмен сыпырып алып дастарқанға қоятын, ал сүтті бір ыдысқа құйып қымтап жауып тастайтын да айран ұйытатын. Айранды көбінесе қымыз дайындауға жағдайы жоқ кедей қазақтар жаз кезінде шөл басу үшін сүтпен араластырып ішетін. Қымызды көптеп дайындайтын бай қазақтар айранды сусын ретінде ішпейтін, сүтті көбінесе құрт пен ірімшік дайындауға қолданатын. Артық айран мен ашыған сүтті арнайы тері ыдыс сабаға құя беретін. 10-15 күннен кейін қатты ашыған бұл сүт іркітке айналатын. Іркітті піспекпен майынан айырып, қалған іркітті қазанға құйып қойылып құртқа айналғанша қайнататын. Оны қапқа құйып сары суы ағу үшін іліп қоятын. Ертеңінде домалақтап өреге жайып қоятын. Көлемі жағынан кішкене сықпа құрттарды шаймен жейтін, ал үлкен құрттарды қысқа сақтайтын. Қыста бұл құрттарды ұннан жасалған көжеге араластырып ішетін. Оны май немесе қуырылған құйрық маймен араластыратын. Басқа өңірлермен салыстырғанда Шығыс Қазақстандағы құрттар өте ірі болып келеді.

Сонымен бірге қазақтар айранды қайнатып одан «ежегей» дайындайтын. Ал сиыр немесе ешкі сүтінен ашытқы қосып ұйығанша қайнатып «ақ ірімшік» дайындайтын. Ірімшікке тұз және май қосып жейтін. Ірімшікті ұзақ қайнату арқылы «қызыл ірімшік» дайындайтын. Қызыл ірімшікті кептіріп қысқа да сақтайды. Түйілген қызыл ірімшік ұнтағына май араластырып «қоспа» жасап, қарынға салып, қысқа сақтайтын.

Қой сүтіне іркіт немесе қымыз араластырып қайнатып «қою сүт» дайындайтын, оны көбінесе кешке ыстық күйінде ішетін. Ағаш тостаққа аз мөлшерде іркіт құйып, оның үстіне қойды бірден сауатын, ол бірден ұйып қышқыл дәмді тағамға айналады. Оны көбінесе балаларға жасап беретін. Таңертең қойшы торсықпен аз мөлшерде қымыз алып шығып, түске қарай бірнеше қойды сауып сүтін қымыздың үстіне торсыққа құятын да кешке дейін өзімен алып жүретін, кешке қарай дәмді, қою және майлы сусын қойыртпақ дайын болатын. Қойшының күндізгі негізгі асы «қорықтық» болды. Орташа көлемді бірнеше тасты отқа салып қатты қыздырып, оларды қой сүті құйылған саптыаяққа салып жібергенде сүт қайнап қойылып қалатын. Оны қорықтық деп атады.

Қымызды бие сүтінен сабаға ашыту арқылы дайындайтын.

Көктемде сүтке, қымыздың тұнбасына сүрленген жамбас сүйекті немесе айранды салып ашытатын. Қымыз уақыты аяқталғанша сабада ашытқы ретінде қымыз қалдырып, үстіне жаңа сауылған сүттен құйып отыратын. Кешке қарай піспекпен әбден піскен соң, таңертең қымыз дайын болатын. Ішер алдында қымызды ұзақ пісіп алып барып тегенеге құйып сапырады. Содан кейін ағаш тостағандарға құйып қонақтарға таратады. Кейбір байлар сабаны үнемі шайқалып пісілуі үшін түнгі күзеттегі жылқышының атына теңдетіп жіберетін болған. «Сабадан қымыз құйдырып, ортасына қойдырып, жасы үлкендер бір бөлек, кеңесіп күліп сылқылдап» деп ұлы Абай айтқандай, қымызды бүкіл ауыл адамдары күн сайын бас қосып, әзіл, әңгіме араласқан көңілді дастарқанда ішетін. Сақталу мерзіміне қарай үш күндік қымызды «құнан қымыз», төрт күндігін «дөнен қымыз», бес күндігін «бесті қымыз» деп атаған.

**Ұннан жасалған тағамдар.** Егіншіліктің дамуына байланысты қазақтар арасында тамаққа дәнді-дақылдарды қолдану жиілей түсті. Жатақтар тарыны сүтке қайнатып ботқа және тары көже жасайтын.

Бидайды қазанға қуырып алып келіге түйеді де, сүт немесе тоңмаймен араластырып талқан жасады. Бидайды дымқыл күйінде ағаш келіге салып ақтайды да, бидай көже жасады. Жұт кездерінде көжеге айран қосып ішетін, ол тек сусын ғана емес, тамақ ретінде де болды. Ет асқанда сорпасына ақталған бидайды салып пісіріп, көже жасайды.

Ұннан жасалған тағамдардың тағы бір түрлері – бауырсақ пен шелпек. Ұсақтап турап, ерітіліп, қайнатылған малдың іш майына бауырсақ, шелпек, құймақ пісірді. Қазірде де ашыған қамырдан оқтаумен 1-1,5 см қалыңдықта жайылып, көлемі бірдей етіп кесіледі де, қыздырылған майға қуырылып бауырсақ пісіріледі.

Шығыс Қазақстанда басқа аймақтарда пісірілмейтін ұсақ кітірлек бауырсақ дайындайды. Бауырсақтың бұл түрінің ерекшелігі ол көгермейді, қатпайды, ұзақ сақталады. Оны ұсақ бауырсақ деп атайды. Сондай-ақ үлкен бауырсақ та пісіреді. Бұл бауырсақтың қамырын ашытып пісіреді. Ашыған қамырды шұжық тәрізді қалыпқа келтіріп, домалақ формада кесіп, тегіс жерге тізеді де, оның көтерілуін күтеді. Көтерілген соң қазандағы

қатты қызып тұрған майға салып пісіреді. Піскен соң да майдан алып, суығанша тегіс жерге тізіп қояды. Үлкен бауырсақты да Қазақстанның басқа өңірлерінде көп пісірмейді.

Жағдайлары нашарлау қазақтар шелпек түрі қоламтаны пісірді. Ал қазанда майсыз пісірген шелпекті қазан жаппай деп атады.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақ халқы жабайы өсімдіктердің қандай түрлерін тағамға қолданды?
2. Жабайы жануарлардың етін тағамға пайдалану болды ма?
3. Еттен жасалған тағам түрлеріне тоқталыңыз.
4. Сүттен жасалған тағам түрлеріне тоқталыңыз.
5. Қазақ халқының ұннан жасалған тағам түрлері қандай?
6. Қазақ халқының тағамдану жүйесіндегі локальдық ерекшеліктері қандай?

**3.3 Тамақтану: тәртібі, құрамы, этикет**

Тамақ адам ағзасын (организм) қалыпты физиологиялық жағдайда ұстау үшін және күш-қуатпен (энергия) толықтыру үшін керекті заттармен жабдықтайды. Осы тұрғыдан алғанда тамақтану жүйесінің биологиялық жағы оның негізі болып табылады. Алайда тамақтану барысы тек қана адамның аштық инстинктісін қанағаттандыру болып табылмайды. Себебі тағамдану жүйесі этностың дәстүрлі тұрмыстық мәдениетінің бір бөлігі ретінде де қарастырылады, сонымен қатар ол маңызды қоғамдық қызмет атқарады. Бұл – өмірдің басқа салаларымен өзара байланыстағы, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын және сол қоғам үшін дәстүрлі мінез-құлық ережесін көрсететін тұрмыстық мәдениеттің көрінісі.

Тамақтану жүйесінің маңызды қоғамдық қызметінің бірі – бірге тамақтану барысында қалыптасқан әлеуметтік қарым-қатынасты бекіту және оны көрсету. Мәселен, қазақтарда және басқа да түркі халықтарындағы тамақты бірге ішіп отырған адамдарды олардың әлеуметтік және жастық мәртебесіне (статус), туыстық және жақындық жүйедегі жағдайына қарай бөліп отырғызу, сондай-ақ тамақтану барысында етті үлестіру, олардың арасындағы қалыптасқан орындық (рөл) ұстанымдарды қатаң сақтау және т.б. осының көрінісі бола алады.

Тағам мәдениеттің ғұрыптық кешенімен тығыз байланыста

болғандықтан, дәстүрлі тамақтану жүйесінде культтік-ғұрыптық белгілер өте көп. Ғалымдар «тағаммен байланысты ғұрыптық әрекеттер кешенінің дамуы (генезис) адамзат қоғамының қалыптасуының өте ерте кезеңіне жатады» деп болжайды. Тамақтану жүйесінің қоғамдық қызметінің маңызы бас қосып тамақтану кезеңінде әлеуметтік қатынастарды айқындап отырады.

Қазақ халқында тағамның әлеуметтік қолданылу жолдары, яғни күнделікті тұрмыстағы және мереке күндеріндегі тағамның даярлану және қолданылу ережелері мен нормалары болды. Тамақтанудың классификациялық қағидаларын негізге ала отырып қазақтардың дәстүрлі тамақтану жүйесін төмендегі негізгі екі жікке бөлуге болады: үйдегі және жиындық тамақтану. Бұл жіктеудің негізгі белгісі қатынасқан адамдардың саны мен сыйқұрмет ерекшелігіне байланысты болады. Үйдегі астың өзі екі түрге – күнделікті және қонақ күту кезіндегі тамақтану деп бөлінеді. Күнделікті асқа, негізінен, отбасы мүшелері, кейде көршілері мен жақын туыскандары да қатысса, қонақасына арнайы шақырылған немесе кездейсоқ келіп қалатын «құдайы қонақтары» кіреді. Сондай-ақ қонақасыға жақын туыстары, көрші-қолаңдары қатысатын шағын той-мерекелер (шілдехана, соғым бас, бастаңғы, тоқым қағу, тілек тілеу, шашыратқы, ақсарбас айту, көтен асу, т.б.) жатады. Осы аталған тамақтанулар кезінде белгілі бір тағам түріне ерекше мән беруден туындайтын кәделі мүшелер айқындалады. Мәселен, мәртебелі орындарды айқындау, бірге тамақтанушылардың жастық, отбасылық, рулық мәртебесіне қарай тамақтарды бөлу сияқты ұстанымдары қалыптасқан. Қазақ халқында дастарқан жайғанда отырған әр адамның жасына, жынысына қарай өзіне лайық сыбағасы болады. Егер лайық мүше ұсынылмаса, ол кісілердің өкпелеуге хақысы бар, айып та сұрай алады.

Жалпы мәзірдің этномәдени түрлеріне тоқталсақ, оның көшпелі түріктік және жер өңдеуші ирандық түрлері болады. Бірінші түрдің негізгі элементі пісірілген ет пен қышқыл сүт өнімдері болды. Ол қазақ, қырғыз, түрікмен, қалмақ, моңғол және т.б. Еуразия даласының көшпелі халықтарына тән. Екінші түрдің негізі – палау мен май. Бұл түр тәжік, парсы, өзбек, ұйғыр және т.б. жер өңдеуші халықтар арасында тараған.

Адамның бүкіл өмірін қамтитын салт-дәстүрлер мен ғұрып-



тардың (өмірге келу – үйлену – өлім) барлығында тағамның орны ерекше болды.

Баланың дүниеге келу салтында да тағамның орынды аспектілері болды. Жүкті әйелдің ұтымды тамақтануына шектеулер (түйе, қоян, балық етін жеуге тыйым) қойылды.

Бала тууға байланысты әдет-ғұрыптар әртүрлі магиялық кезеңдермен сипатталады. Әсіресе тағамға байланысты жүкті әйелдерге қойылатын тыйымдар мен ырымдар өте көп. Мәселен, аяғы ауыр әйел түйе етін жеуге болмайды, олай етпесе жүктілік кезеңі он екі айға созылып кетеді деген түсінік болған. Егер әйел түйе етін жеп қойып, босану уақыты кешеуілдесе, онда тағы да асылған немесе қуырылған түйе етін жеу керек. Жүкті әйелдің қоян етін жеуіне тыйым салынады. Қоян етін екіқабат әйел жейтін болса, онда «жырық ерін» бала туады деп түсінеді. Балық етін де екіқабат әйелдің жеуіне рұқсат етілмеді. Себебі оны жесе, баланың аузынан сілекей тоқтамайды деген сенім болған. Сондай-ақ аңшының, балықшының олжасын екіқабат әйелдерге жеуге болмайды. Себебі осы уақытқа дейін халық арасында аңшылар мен саятшылардың, балықшылардың құрал-саймандарына, қару-жарақтарына тіл, көз тиеді, бұзылады деген наным-сенім сақталған. Әсіресе қақпанға түскен, мылтықпен атып алынған аңның, құстың етіне жерік болған әйел жеп қойса, онда мылтық немесе қақпан «бұзылады» деген сенім болған.

Жүктілік кезеңнің бастапқы кезінде әйел адам «жерік» болады. Бұл кезде әйел қалаған тамағын жеуі керек. Әйел қалауы діни тыйымдарға қайшы келсе де, оның қалауы орындалады.

Мұндай қазақтағы жүкті әйелдің жейтін тағамына қатысты ырымдар мен тыйымдары тағам арқылы, әсіресе ет тағамдары арқылы баланың әртүрлі кемістіктерді немесе жақсы қасиеттерді «жұқтыруы» мүмкін деген түсініктен туындаған болуы керек.

Бала туа салысымен құйрық майды ерніне жалатып, денесін маймен сылап, аузына кішкене түйірін салатын болған.

Жүктілік және босанғаннан кейінгі кезеңмен байланысты ас түрлері болды. Мысалы, құрсақ той, қалжа той, шілдехана. Баланың алғашқы әлеуметтенуіне байланысты астарға бесікке салу, қырқынан шығару, тұсауын кесу, сүндетке отырғызу, ашамайға отырғызу, айдар қою және т.б. жатады.

Қазақтардағы үйлену тойы кезеңіне байланысты астың түрлеріне

құда түсу, ұрын басу, үйлену тойы жатады. Дәстүрлі тағамдар төс пен құйрық бауырдың құда түсу салтының негізгі атрибуты ретіндегі мәні ерекше болды. Осы кезде ұсынылатын тағам құдаласушылардың арасындағы байланыстың белгісі ретінде көрініс тапты. Мысалы, құда күткенде үй иесі құдалар мен қонақтардың алдына ұсақ етіп туралған төстік қойып, отырғандардан құдалықтың куәлары ретінде ауыз тиюді өтінеді. Осыдан кейін құдалар алдына қағықпен араластырып, ұсақтап туралған құйрық май мен бауыр қойылады. Үлкен құда ауыз тиеді де, өзінен кейінгілерге береді. Ең кіші құда ауыз тиген соң, қонақтарға кезекпен құйрық-бауырды қолмен асатады. Асау үшін еңкейе берген адамның бетіне қолындағысын жағып жіберуге тырысады. Бұл жерде төстік беру, құйрық-бауыр асату сияқты ғұрып тек серттесуді ғана білдірмейді. Бұл ғұрыпта қойдың ең майлы жерлерін пайдаланудың өзі болашақ отбасына байлық пен береке тілеуді білдіруі мүмкін, бір-бірінің бетіне майды жағып жіберу де осыған байланысты болса керек. Кейіннен бұл ғұрыпқа әзіл-қалжың, ойын ретінде қарайтын болған.

Жерлеу дәстүрі жүйесіндегі тағамның да өзіндік орны бар. Мұнан қазақтардың наным-сенімдерінің синкретизмін (тұтас-тығын) көруге болады, яғни исламға дейінгі көзқарастардың мұсылман дәстүрінің элементтерімен ұштасуы көрініс тапқан.

Қайтыс болған кісінің «қонақасы», «жетісі», «қырқы», «жылында» халықты жинап тамақ берген. «Қонақасы – адам қайтыс болған күні жиналған адамдарға мал сойып тамақ беру. Осы күндері (жетісі, қырқы, жылы) марқұмды еске алу құрметіне құрбандыққа мал шалып, жылы өткенше бейсенбі, жұма күндері «марқұм шыққан үйіне тамақ дәметіп келеді» деген түсінікпен шелпек пісіріледі. Көбінесе бұл күндері жылқы сойылады. Қазіргі кезде шамасына қарай қаралы үй қой, сиыр, жылқы сояды. Бұлай ете алмаған жағдайда «бисмилла» деп отқа май тамызып, иісін шығарса, аруақ риза болады деп ырымдаған.

Сонымен қатар қазақ халқында әртүрлі мерекелерге, соғым сою, бие байлау, бие ағытуға және т.б. жағдайларға байланысты тағам түрлері болады:

*Соғымбасы.* Соғым сойған күні отбасы алдымен соғымбасына ауыл ақсақалдарын шақырып, қонақасы береді.

*Сіргемөлдіретер.* Бие ағытылардағы соңғы қымыз әдеттегідей

ауыл үлкендеріне беріледі. Мұны «сіргемөлдіретер», кей жерлерде «сіргежияр» деп атайды.

*Сарқыт.* Қонаққа шақырылғанда үлкен әжелер келіні мен немерелеріне ет, кәмпит алады. Оны балаларына бөліп береді. Егер сарқыт әкелмесе емшектегі баласы бар келіндердің төсі іседі деген ырым бар.

*Наурызкөже.* Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнен тұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.

*Нәзір.* Үлкен іс бастағанда, үй салғанда тағы басқа игілікті іс алдында адамдар ауылдағы үлкен кісілерді «нәзір» деп аталатын дәстүр бойынша әдейі шақырып батасын алады.

*Ұйқыашар.* Аста, тойда мерекеде қыз-келіншектер жігіттер ұйықтап қалмасын деп арнайы ас дайындап ұсынады. Ол – ұйқыашар.

*Тоқымқағар.* Жас жігіт алғашқы сапарға шыққанда оның атанасы тоқымқағар жасап, ауылдарына кең дастарқан жаяды.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақтардың дәстүрлі тамақтану жүйесі қандай түрлерге бөлінеді?
2. Тамақтанудың қандай қоғамдық қызметтері бар?
3. Ас мәзірінің (меню) қандай этномәдени түрлері бар?
4. Бала туу және оны тәрбиелеудегі әдет-ғұрыптардағы тағамның орны.
5. Той жасауға байланысты салт-дәстүрлердегі тағамның орны қандай?
6. Өлік жөнелту дәстүріндегі тағамның орны қандай?

#### **3.4 Қазақтардың тамақтану жүйесінің өзгеруі**

Отырықшы халықпен, жер өңдеуші орталықтар Орта Азия, Шығыс Түркістан, Иран, Ресей, Қытаймен өзара байланыс, айыр-бас және тасымал сауда, XVIII ғ. ортасынан басталған қазақ-орыс саудасының үздіксіз өсуі сияқты тенденциялар дәнді-дақылдардың, ұнның, май, қант және т.б. өнімдердің қазақ арасында таралуына себеп болды. Сонымен қатар қазақтардың дәстүрлі тамақтану жүйесіне Ресейдің еуропалық бөлігінен Қазақстанға шаруалардың қоныс аудару қозғалысы да өз әсерін тигізді. Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы орыстар мен қоныс аударып келген шаруалардың негізгі кәсіптері дәнді-дақылдар (бидай, арпа, сұлы), бау-бақша өсіру, ірі қара мал, шошқа, үй

құстары мен ара бағу болды. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тамақтану жүйесіне Жетісу жеріне қоныс аударып келген дүнген және ұйғыр халықтарының әсері үлкен болды. Шектеуші факторлардың рөлі, яғни діни тыйымдар, дәстүрлі тағамды қалау мен «бөтен» тағам түрлеріне байланысты қалыптасқан пікірлер де тамақтану жүйесіне өз әсерін тигізді.

XIX ғ. басында Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында қазақтар бақша өсірді. Олар қауын, қарбыз өсіруді білді. Алайда бұл кезеңде бақша өсіру кең қанат жаймады, оның өнімдері тамақтануда маңызды орын алмады.

Бидайды қол диірменнен өткізіп ұн жасады. Біртіндеп орыстармен мәдени-экономикалық қарым-қатынастың нығаюына байланысты қазақтар арасында бидай ұны көптеп тарай бастады. Сонымен қатар өзбек, қарақалпақ және түрікмен халқының әсер етуімен қазақтар бау, бақша өсіру, оның ішінде картоп, қияр, пияз, қызылша, сәбіз өсіру тарай бастады. XIX ғ. 90-жылдарынан бастап Маңғышлақ қазақтары орыс, түрікмен халықтарымен араласу барысында қияр, қауын, асқабақ, қарбыз өсіре бастады.

X. Арғынбаев Шығыс Қазақстан қазақтарында XIX ғ. соңында бау-бақша өсіру кең етек алғанын жазады. Л. Чермак осы кезеңде Шу өзені бойында отырған қазақтар қауын мен қарбызды жаппай тамаққа қолданып отырғанын айтады.

Мұның барлығы қазақ халқының тамақтану жүйесінде өзгерістер әкелді. Дәстүрлі ет пен сүт тағамдарымен қатар, ұн және өсімдік тағамдары қолданыла бастады. Бауырсақ пен ашытылмаған шелпекпен қатар, екі табамен көмкеріліп, ыстық күлдің арасына салынып пісірілетін нанның түрлері (таба нан) пайда болды, ал қалың қылып пісіргенін пәтір деп атайды.

Орыстармен көршілес отырған қазақтар қамыр ашытуды үйренді. Олармен етене араласқан қазақтарда нанды ашытқымен ашытып, орыс пешіне пісірді. Ол нанды бөлке нан және қалаш деп атады. Қарт адамдарға арнап орыстың «блинына» ұқсас жұқа нан пісірді. Ашытылмаған қамырдан кеспе кесіп, оны сүтке немесе еттің сорпасына салып пісіретін болды, бауырсақ жасап, етке тұздық жасауды үйренді.

Башқұрттарда, татарларда, ноғайларда пісіретіндей құймақ пісірді. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақтар орыс

диірмендеріне бидайларын тартқызатын, кейіннен өздерінде де орыстардікіне ұқсас диірмендер пайда болды. Өзен, көл бойында отырған қазақтар балықты қамырға салып пісіруді үйреніп, оны «бәліш» деп атады.

Осы кезеңде жәрмеңкелік сауданың және жер шаруашылығының дамуына байланысты, енді қазақтар нанды, астықты жәрмеңкелерден сатып алатын болды. 1887 жылғы Семей әскери губернаторының есебі бойынша, Шығыс Қазақстан қазақтары 457416 пұт нан сатып алған.

Бидай ұнынан қазақтар тамақтың әр түрін жасады. Бірінші ұнды кебегінен айыру үшін елеуіштен өткізді. Еленген ұн орыстың «сеяный» немесе «сеянка» деген сөзінен «сеңке» деп аталды.

Сауданың дамуымен қатар қазақ даласына қант, мәнпәси, кірпіш шай, кептірілген және жаңа піскен жеміс-жидек жәрмеңкелерден әкелініп, кеңінен тарай бастады. Бай қазақтар шайды самаурынға қайнатуды үйренді. Шайды кішкене шәйнекке шығарып оны ақ шәйнек дейтін.

Қантты жиі қолдана бастады, оны қоспаға да қосатын болды. Көршілес орыс ауылдарынан бал сатып алатын болды.

XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтар картоп, сарымсақ, пияз, бұрыш, қияр, қарбыз, қауын сияқты бақша өсімдіктерін тағамға қолдана бастады.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде қазақ халқының тағамдану жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырады. Күштеп ұжымдастыру және тәркілеу, тың және тыңайған жерлерді игеру сияқты сол кездегі болған саяси жағдайлар оның тағамдану жүйесіне де әсерін тигізді. 1930 жылдың ортасынан бастап тамақ өнеркәсібі орындары – ет комбинаттары, балық өнеркәсіптері, мақта тазалау зауыттары, диірмендер, сүт зауыттары салына бастады. Онда өндірілген өнімдер біртіндеп жергілікті халық арасына тарала бастады. Сонымен қатар Қазақстан территориясына неміс, поляк, кәріс, қырым татарлары, қарачайлықтар, ингуштар, шешендер сияқты ұлттардың қоныс аударылуы, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ресейдің еуропалық бөлігіндегі халқының Қазақстанға эвакуациялануы да қазақ халқының тамақтану жүйесіне үлкен әсерін тигізді.

Кеңес дәуірі кезеңінде қазақтардың тағамдану рационасында

ұннан жасалған тағамдар түрі көбейе түсті. 1950-1960 ж. жаңадан құрылған совхоздар мен колхоздардың көбі астық өсіру бағытында болды. Қазақ әйелдері орыс пештерінде (нан пеш) ашытып нан пісірумен қатар, құймақ, бәліш (пирог), жұқа құймақ (блины) және т.б. пісірді. Пештер үйдің ішінде (ас үйде) және есіктің алдында болды. Оңтүстік Қазақстанның аудандарында нан пештермен қатар, есіктің алдында жұқа нан пісіретін тандырлар болды.

Көптеген колхоздар мен совхоздарда орталықтандырылған наубайханалар салынып, кейбір отбасылар нанды дүкендерден алатын болды. Дәстүрлі кеспемен қатар қазақтар енді вермишель, макаронды қолданатын болды.

Оңтүстік облыстардағы қазақтардың тамақтану жүйесіне өзбек, ұйғыр және корей, ал орыс және украин асханаларының батыс, солтүстік, орталық және шығыс облыстардың тұрғындарының тамақтану жүйесіне тигізген әсері зор болды. Мәселен, орыс, украин отбасыларымен араласқан қазақ әйелдері әртүрлі сорпалар, борщ, тұшпара жасауды үйренді, сондай-ақ, әсіресе Оңтүстік Қазақстанда өзбек, ұйғыр (палау, манти, лағман) тағамдарын жасай бастады.

Қазақ ауылдарында аралас некелер көптеп кездесті. Мәселен, қазақ жігіттерінің орыс, украин, неміс, молдован қыздарына үйленуі сол отбасылардағы тағам түрлерінің өзгерісіне септігін тигізді.

Күріштен етке қосып палау жасайтын болды. «Палаудың» пайда болған ортасы мен таралуы Алдыңғы және Орта Азия, Оңтүстік Азияның солтүсік ширегі, Кавказдың оңтүстік-шығыс бөлігі болса керек. Палау әзірлеудің жоғарыда аталған жерлердегі тәсілін еуразиялық көшпелілер – алтайлықтар, қалмақ, тыва, моңғолдар мен солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс қазақтары әлі де білмейді. Тек өзбек халқымен көршілес отырған оңтүстік аудандарда қазақтар палау дайындаудың негізгі тәсілдерін игерген.

Көптеген аудандарда бау-бақша (огород) өсіру (қоғамдық және жеке) кең етек алды. Соған байланысты қазақ отбасының рационында картоп, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, капуста және т.б. көптеп қолданылды. Көкөністерді енді ет, қуырдақ сияқты ұлттық тағамдарға да қолданды. Солтүстік, Оңтүстік және

Шығыс Қазақстан қазақтары қияр мен қызанақты қысқа арнап тұздап алатын болды.

Оңтүстік Қазақстанда күзде қауын мен қарбыз көптеп қолданылды, тіпті оны кептіріп (қауын қақ) те алатын болды. Мұндағылардың көбінде бақтары мен жүзім өсіретін баулары болды. Оның өнімдерін тағамға пайдаланды. Бұған дейін тек ауқаттылар ғана ала алатын кондитерлік (кәмпит, печенье, тосап, қойытылған сүт, бал), бакалея (әртүрлі жармалар, макарон, вермишель), гастронимдық (консервілер, шұжықтар, сыр) өнімдерді енді әр бір үйдің дастарқанынан көруге болды.

Кеңес өкіметі тұсында ауылдарда құс өсіру (тауық, үйрек, қаз және күркетауық) қолға алынды. Олардың өнімдерін (жұмыртқа, ет) тамаққа кеңінен қолдана бастады.

Қоғамдық тамақтану орындарының (совхоздық орталық мекемесіндегі, мектеп-интернаттардағы, бала-бақшалардағы, әскери бөлімдердегі, оқу орындарындағы, қоғамдық өндіріс орындарындағы асханалардың) рөлі өсе түсті. Қалалық жерлердегі асханаларда барлық жастағы адамдар (ер адамдар, әйелдер және жоғары сынып оқушылары) тамақтана бастады.

Осылайша, Ресей империясы құрамындағы және Кеңес дәуірі кезеңінде қазақ халқының тағамы, ыдыс-аяғы мен күнделікті тұрмыстағы қолданатын заттары да өзгеріске ұшырады.

#### **Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі кезеңде қазақ халқының тағамында қандай өзгерістер болды?
2. Отырықшы халықтармен араласу нәтижесінде қазақ халқының тамақтану жүйесінде қандай өзгерістер пайда болды?
3. Кеңес дәуірі кезеңіндегі тамақ өнеркәсібі орындарының құрылуы.
4. Қазақстан жерінде болған саяси оқиғалардың (күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру және т.б.) қазақ халқының тағамдану жүйесіне тигізген әсері.
5. Кеңес дәуірі кезінде қалалық жерлерде асханалардың пайда болуы.

### **3.5 Дәстүрлі ыдыс-аяқ және жиһаздар**

Қазақтардың ыдыс-аяқтары көбінесе сынбайтын тері, қарын, ағаш сияқты заттардан жасалатын. Киізден жасалған қап киіз қап, бұзау терісінен жасалғанды тұлып, бүтіндей сыпырылған аттың

бас терісінен тігілген қап атбаспақ, мауытыдан тігілген шекпен қап деп аталды. Оларды тігу үшін түйе жүнінен жасалған шуда жіптер қолданылды.

Арнайы киізден тігілген бет жағы өрнектелген аяққаптарда көш кезінде ыдыс-аяқты сақтады.

Сүрі ет пен сары май ағаштан жасалған жәшіктер кебежелерде сақталды. Май мен қоспаны қарынға сақтады. Малды соя салысымен қарынын тұзды суға салып түнге қалдыратын, сыртындағы түгін қырып, үрлеп көлеңке жерге кептіруге қоятын.

Қымыз, іркітті сақтау үшін жылқы терісінен саба жасады. Байларда кейде 35-40 шелектік сабалар болды.

Қымыз құятын «жан торсық» және «сүйретпе» деген түрлері болды. Сүйретпеге 3-4 шелек сыйса, жан торсыққа бірнеше литр ғана сыйатын.

Сонымен қатар теріден сауынға арналған шәйнекке ұқсас шелектер жасады. Оны көнек деп атады. Қымызды алып жүру үшін ешкінің бүтін терісінен «мес» жасады.

Ағаштан қымыз құюға арналған тегене, ет салуға астау, табак сияқты ыдыстар жасалынды.

Сұйық тағамдар үшін аяқ, шара аяқ, саптыаяқ жасалынды. Сұйық тағамды ожау немесе шөмішпен құйды. Бұл ыдыстардың сырты ою-өрнекпен әшекейленді. Қымыз ішу үшін қайыңнан жасалған тостағандар жасалды.

Сонымен бірге ағаштан қасық, май шелек, күбі, шелек, келі және т.б. ыдыстар жасады. Металдан жасалған ыдыстардың ішінде ең көп тарағаны қазан еді. Ең үлкен қазанды «тайқазан» немесе «тай жүзетін қазан» деп атады. Тайқазанды қоятын ошақты тай ошақ деп атады.

Қазақ халқының ыдыс-аяқтарының ішіндегі күнделікті тұрмыста өзіндік орны бар түрі – келі. Келі дегеніміз – бидай, тары сияқты дақылдарды түюге, ақтауға арналған құрал. Келіні жуан және қатты тұтас ағаштан үңгіп, ойып жасайтын болған. Орнықты болуы үшін түп жағын қалың қалдырады. Түбінен жоғары 10-15 сантиметрдей жерінен бунақтап ойып, жоғарғы жағын қиғаштап сәл жіңішкертіп бел жасайды. Кейбір жерлерде сол ойған жердің ағашын тұтас қалдырып, ұстайтын тұтқа қалдырады. Ішін әбден үңгіп болғаннан кейін тегістеу үшін және ағаш шайырланып



қатаюу үшін отпен қариды. Келінің биіктегі 70-80, диаметрі 30 сантиметрдей болады.

Тарыны тую үшін *келсап* (келісап) керек. Оны ұзындығы 1 метрдей, диаметрі 15 сантиметрдей жұмыр ағаштан жасайды. Түйгенде келінің жиегі қолға тимейтіндей етіп орта тұсынан екі қолмен ұстайтындай ойып жұмырлайды.

«Жақсы келін келі, жаман келін келсап» мәтелі айтып тұрғандай келі-келсап бағзыда ұзатылған қыз жасауындағы мүліктің ішіндегі маңыздысы саналған. Өйткені халық наным-сенімінен туындаған әдет-ғұрыпқа байланысты құбылыс екендігі даусыз.

XIX-XX ғ. басында қазақтардың ыдыс-аяқтарына да өзгеріс ене бастады. Металдан, фарфордан, фаянстан жасалған ыдыстарды қолданатын болды. Жағдайы жақсы қазақтар күміс қасықтар, қымыз сақтауға фарфор ыдыстарды пайдалана бастады. Фабрикада жасалған қымыз бен айран ішу үшін пайдаланылатын ағаш аяқтар – «сырлыаяқтар» кеңінен қолданысқа енді.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақтар арасында ең кең тараған орыс ыдыс-аяқтары фарфор кеселер, шыныаяқ, шәйнектер болды.

Кенес өкіметі кезеңінде үйлерде тамақ дайындауға арналған газ плиталары пайда болды. Сондай үдерістердің әсерімен ыдысаяқта да өзгерістер пайда болды. Бұрынғы дәстүрлі ыдыстардың кейбір түрлері ғана сақталды. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысатын Маңғышлақ, Гурьев және Орталық Қазақстанның кейбір жерлерінде саба, торсық, күбі, қазан, самаурындар мен кесені қолданды. Газ плиталар бар жерлерде енді қазандар мен самаурындар жазғы ас үйлерге шығарылып, оның орнына эмальданған шәугімдер мен электр шәйнектер және самаурындар қолданыла бастады. Эмальданған, никельденген, алюминий, фаянс, фарфор және шыны ыдыстар қолданысқа дендеп енді.

### **Киіз үй жиһаздары:**

**Шай аяққап** – кесе сынып қалмауы үшін киізден ыңғайлап пішіліп, неше түрлі кестеленіп тігілген ыдыс. Оңтүстік облысындағы қазақтардың тілінде «кесеқап» деп аталса, Батыс Қазақстан аудандарында «шау аяққап», «шай сандық» деп аталады. Биіктігі – 60 см, ені – аузының диаметрі 30 см болады.

**Шәйнекқап** – шай қайнататын шәугімнің қабы. Кесеқаптан

кішілеу, төбесінде шашағы, кестелеген екі бауы болады. Бұл бұйымдар ыдыстарды сындырмай сақтауға арналған. Кесеқап пен шәйнекқаптар кішігірім жүннен басылған ақ киіздің бөлшектеріне ою-өрнек салынып жасалған.

**Жер жастық** – киізден жасалған үй жасауы. Қазақта көне заманнан жаппай тұтынған мүлік. Оңтүстік облыстарда ішіне мақта, жүн толтырған матамен тысталған.

Қазақтар киізден бұдан басқа да көптеген: аяққап, кесеқап, кірқап, керегеқап, уыққап сияқты, ат жабу, түйе жабулар, тоқымның неше түрін, ондай-мұндай заттар салатын неше түрлі ыдыстар мен қапшықтар, т.б. нәрселер жасаған.

**Аяққап** – киізден шашақтап, әшекейлеп, жасалған ыдыс-аяқ салатын дорба. Қазақ халқының тұрмысында ертеден сақталып келе жатқан, күнделікті тіршілігінде қолданылып, әлі де болса малшы ауылдың босағасынан қазылған жер ошақтың маңынан орын алып, қазан басындағы аяқ-табақты жинақтап, таза сақтау үшін жасалған қойшы мен жылқышының, түйеші мен сиыршының үй мүлкінің бірі. Аяққап негізінде қоңыр киізден, ақ киізден де ою-өрнектеліп, безендіріліп, шашақ салынып жасалады. Қарақалпақ қазақтары оны «кергі» деп атайды.

Аяққап, кір салғыш, қолдорба терме алашадай өрмек құрылып, тоқылып дайындалмаған. Бұл заттарды кішкене кілем, алашалардың өрнекті тұсын ойып алып, содан жасай берген.

**Қоржын** – өрмек құрып тоқылатын бұйым. Ұзындығы 120 см, ені 50 см болады. Ең әуелі қоржынның ұзындығына қарап астын тоқиды, содан соң екі шетінің үстіне өрнектелген төртбұрышты екі ою (көлемі 50x50 см бөлек тоқылған) салынып тігіледі. Сонда қоржынның екі шетінде қалталар пайда болады.

Тоқылу әдістеріне байланысты қоржындар түсті және түксіз (тақыр) болып екі түрге бөлінеді. Кілем, терме алашалардың өрнектері түсірілген қоржындар жиі кездеседі. Қоржынды жайлауға шыққанда, күнделікті тұрмыста көлікпен зат және тамақ алып жүруге пайдаланады.

**Кесеқап** – дөңгелек формалы, жоғарғы жағында шашақталған қақпағы, қабырғасында өріп жасалған бауы бар, күнделікті тұрмыста, көшіп-қонуда ыдыс-аяқ сақтауға арналған бұйым. Кесеқаптың биіктігі 30-35 см, түбінің диаметрі 10-15 см болады.

Көлік үстінде алып жүруге ыңғайлы. Мұны ақ киізден өрнек салып, кейде құрақтан құрап жасайды.

**Керме** – киім-кешек, ондай-мұндай жұмсақ заттарды салатын, киізден бетіне неше түрлі ою-өрнек жүргізілген кестелі төгілме шашақты екі жағында күлтеленген бауы бар, бір жағынан сәндік үшін тұтынылатын зат. Көлемі – 50x100 см.

**Әбдіре жапқыш** (сандыққап) ақ киізден ою-өрнекті жиектеп салып, кейде мауытыдан, барқыттан кестелеп тігіледі. Бұл бұйым көшіп-қону үстінде сандықтың ою-өрнегін, жаққан бояуларын сақтау үшін пайдаланылған. Сонымен бірге әсемдік үшін де қолданылады.

**Шай киіз** – ерте кезден қолданылған, ұзындығы 1-1,5 м келетін шымқай қара жүннен жұқа етіліп басылған, жиегі тегіс кестеленіп, түсті жіппен өрнектелген дастарқан.

**Студенттерге арналған пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақ халқының ыдыс-аяқтары қандай материалдардан жасалды?
2. Қазақ халқының дәстүрлі ыдыстарының қандай түрлері болды?
3. Киіз үй жиһаздары қандай болды?
4. Орыс халқымен араласу барысында ыдыстар мен жиһаздарда қандай өзгерістер пайда болды?
5. Кеңес дәуірі кезеңіндегі ыдыс-аяқ пен үй жиһаздарында қандай өзгерістер болды?

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алғанда, көптеген ғылыми тұжырымдар мен зерттеу еңбектерін назарға алсақ, кез келген этникалық топтың, этностың тарихи-мәдени даму эволюциясы үнемі үздіксіз әсер ететін көптеген қозғаушы күш, себептердің, факторлардың ықпалымен дамып ілгерілейді. Бұған табиғи-биологиялық жағдай, саяси-әлеуметтік ахуал, мәдениет-себеп әсерлері атсалысқан кешенді іс-қимыл, әрекеттер әсер етеді.

Осыған сәйкес қазақ халқының материалдық мәдениетінің де (баспанасы, киімі, тағамы) пайда болып, дамып, ілгерілеуіне осындай қозғаушы күштердің әсері болғаны даусыз.

Осы материалдық мәдениетті жасаушы халық арасындағы он саусағынан өнер тамған көптеген ісмер, шеберлердің де еңбегі орасан зор. Халқымыздың сонау мәдени өміріне ой жүгіртіп көрсек, ісмер, зергерлердің, қолөнер шеберлерінің мыс, қола, алтын, күміс сияқты металдардан қорытып, әсем бұйымдар мен елін қорғаған батырлар үшін қару-жарақ, сауыт-сайман, ер-тұрман соққаны таңғажайып шежіре болып шертіледі. Олардың көбінің аттары аталмай қалғанымен, қолтанбалары түскен өшпес мәдени мұралары кейінгі ұрпақтар өміріне өнегелі үлгі, әсемдікке баулитын өнер салтанатына айналуға.

Материалдық мәдениет туындыларын жасаушы қолөнер шеберлерінің өнері әрбір халықтың көне тарихымен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан дәстүр екендігі баршамызға белгілі. Қарапайым халықтың бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талғай да білген. Қазақ халқының баспанасы, оны безендіруі, киім үлгілері, зергерлік туындыларына қарай отырып, оның эстетикалық талғамының өте жоғары деңгейде болғанын көре аламыз.

Қазіргі кезде тарихи-этнографиялық музейлерде сақталған дәстүрлі баспана түрлері, оның жиһаздары, киім түрлері, ыдыс-

аяқ, сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге-моншақтар, алтын, күмістен және асыл тастардан жасалған құнды заттар халық шеберлері қалдырған баға жетпес асыл мұра болып табылады.

Халық шеберлері жасаған осындай өнер туындылары күні бүгінге дейін өз құнын жойған емес, керісінше қазіргі таңда ұлттық бұйымдарға деген қызығушылық пен сұраныс күннен-күнге өсу үстінде. Оған әр жерлерде өтіп жататын халық шеберлерінің көрмелері мен жәрмеңкелері айғақ бола алады.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму эволюциясы өте ертеден, қазақ халқының құрамына кірген тайпалар мен халықтардың мәдениетінен бастау алады. Материалдық мәдениет түрлерінің көнелілігін осы мәдениет элементтерінің Орта Азия, Шығыс Түркістан, Волга бойы және Сібір халықтарында да кең таралғандығынан көруге болады. Бұл халықтардың материалдық мәдениет бұйымдарында ортақ белгілер мен элементтер, аталуында да ұқсастықтар көптеп кездеседі. Мұндай ұқсастықтардың болуы, сондай-ақ ерте замандардан үзілмей келе жатқан этникалық және мәдени сабақтастықты да көрсетеді.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі:

1. *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
2. *Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағамбетов Т.* Қазақстан археологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 294 б.; 39-40 б.
3. *Востров В.В., Захарова И.В.* Казахское народное жилище. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 181 с.
4. *Востров В.В., Кауанова Х.А.* Материальная культура казахского народа на современном этапе. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 231 с.
5. *Жәнібеков Ө.* Жолайрықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 112 б.
6. *Марғұлан Ә.Х.* Ертедегі Қазақстанның қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан.

### Қосымша:

1. *Марғұлан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: Наука, 1986. – Т.1. – 225 с.
2. *Муканов М.С.* Казахская юрта. – Алма-Ата: Қайнар, 1980. – 223 с.
3. *Ноянов Е.Н.* Алматы және Жамбыл облыстары қазақтардың елді мекендері мен тұрғын үйлері. – Алматы, 1996.
4. *Сандыбаева А.Д.* Қазақ халқының еттен жасалған тағамдары.
5. *Тохтабаева Ш.Ж.* Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 474 с.
6. *Шәлекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 173 б.
7. *Бекназаров Р.* Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. – Алматы: Типография ОП, 2005. – 160 б.
8. *Қатран Д.* Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесі: т.ғ.к... дисс. – Алматы, 1995. – 182 с.
9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы (серия). I том: «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі (иллюстрацияланған ғылыми каталог)». – Алматы: Өнер, 2009. – 356 б.
10. *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы, 1993. – 212 б.

**«Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті»  
пәні бойынша СООЖ-ге арналған тапсырмалар мен  
әдістемелік нұсқаулар**

**1-тақырып: Революцияға дейінгі зерттеушілер мен орыс саяхатшыларының еңбектеріндегі қазақ халқының материалдық мәдениетіне қатысты мәліметтерді саралау.**

**Мақсаты:** Студенттерді деректер мен тарихнамалық ғылыми еңбектермен таныстыру. Қазақ халқының материалдық мәдениетін оқу мен зерттеудегі археологиялық, этнографиялық ғылымдардың маңыздылығын зерделеу.

Өткізу түрі: Реферат түрінде өткізу.

**2-тақырып. Археологиялық қазба нәтижелерінде табылған Қазақстан территориясындағы тайпалар мен рулардың әшекей бұйымдарының көне түрлері.**

**Мақсаты:** Сабақ мазмұны Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалар мен рулардың зергерлік өнерінің тарихи кезеңдерін, ерекшеліктерін, дамуын жан-жақты ашады.

Өткізу түрі: Конспект түрінде тапсыру.

**3-тақырып: Дәстүрлі тағамдану жүйесінің экологиялық жүйемен және шаруашылық түрімен байланысы.**

**Мақсаты:** Қазақтардағы тамақтану жүйесінің құрылымы, сүт, өсімдік тағамдары, ұн, нан өнімдері, тағамға байланысты әдет-ғұрыптар, қазақтардың ыдыс-аяқтары сияқты мәселелерді саралау.

Өткізу түрі: Реферат түрінде өткізу.

**4-тақырып. Транспорт және тасымалдау тарихы.**

**Мақсаты:** Көлікпен тасымалдау тарихнамасы мен деректер, тасымал құралдары туралы зерделеу.

Өткізу түрі: Конспект түрінде тапсыру.

**5-тақырып: Қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар.**

**Мақсаты:** Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, Е. Масанов сияқты қазақ ғалымдарының еңбектерімен жете танысу. Олардың этнография ғылымы үшін қосқан үлестеріне ғылыми баға беру.

Өткізу түрі: Ғылыми баяндама жазу.

**6-тақырып: Ұлттар арасындағы мәдени сабақтастық (жақсылығы мен кемшілігі).**

**Мақсаты:** Қазақстан территориясында мекендеп отырған әртүрлі ұлттар арасындағы мәдени сабақтастыққа саралау жүргізу, өзге ұлттардың қазақ халқының мәдениетіне әсерін жан-жақты талдау.

Өткізу түрі: Дөңгелек үстел.

**7-тақырып: Еуропа мәдениетінің әсеріне (еліктеушілік) байланысты мәдениеттегі өзгерістер.**

Өткізу түрі: Пікірталас.

**8-тақырып. Қазақ халқының дәстүрлі ыдыс-аяқтары.**

**Мақсаты:** Ыдыс-аяқ түрлері, жасалу технологиясы, ыдыс-аяқ жасауға қажетті материалдар және теріден, ағаштан, темірден жасалған ыдыстар, фабрикалық өнімдерді қолдану туралы білімді толықтыру.

Өткізу түрі: Баяндама түрінде өткізу.

**Пәнді оқыту барысында қолданылатын құрал-жабдықтар:** иллюстративті материалдар, слайдтар және т.б.



**«Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті»  
пәні бойынша СӨЖ тақырыптары**

1. Қола дәуірінің тұрғын үйі мен қоныстары.
2. Ұлттық киімге қатысты деректер.
3. Ауыл шаруашылығы құралдары.
4. Сақтар мен савроматтардың қоныстары.
5. Қазақ халқының ою-өрнектері. Түрлері.
6. Темірден жасалған бұйымдар.
7. Қаңлылардың қоныстары мен қалалары.
8. Ұлттық киім түрлері.
9. Қазақ халқындағы зергерлік бұйымдар.
10. Ортағасырлық қалалардың зерттелуі.
11. Қазақ халқының әшекей бұйымдары.
12. Қала мәдениетінің дамуы.
13. Қазақ халқының ас-тағам мәдениеті.
14. Қазақтардағы қосалқы шаруашылықтың түрлері.
15. Киіз үй тарихы.
16. Қазақ халқының тамақтану жүйесі.
17. Ә. Марғұлан – этнограф ғалым.
18. Орта ғасыр қалаларының архитектурасы.
19. Қазақ халқының егін шаруашылығы.
20. Х. Арғынбаевтың этнографиялық еңбектері.
21. Киіз үй құрылысының семантикасы.
22. Оңтүстік Қазақстандағы архитектуралық ескерткіштер.
23. Мешіт, медресе құрылыстары.
24. Қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяғы.
25. Киіз үй жабдықтары.
26. М.С. Мұқановтың этнографиялық еңбектері.
27. Суару жүйесі және оның құрылымы.
28. Киіз үйге байланысты әдет-ғұрыптар.
29. Қазақ халқының музыкалық аспап түрлері.
30. Отырықшы қоныстар мен мекен-жайлар.
31. Қазақ халқының аң аулау кәсібі.
32. ХІХ ғасырдағы қазақтардың тұрғын үйлері.
33. Қазақ халқының дәстүрлі киімінің түрлері.
34. Темірден жасалған бұйымдар.

35. Ағаштан жасалған бұйымдар.
36. Киізден жасалған бұйымдар.
37. Қазақ халқының ұсталық өнері.
38. Қазақ халқының сүттен жасалған тағамдары.
39. Қазақ халқының еттен жасалған тағамдары.
40. Қазақ халқының қолөнері.
41. ҚР Орталық мемлекеттік музей қорындағы киім-кешектер.

«Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті»  
пәні бойынша ұсынылатын материалдар



**1-сурет.** Соқа. Ағаш. XX ғ. басы.  
Тарбағатай аудандық өлкетану музейі, Ақсуат ауылы



**2-сурет.** Келі, астау. Ағаш. XX ғ. басы.  
Тарбағатай аудандық өлкетану музейі, Ақсуат ауылы



**3-сурет.** Томаға. Тері. ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**4-сурет.** Киіз үй. ХХ ғ. ортасы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**5-сурет.** Киіз үйдің ішкі жабдықтары. XX ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**6-сурет.** Асадал. Ағаш, сүйек. XIX ғ. аяғы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**7-сурет.** Жастық ағаш. Ағаш. XX ғ. аяғы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы.



**8-сурет.** Сандық. Ағаш. XX ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**9-сурет.** Жүк аяқ. Ағаш, сүйек. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**10-сурет.** Сандық. Ағаш. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**11-сурет.** Текемет, сырмақ, түскиіз. XX ғ.  
Семей қалалық өлкегану музейі, Семей қаласы



**12-сурет.** Жұқаяқ. Ағаш. XX ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы






**13-сурет.** Этажерка. Ағаш, сүйек. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкегану музейі, Семей қаласы



**14-сурет.** Түлкі ішік. XX ғ. басы.  
Тарбағатай аудандық өлкегану музейі, Ақсуат ауылы



**15-сурет.** Белбеу түрлері. XIX ғ. аяғы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**16-сурет.** Кісе. Найман елінде тұңғыш қажылыққа барған шал қажы Дондағұлұлының кісесі. Тері, күміс. XIX ғ. аяғы. Тарбағатай ауданы, Қызыл кесік ауылындағы мешіттегі музей, Қызыл кесік ауылы



**17-сурет.** Ішік түрлері. XX ғ. басы.  
Тарбағатай аудандық өлкегану музейі, Ақсуат ауылы



**18-сурет.** Әйел аяқ киімі. Тері. XIX ғ. аяғы.  
Семей қалалық өлкегану музейі, Семей қаласы




**19-сурет.** Шашбау. Күміс. ХІХ ғ. аяғы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**20-сурет.** Білезік. Күміс. ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**22-сурет.** Әйелдің әшекей заттары. Күміс. XIX ғ. аяғы. – XX ғ. басы. Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**22-сурет.** Белбеу түрлері. Тері, күміс. XIX ғ. аяғы. Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**23-сурет.** Кимешек. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**24-сурет.** Әйел көйлегі мен шолақ жең қамзолы. XX ғ.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**25-сурет.** Шапан. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**26-сурет.** Ағаш төсек. Ағаш, сүйек. XX ғ. басы.  
Тарбағатай аудандық өлкетану музейі, Ақсуат ауылы



**27-сурет.** Ыдыстар. Ағаш. XX ғ.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**28-сурет.** Кесеқап. Тері. XIX ғ. аяғы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы





**29-сурет.** Торсық. Тері. XX ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**30-сурет.** Саба. Тері. XIX ғ. аяғы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**31-сурет.** Шара. Ағаш, күміс. XX ғ. басы.  
Өскемен қалалық өлкетану музейі, Өскемен қаласы



**32-сурет.** Табақ. Ағаш. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**33-сурет.** Ожау түрлері. Ағаш. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**34-сурет.** Жамбы. Тайтұяқ. Күміс. ХІХ ғ. аяғы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы



**35-сурет.** Бесік. Ағаш. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**36-сурет.** Ашамай. XX ғ. ортасы.  
Жасаған Ережепова Пәрзәнә. 1921 жылы туған.  
Зайсан ауданы, Жалши ауылы. 2003 жыл



**37-сурет.** Ертоқым. Найман ер. Ағаш, күміс. XX ғ. басы.  
Семей қалалық өлкетану музейі, Семей қаласы



**38-сурет.** Ер тоқым. Ағаш күміс. XX ғ. басы.  
Өскемен қалалық этнографиялық музейі, Өскемен қаласы

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
---------------	---

### I тарау

#### **Қазақстан территориясындағы қоныстар мен тұрғын үйлердің көне дәуірдегі, орта ғасырдағы, жаңа және қазіргі замандағы дамуы**

1.1 Мәселенің деректері мен тарихнамасы .....	6
1.2 Қазақстан территориясындағы көне дәуірлердегі қоныстар мен тұрғын үйлер (тас ғасырының қоныстары мен баспаналары және қола дәуірінің тұрғын үй мен қоныстары (б.д.д. XIII – VIII ғ.)) .....	12
1.3 Тайпалық одақтар мен ерте мемлекеттер (сақтар мен савроматтар, қаңлылар) кезеңіндегі қоныстар мен тұрғын үйлер (б.з.д. VII ғ. – V ғ.).....	19
1.4 Ерте және дамыған ортағасырлық қалалар, қоныстар және тұрғын үйлер (VI–XII ғ.) .....	24
1.5 Ортағасырлық мемлекеттер мен Қазақ хандығы дәуіріндегі (XIII–XVII ғ.) қалалар, қоныстар мен тұрғын үйлер.....	35
1.6 Киіз үй – Еуразия далалары көшпенділерінің көне тұрғын үй түрі .....	40
1.7 Ресей империясы құрамындағы Қазақстанның қоныстары, тұрғын үйлері мен қалалары (1734-1917 ж.).....	45
1.8 Қазақстанның Кеңес дәуіріндегі және тәуелсіз дамуы жылдарындағы қоныстар мен тұрғын үйлер және қалалар.....	54

### II тарау

#### **Киім және зергерлік бұйымдардың көне дәуірдегі, орта ғасырлардағы, жаңа және қазіргі замандағы кешені**

2.1 Мәселенің деректері мен тарихнамасы.....	61
2.2 Қазақстан территориясындағы тайпалар мен рулардың киімдері және әшекей бұйымдарының көне түрлері туралы.....	64
2.3 Ғұн, қаңлы, үйсін, сақтардың киімдері мен әшекейлері.....	68

2.4 Орта ғасырлар және Қазақ хандығы дәуіріндегі әшекейлер мен киімдер кешені .....	73
2.5 XIX-XX ғ. басындағы дәстүрлі киім-кешек кешені .....	77
2.6 XIX-XX ғ. басындағы дәстүрлі зергерлік бұйымдар және әшекейлер кешені .....	87
2.7 Кеңес дәуірі мен тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ халқының киімдеріндегі өзгерістер .....	96

### III тарау

#### Тамақтану жүйесінің дамуы мен ыдыс-аяқ: дәстүрлер және инновация

3.1 Қазақ халқының ас-тағам мәдениетінің деректері мен тарихнамасы .....	100
3.2 Дәстүрлі тағамдану жүйесінің экологиялық жүйемен және шаруашылық түрімен байланысы .....	105
3.3 Тамақтану: тәртібі, құрамы, этикет .....	111
3.4 Қазақтардың тамақтану жүйесінің өзгеруі .....	115
3.5 Дәстүрлі ыдыс-аяқ және жиһаздар .....	119
Қорытынды .....	124
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі .....	126
Қосымшалар .....	127

Оқу басылымы

*Егізбаева Меруерт Қарпыққызы*

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ  
ДӘСТҮРЛІ  
МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТИ**

Оқу құралы

Редакторы *Керіміе Сәбит*

Компьютерде беттеген *Сәуле Сарпекова*

Мұқабасын көркемдеген *Ринат Сқақов*

**ИБ №5906**

Басуға 07.09.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Көлемі 20,62 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №910.

Таралымы 150 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.